


Шермұхамбет БАЙБОСЫНҰЛЫ

# ҒҰМЫР ҒИБРАТТАРЫ



Жезқазған - 2021

УДК 821.512.122  
ББК 84 (Қаз)  
Ш 48

Шермұханбет БАЙБОСЫНҰЛЫ.  
Ғұмыр ғибраттары -Жезқазған: «Полиграфия  
АСАР», ЖК «Битанова С.Д.», 2021. -160 бет.  
Ш 48

ISBN 978-601-06-7713-5

*Бұл кітапқа соғыс және еңбек ардагері, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, көптеген жылдар қалалық Ардагерлер Кеңесіне басшылық жасаған Шермұхамбет Байбосынұлының көзбен көріп, көңілге түйген ойлары, ғибратты әңгімелері, сүбелі сұхбаттары және замандастарының, іні-қарындастарының естеліктері, ақындардың арнау өлеңдері топтастырылған. Кітап жалпы көпшілікке арналған.*

УДК 821.512.122

ББК 84 (Қаз)

© БАЙБОСЫНОВ Шермұханбет, 2021



**I-бөлім**

*Ғөзбен көрген,  
көңілге түйген*

*«Екі ғасырдың куәсі болу бақыты бұйырды. Жылдың жылжығанын, айдың алмасқанын ғана емес, ғасырдың көш ауыстырғанын көрдім.*

*Екі дәуірді көзім көрді. Кешегі коммунистер билеген Кеңестік кезеңде өмірге келіп, сол жүйеге шын жүрегімізбен сене жүріп, ақ адал, маңдай теріміз төгілді. «Қазақ енді өз алдына Тәуелсіз елге айналады!» деген сүйіншілеген хабарды алғаш естігенде сенер-сенбесімізді білмей, абдырап қалдық. Енді, міне, Тәуелсіздіктің жемісін жеп жүрміз. Ел – аман, жұрт – тыныш. Өткен тарихпен, салт-дәстүрмен қайта қауышып, келешекке көз тастау бақыты бұйырған қазіргі жас ұрпақ қандай бақытты?! Сондықтан да, соны көріп, сезініп отырғандықтан мен де өзімді қалайшы бақытты санамайын? Бақыттымын, әрине. Ризамын тағдырыма!»*

***Шермұхамбет Байбосынұлы.***

## АТАМЕКЕН. АТАЖҰРТ

Кісі жасы келген сайын алға қараудан гөрі кейінге көбірек көз тастайды. Қалай өмір сүрдім? Не көрдім? Не сездім? Не түйсіндім? Соңымнан ерген ұрпағыма нені өсиеттеп кетемін?. Міне осындай және осы тақылеттес сұрақтар өз-өзінен ойға оралады, санаңды шымырлатады. Адам баласы өмірге, жарық дүниеге тоймайды. Әрине, бәріміз де бұл жалғанға аздыкүн қонақ екенімізді білеміз, бірақ, кеткіміз келмейтінін жасырып та керегі жоқ. Дегенмен, ақиқаттан аттап өте алмайтыныңды сезінгенде, мәңгілік өмірдің есігін де ұялмай аттағың келеді. Бұл үшін өткеніңе ойша оралып, біліп және білмей істеген қателіктерің үшін Жаратқаннан кешірім сұрап, жалбарынып, шапағатына бөленуге ұмтылу абзал.

Қазір менің тоқсанға тақалып қалған жасым бар. Өткенім мен бүгінімді бағамдар болсам, АллаТағала маған жақсы тағдыр, бақытты өмірді нәсіп еткен екен. Әрине, бұған қарап, «бұ кісі қиындық көрмеген, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ өмір кешкен жан болған екен ғой» деп ойлап қалуларыңыз да мүмкін. Менің де басымнан нетүрлі қиын-қыстау күндер өткен. Бірақ, адамда «қанағат», «тәубә», «шүкір» деген болу керек. Мен басқасын айтпағанда, ер етігімен су кешуге, ат ауыздығымен су ішуге мәжбүр болған қанқұйлы соғысты бастан өткерген адаммын. Соғыстың қасында тіршіліктің анау-мынау қиыншылықтары бозда ойнағанмен бірдей.

Екі ғасырдың куәсі болу бақыты бұйырды. Жылдың жылжығанын, айдың алмасқанын ғана емес, ғасырдың көш ауыстырғанын көрдім.

Екі дәуірді көзім көрді. Кешегі коммунистер билеген Кеңестік кезеңде өмірге келіп, сол жүйеге шын жүрегімізбен сене жүріп, ақ адал, маңдай теріміз төгілді. «Қазақ енді өз алдына Тәуелсіз елге айналады!» деген сүйіншілеген хабарды

алғаш естігенде сенер-сенбесімізді білмей, абдырап қалдық. Енді, міне, Тәуелсіздіктің жемісін жеп жүрміз. Ел – аман, жұрт – тыныш. Өткен тарихпен, салт-дәстүрмен қайта қауышып, келешекке көз тастау бақыты бұйырған қазіргі жас ұрпақ қандай бақытты?! Сондықтан да, осы көріп, сезініп отырғандықтан мен де өзімді қалайшы бақытты санамайын? Бақыттымын, әрине. Ризамын тағдырыма!

Біз Ұлы Даланың, соның ішінде Ұлытаудың перзенті екенімізді әрқашан айрықша мақтан тұтуымыз керек.

«Ұлы Дала» – дегеніміз не? Бұл – бір шетінен бір шетіне ұшқан құстың қанаты талатын, ұшы қиырсыз байтақ дала. Сол дала, Ұлы Дала ықылым замандардан бері біздің ата-бабаларымыздың құтты мекені болды. Сол Дала үшін дұшпанымен қырқысты, қанын төкті. Мына ғажапты қараңыз, Ұлы Даланың қақ ортасында Ұлытау тұр. Демек, Ұлытау – Ұлы Даланың кіндігі.

Қазақтың керемет ұлдарының бірі Шерхан Мұртаза «Қазақтың түстігінен де, терістігінен де, шығысынан да, батысынан да жолға шыққан жолаушы Ұлытауға бірдей уақытта жететін болған» деген еді. Рас, ол кісі өзінің сөзін «жеріміз әрлі-берлі көкпарға түспей тұрған замандарда» деп нақтылай да кеткен болатын. Шынында да, қазақтың кең даласы әр дәуірлерде де сырттан сұқтанғандардың көздерін қызықтырып отырды ғой. Жеріміздің шет жағасын өзіне қарай тартып алуға көршілердің қайсысы болса да, кетәрі болмады. Мұндай ойлары іске де асты. Қазақтың «Балқан, Балқан, Балқан тау, Ол да бізден қалған тау» деп, сағынышпен еске алатыны да, Қазтуған жыраудың аузымен «Қайырлы болсын Сіздерге, Бізден бір қалған Еділ жұрт» деп күңіренетіні де бекерден бекер емес. Мұның астарында елдің өткендегі өкінішті тарихы, талайлы тағдыры жатыр.

Жә, өткен өтті, кеткен кетті. Алла Тағала барының берекетінен айырмасын. Ұлытау туралы толғанысқа қайта оралсам...

Бабаларымыз бұл тауға неге «Ұлытау» деп ат қойып, айдар тақты екен? Мені осы сұрақ көп қызықтырды. Ақыры, көп пікірдің арасынан ұлтымыздың ұлы тұлғаларының бірі, ақылдың кені, білімнің теңізі іспетті замандасымыз, жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбайдың «Ұлытаудың «Ұлы» атануы тауының биіктігінен, суының көптігінен емес, тарихтың естен кетпес елеулі оқиғаларында бүкіл ұлы қауымның бас қосқан, ортақ шешімге келген жері болғандықтан «Ұлытау» атанған» деген тұжырымын өзім дұрыс санаймын. Сан ғасыр сан тарихтың түйінін тарқатқан Ұлытау! Мұнда кімдер келіп ат шалдырмаған, кімдер келіп жұпар ауасымен тыныстамаған, кімдер келіп тұнық суын сіміре жұтпаған?!

Жалған дүниеде жалпақ әлемге сыймаған мықтыларды да мәңгілікке табыстырған осы Ұлытау! Оған анау Едіге мен Тоқтамыс куә! Бірімен бірі айқасып, шайқасып өткен қос арыстан Ұлытаудың ең ұшар биігінде қатар жатыр. Неге? Өйткені, олардың екеуі де өзіне топырақтың Ұлытаудан бұйырғанын қалаған. Солай болған да!

1935 жылғы тамызда ғалым Қаныш Сәтбаев тау-тасты аралап жүргенде ғажайып олжаға кезікті. Ол арап қарпіндегі жазу қашалып жазылған қаратас болатын. Өкінішке орай, тас дереу Эрмитажға жөнелтілді. Орысқа бағынышты заман ғой, басқаша болуы мүмкін де емес еді. Сөйтсек, бұл тас атақты Ақсақ Темірдің қалдырған қолтаңбасы екен. Мұнда *«Қайырымды, мейірімді Алланың атымен бастаймын! Өмірді және өлімді беруші де данамыз! Тарихтың жеті жүз тоқсан бірінші қой жылы, жаздың ара (шілде) айы Тұранның сұлтаны Темір бек екі жүз мың әскермен Алтын Орданың ханы Тоқтамысқа қарсы соғыспаққа жүрді. Бұл жерден өтіп бара жатып белгі болсын деп қорған тұрғызып, жазу қалдырды. Тәңірім нәсіп берсін! Тәңірім ел адамдарына рақым қылсын! Олар бізге дұға арнап, еске алсын! Әмин! Тұранның*

*сұлтаны Темір бек»* деп жазылғанын кейін ғалымдар анықтады. Соны дәптерімнің бір шетіне түртіп қойып едім, содан алып, осында жазып отырмын. Қазір Ұлытаудың Алтыншоқысында әлгі тастың көшірмесі тұр. Ал, тас – жәдігердің өзін орыс ағайындар қайтарғысы жоқ. Өкінішті дейтінім де сондықтан. Осыдан-ақ Бостандық пен Бодандықтың арасалмағын бағамдауға болады.

Ұлытау XVII–XVIII ғасырлардағы жоңғар басқыншылығы қазақты жер бетінен жоқ етіп, жойып жібергісі келгені баршаға мәлім. Әрбір шешуші шайқас алдында ұлтымыздың беткеұстарлары Ұлытаудың етегіне жиналып, мәжіліс құрған, ақылдасқан, кеңескен. Жоңғарлардың ең алғашқы күйрете соққы алғаны да – Ұлытау төңірегі, нақтылап айтқанда, Бұланты шайқасы. Бұдан соң Аңырақайда қайта бас көтерместей ойсырай жеңілген жоңғарлар ақырында жер бетінен өздері жойылып кетті.

«Әлбетте, қазақты қазақтан басқа ешкім де сақтап қала алмайды. Егер Бұланты мен Аңырақайдағы жеңістер болмаса, Қазақ Ордасы осыдан үш жүз жыл бұрын мүлде тозып, құрып біткен Ноғай Ордасының кебін киері анық-тын. Тоқтау көрмеген жоңғар қалмағы енді бірер серпіннен соң Еділ қалмағымен тоғысар еді. Сарыарқадан айырылған соң қазақтың барар жері, басар тауы қалмас еді. Хандық садаға, халқының өзі құрып кетер еді». Не деген сөздер! Тарихи Ерлікке берілген ғажайып баға! Осыны да оқыған бойда сүйсініп, дәптерге жазып қойғам, енді міне, көпке ұсынудың реті келіп отыр. Ал, сөз кімдікі дейсіз ғой! Бұл кешегі кеңес заманында ұлттық әдебиет тарихын анау Сыпыра жырау, Доспамбет жырауларға шейін тереңдете зерттеген, кейін атақты «Аласапыран» тарихи романын жазған қазақтың марқасқа жазушысы Мұхтар Мағауин!

Жерінің үсті – тұнған тарих, асты – таусылмас қазына. Бұл қай өңір? Әрине, Ұлытау! Біздің дәуірімізге дейінгі

V ғасырда өмір сүрген ғұлама Геродоттың жазбаларында Ұлытау туралы жазылған көрінеді. Жазылғанда не деген дейсіз ғой?! «Бұл өлке мыс кеніне өте бай» деп жазып кеткен екен. Мұны біздің ғалымдардың жазғанынан оқып, білгенімде таң қалдым. Геродоттың заманы қайда, біз қайдамыз? Қазақтың данышпан ұлы, ғалым Қаныш Сәтбаевтың «Ең қарапайым есептеулердің өзі көне замандарда Жезқазған алқабынан кем дегенде бір миллион тоннадан артық, құрамы мысқа бай кен өндірілгенін көрсетеді» деген ғылыми тұжырымы Ұлытау өлкесінің қазба байлыққа мол екенін нақтылай түседі. Міне, Ұлытау осындай ғажап өңір, аңыз өлке. Осындай топырақта дүниеге келгенін әркім де мақтаныш етуге қақылы. Маған Тәңірден осындай бақыт бұйырды.

Біздің атамекен, атақонысымыз халық «Рудник» атап кеткен Жезқазған поселкесінен 50 шақырымдай жердегі «Қызылжар». Құдайдың бір бере салған жері. Құнарлы да шұрайлы. Балалық шағым осында өтті ғой, сол кездің суреттері әлі күнге көз алдымда. Әсіресе, көктем, жаз мезгілінде мүлдем адам қиялы жетпестей кереметтеніп, ұзатылғалы отырған қыздай жасанып кетуші еді. Өзен жағалай ақшаңқан киіз үйлер... желі толы байлаулы құлын... Суға шомыла барғанда Қаракеңгірдің тайдай тулаған балығымен алысып та қайтатынбыз.. Ия, ол кезде ел де, жер де бөлекшелеу еді.

Бұл жер бізге қалай бұйырған? Осындай сұрақ та туындауы мүмкін ғой, білгенімше айта кетейін. Біздің ұлы атамыз Төлендінің екінші ұлы Әлкеннің баласы Еділбай деген кісі Ұлытаудың жанындағы Қызылтаудың Нөгербек дарасында атақты Сандыбайдың Ерденімен қоңсылас болғанға ұқсайды. Еділбай атамызға мал біткен кісі екен, мекен еткен жерлері малға да, жанға да тарлық ете бастайды. Ол кісінің бәйбішесі күйеуінен кейін отыратыны болмаса, аса ақылды жан болыпты. Сол кісі бірде атамызға «Анау Ерден аға сұлтан болды. Елдің де, жердің де иесіне айналды. Өздерің досжар

адамсындар, сұлтанға барып, қоныс ететін жер сұрап көргенің дұрыс-ау» деген ақыл қосады. Өзінің де ойында жүрген шаруа ғой, содан атамыз көп ұзатпай Ерден сұлтанның үйіне қарай жолға шығады. Сұлтан атамызды құрметтеп, қонақ етіп күтіп, кетер уақыт тақалғанда жүрістің мәнісін сұрайды. Ол кезде кісі келген шаруасын бара сала айтпайды, дәм ішіп, дастархан жиылған соң ғана барып қозғайтын болған. Ерден сұлтан Еділбай атамыздың қолқасын білген соң, «Таңдауыңызды айтарсыз, құнына елу байтал бересіз» дейді. Сонымен, елге оралған атамыз қасына жер-суды жақсы білетін Кедел есімді жиенін шақырып алып, шаруаның мәнісін түсіндіреді. Содан Кедел жер аралап біршама жүрген соң, қайта келгенде өзінің көңілі Қызылжарды қалағанын айтады. «Мал өсіруге шөбі – шүйгін, суы – мол екен» деп, тоқтамының себебін түсіндіреді.

Сөйтіп, қоныс етпек жеріне көңілі толғаны соншалық айтылған сөз, қол алысқан уәдеден де асып түскен Еділбай атамыз малының арасынан таңдап жүріп біртүсті жүз байталды Ерден сұлтанның алдына салып берген деседі. Нақты қасында тұрған ешкім жоқ қой, бірақ, ескілікті әңгіме желісі осындай. Міне, менің кіндік қаным тамған Қызылжардың арғы тарихы осылайша өріледі.

Бүгінгінің балалары секілді емес, біз кезінде үлкендерге үйірсек болып өстік. Тіпті, бізді сол үлкен кісілердің әртүрлі тақырыптарды қозғайтын әңгімелері тәрбиелеп, есейтті десе де болғандай. Үлкендер де қазіргідей емес-тін. Олар өзара әңгіме-дүкен құрғанда елдің, жердің тарихын, өткен шежіресін сөз етіп отырар еді. Айталық, кейін кино болып шыққан «Жаужүрек мың бала» туралы сол бала кезімде есіткен едім. «Шұбар теңіз маңында болған шайқаста қазақтың өрімдей мың баласы атқа қонып, қолдарына жау жарағын алып, ұлымызды құл етіп, қызымызды күң етпек болған шүршіттерге жойқын соққы беріп, қазақ қолының үстем болуына зор үлес қосқан екен» деп айтылатын еді тарихтың қатпарынан сөз

қозғағандардың әңгімесі. Әсерлі естілетіні сондай, қиялға беріліп, өзімді өрімдей жас қыршындардың ортасында жүргендей, жаумен шайқасып, найзаласып жатқандай күйге түсетінмін. Сол соғыстарда ерлік көрсеткен Сағындық, Түйте, Төлек, Жаулыбай және т.б. батырлар туралы керемет әсерлі әңгімелер айтылатыны есімде.

Ескілікті шежіреге қарағанда Наймандар Ұлытау өңіріне Шыңғысхан, Кетбұға заманында келіп орналасқанға ұқсайды. Әрине, әрлі-берлі көшіп-қону болмай қоймаған тәрізді. Дегенмен, XVIII-ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың бас кезінде толық тұрақтап қалған Наймандар осы өңірде өсіп-өніп, тұрмысын жақсартып, тіршілік кеше бастаған секілді.

Біздің қазақ ел ішіндегі дау-дамайды сойылмен емес сөзбен шешкен ғой. Қандай ғажап бір ауыз сөзге тоқтау деген! «Төрт босаға» туралы да алғаш бала кезімізде үлкендерден есіттік, соның мәнін білмекке ұмтылдық. Өйткені, «Төрт құбылаң түгел болсын!» деген баталы сөз бен осы «Төрт босаға» арасында әлдебір байланыс бар секілді сезілетін. Шынында да, солай екен!

«Төрт босаға» дегенде Қадір, Шегір, Бабыр, Сандыбай бабаларымыздың есімдерін еске аламыз. Неге? Өйткені, адам баласына туа бітті тән төрт қасиет осы төртеуінің бойынан табылған. Олар өздерінің сол ерекшеліктері арқылы елдің елдігін сақтаған, босағасының берік болмағын қамтамасыз еткен. Найманның «Төрт босағасы» атанған Қадір би – елдің пірі, Шегір би – қара қылды қақ жарған әділетті биі, Бабыр би – барға мастанбаған, жоққа жасымаған, қасындағының бәріне қайыры тиген мырзасы, Сандыбай батыр – жерін жаудың табанына таптатпаған батыры болған.

Қадір би неліктен пір саналған? Өйткені, төртеуінің арасындағы ең үлкені болған Қадір би атамыз аса ақылды жаратылған, уәлі сөзді, өте діндар адам болған. Төртеуі бас қосып, елдік мәселелерді талқылағанда кесімді сөзді Қадір би

айтқан. Ол кісінің сөзі бұлжымас заң іспетті қабылданған, өзгермеген. Сондықтан, ел арасында «Қадір би – елдің пірі» деген ұғым қалыптасқан. Ал, төртеудің ең кішісі болғанмен, билік айтуға келгенде Шегірдің алдына ешқайсысы шықпаған. Өйткені, оның сөзге шешендігі ғана емес, әрқашан қиыс кетпейтін турашылдығы халықтың көңілінен шыққан.

Сандыбай батыр – ел мен жер үшін болған сан шайқаста жанын шүберекке түйіп қан майданда сыналған хас батыр. Ол «Найманның бас батыры» атанған. Сондықтан да, оның аты елдің ұранына айналған.

Бабыр би бабамыз келбетті, кесек тұлғалы және терісі кең, қолы ашық жан болған деседі. Сондықтан да, оның мырзалығы, елге еткен қайыры оны тірі күнінде-ақ аңызға айналдырып жіберген.

«Төрт босаға» туысына тартпаған, бұрмалаушылыққа бармаған, адалдықтан аттамаған. Сондықтан да, олардың уақытысында ел іші ұйыған береке-бірлікпен тірлік кешкен. Өкінішке қарай, кейін соның көбісінің дерлік көбесі сөгіліп кетті. Бұған заманның өзгерістері де әсер етпей қоймады.

Қазіргі Жезқазған қаласы тұрған жер ертеректе «Наушабай» деп аталатын, ал, Сәтбаев қаласына тақау «БAM» атанып кеткен жасанды көлдің орнында «Досхана» құдығы болатын. Жезқазған поселкесіндегі ағылшындардан қалған ескі шахталардың жұмыс істеп тұрғанын да көрдік. Соның бәрі бүгінде естелік қана. Осындай өңір – менің Атамекен, Атажұртым. Әрине, өмірмен бірге өңір де өзгеріп жатыр. Өмір – сонысымен де өмір.



## ШИРЫҒУ. ШЫҢДАЛУ

«Қазақы бала бала емес» дейтін сөз әліге шейін ара-тұра болса да айтылып қалады. Бір қарағанда, бұлай айту дұрыс емес. Өйткені, қазақы тәрбиеленген бала адал, әділ, сыпайы, көпшіл болып өседі. Сонда мұның несі жаман? Бірақ, заман көші алға жылжыған сайын сол уақыттың биігінен табыла білгеннің аты озады. Алысқанмен алысып, жұлысқанмен жұлысуды айтып отырғаным жоқ. Заманның тілін білу, дәуірдің үнін ұғу қажет. Біз ұрпағымызды соған ұмтылдыра білуіміз керек. «Әйтеуір, аман болсын» деген қазақбайшылыққа салыну баланың ертеңін ойлағандық емес.

Мен мектепте Рудникте оқыдым. Осындағы № 7 мектеп – біздің алтын ұямыз еді. Осында келгенше мен басқасын айтпағанда, бағананың басында электр шамдарының жарқырап жанып тұратынын да білмейді екенмін. Анамның мектепке аттандырған сәтін ұмытқаным жоқ. Мені барынша жылы киіндіріп, есік алдына келген арбаға отырғызып жатып: – Енді менің құлыным мектепке барады, оқу оқиды, оқушының алды болады – деп, маңдайымнан емірене иіскеген кездегі келбеті көз алдымнан кетпейді. Соншалықты аса бір жылылық, мейірім және сонымен қатар, әлдебір қимастық бар еді жанарында. Арбаның иесінің есімі есімде жоқ, жасы келген қария кісі болатын. Қазіргідей зуылдаған темір тұлпар емес, қара қасқа өгіздің митың жүрісі ұйықтамасыңа қоймайтын. Қатты ұйықтап кетіппін. Көзімді ашсам, айнала қараңғылық құшағына еніпті. Тек алдымыздан жымың-жымың еткен жұлдыздарды көріп, «осыншалық жерге жақын да жұлдыздар болады екен-ау» деп таң қалдым. Көзімді уақалап-уақалап жіберіп қайта-қайта қараймын. Ақсақал менің «жұлдыздарға» қарағыштап келе жатқанымды аңғарды білем: – Балам, ол жанып тұрған тоқтың шамы. Алдымызда станса бар, сондағы үлкен машина берген тоқ сымның бойымен жүріп, мына шамдарды жағады. Бұл керемет құбылыс. Қала

деген осындай болады деп түсіндіріп тастады. Сөйтіп, кереметтен көз алмай келе жатқанымда арба қаланың кіреберісіндегі бір үйдің жанына келіп тоқтады.

– Балам, келдік. Апаңның үйі осы – деген атаның сөзінен соң, түсуге ыңғайлана бергенімде, арбаның салдыр-күлдір дыбысына үрген иттің дауысына ілесе үйден бір әйел көрінді. Мен оның Тәкен атамның қызы Рабиға екенін бірден біле қойдым. Қателеспеппін.

– Шержан, жеттің бе, әйтеуір? Көп болды ғой күткенімізге – деген ол мені бірден бауырына тартып, басымнан иіскеп, құшақтап алды. Кейін байқағаным Рабиға апамыз сондай балажан кісі екен. Менің асты-үстіме түсетін де отыратын. Жатқан жері жарық болсын!

Қызылжарда жүргендегі ауылдастардың «қала, қала» деп ауыздарының суы құрып жүретін қаласын да көрдім. Тез үйреніп кеттім. Оқудан қол босаса болды, көрген – баққанымыз – ойын. Бармайтын жеріміз, баспайтын тауымыз жоқ. Айналада не көзге түседі, соның бәрі біз үшін, әсіресе, сырттан келген маған қызық. Шаңдатып жүріп шахталардың маңына да барып ойнаймыз. Бірте-бірте поезд, вагон, теміржол, копер, руда дегеннің не екенін де біле бастадым. Вагондарға тиелген тау-тау тасты ыңырана сүйретіп поезд бір жаққа кетіп бара жатады. Қайда бара жатыр? Бізге бұ жағы беймәлім. Кейінірек вагонға тиелген нәрсе «тас» емес екен, оны дұрыстап айтқанда «руда», яғни кен» деу керек екен. Өйткені, кен құрамында мыс та, алтын да, басқа да металдар болатын көрінеді. Рудниктен өндірілген кен Қарсақбайдағы зауытқа жеткізіледі екен. Даладағы тіршілік пен қаладағы өмірдің арасы жер мен көктей екенін байқадым. Қанша дегенмен, ауылда жайбасарлық басым, ал, қалада адам тез ширығып, шыңдалады екен. Аз уақытта бұрын білмегенді біліп, үйреніп алып қана қоймай, өзімнен кейін келген ауыл балаларына көшбасшылық көрсетіп, жөн-жобаны түсіндіретін деңгейге жеттім. Жасының сәл үлкендігі болса да, оқуға менен

кешірек келген Апбаз Қаражігітов кейін ел білетін жазушыға айналды. Ол өзінің бір кітабында ауылдан қалай келгенін, алғашқы қиындықтарды қалайша еңсергенін әдемілеп суреттейді. Апекеңнің сол кітабынан үзінді келтіре кетейін.

«Менің Жезқазған руднигіне келіп, мектепке бірінші класқа барған жылым. Алғаш қала кейпіндегі мұндай халық көп тұратын жерді бірінші көрген маған бұл жер әлемде теңдесі жоқ, тек ертегілерде ғана естіген үлкен шаһар болып көрінген. Сол күндері бір класта оқитын басқа құрбыларыма қарағанда оңқай асықтай лыпып тұрған, өзі де менен бұрынырақ ауылдан келген, кеніштің ой-қырын жақсы білетін Шермұхамбетпен ойда жоқ жерде «Силовой станса» атанған түтіні будақтаған жалғыз трубасы көкке бойлаған электр жарығын беретін жерге барып, тұңғыш шінгірлеп шыққан дауысы жерді жарған тасыр-тұсыр қайдан тартылып, қайда кетіп жатқаны белгісіз ұзыннан ұзақ қос темірдің үстімен дүрсілдетіп өте шыққан, соңында бірнеше жайпақ тіркемесі бар паровозды көргендегі қорыққаным-ай! Маған ол жеті қабат жер астынан шыққан жалмауыздай көрінген. Әлгі түтіні бұрқ-бұрқ атқылаған ырсылдаған өзінен-өзі зырлап өте шыққан қара домалақ (маған солай көрінді) тажал боп елестеп те кеткен. Денем шошыды ма, діріл қағып, қасымдағы досымның бетіне қарай беріппін.

– Ей, саған не болды, көзің алақтап? – деді менен тосын өзгеріс байқаған Шермұхамбет.

– Әлгі не өткен? – деймін миңгірлеп.

– Ол паровоз емес пе? Мына жердің астынан қазып алған кенді соңындағы вагонның үстіне тиеп алады да, айда, Қарсақбай қайдасың деп тартып отырады. Өне, солай кетті – деп түсіндірді ол.

– Онда оны не істейді?

– Онда ма, онда оны уатып, ұн ғып отқа салып қайнатады, одан мыс, алтын ағызып алады екен – деген Шермұхамбеттің сөзі сенімсіздеу естілді.

– Қойшы – деймін мен «тастан алтын, мыс алады» дегенге сенгім келмей. Тегінде ол кезде алтынның қымбат зат екенін білсем де, ол дәл мынадай тастан алынады деген түсінігімнің жоқ кезі.

– Дәл солай. Менің туған-туыстарым осы жердегі шахтада, әне, қарашы, әнебіреуін сегізінші, әнебіреуін оныншы дейді – деп Шермұхамбет алыстан копері көрінген екі шахтаны сілтеп көрсетті. Менің алғаш Жезқазған кенішімен танысуым осылай басталды». Жазушының жазуы осылай. Алғаш келгенде өз басымнан өткен әсер. Апбаздың тілінің шеберлігі ғой, бастан өткенді айна қатесіз көз алдыға қайтадан әкеліп қойғаны.

Бүгінде аты атала бермейтін Ыбырахым Баймолдин деген ақын кісі болды, көзіміз көрді. Төкпелігі сұрапыл еді. Жамбыл Жабаевтың өзімен айтысқанда, жеңілмеген дейтін. Сол кісінің Рудник туралы бір керемет толғауы бар. Жезқазған поселкесінің, яғни Рудниктің өткенін де, кейінгісін де көзі көрген ақын сол көргендерін жырмен әдемі өрнектей білген.

«...Мен көргенде бұл өзі,  
Қуқыл қызыл төбе еді.  
Құр қылтанақ изені,  
Қурап қалған қорегі.  
Жан баспайтын жапанға,  
Бұл Жезқазған тең еді.  
Бұл төбенің үстінен  
Артып жүгін атанға,  
Сонау зарлы заманда,  
Өткен менің атам да.  
Құнары жоқ, нәрі жоқ,  
Жүрген жанға зары көп,  
Деп атаған бұл қырды.  
Қызыл шақа қуқыл тас,  
Үстіне нәр дарымас,  
Қалың қарсақ үңгірі –

Деп атаған бұл қырды,  
Осылай деген атамыз.  
Көрген еді көзім де,  
Біздің сары даланы,  
Құйын басқан кезінде.  
Жалын аптап, күн қақтап,  
Қырына ерен қонақтап,  
Бұл даланы кездім мен.  
Қу төбелер мұң жайып,  
Менде соған мұңайып,  
Өтуші едім Жездіден.  
Бұл бұлыңғыр даланы,  
Құйындатып шаң кезді,  
Анмен бірге бүлікшіл,  
Жанжал іздеп Хан келді.  
Болса қандай аңы сұм,  
Болған еді ханы сұм.  
Қолқамызға қол салды,  
Келіп бір кез ағылшын.  
Көрді қазған қорқаудай,  
Төбелерді кемірді,  
Мазалады ағылшын,  
Біздің жатақ өмірді.  
Сол бір түнек заманда,  
Жер қадірін кім білген?  
Бар екен ғой асылы,  
Құм төбеге көмілген.  
Обыр екен ағылшын,  
Обаларды иіскелеп,  
Қара жерді ақтарды,  
Төбелерді тістелеп,  
Қайдан келді қаңғып бұл,  
Білмеуші едік нәсілін,  
Арбасына тиеді,

Жеріміздің асылын.  
Жезқазғанды жұлмалап,  
Сорды нәрін тасының.  
Өзімізді сол тастай,  
Сұмырай, жебір кемірді,  
Жер астында шыңырауда,  
Көрдiк зындан өмірді.  
Тасты жалап өрмелеп,  
Тырнап қара үңгірді,  
Орыс, қазақ жалшының,  
Белдері талай бүгілді.  
Біледі бұл азапты,

Бастан кешкен бұрынғы» – деп келетін сол жырды оқығанда өзім алғаш көрген кездегі Рудниктің келбетін тап басып суреттегіне таң қалғанмын.

Міне, мен алғаш кезде көрген Жезқазған – Рудниктің келбеті тап осындай еді. «Ақын ағамыз теңіздің әр жағынан келген алпауыттардың Рудниктің маңайындағы маң даланы, жерасты қойнауындағы байлықты кешегі тар заманда Ұлытау өңіріндегі жалшы, малшы кедейлердің күшімен игергенін қалай тамаша суреттеген» деп біз де таң қалатынбыз.

Бастауыш сыныптарда Рабиға апайымның үйінде жатып оқып жүрдім, бірақ, кейін біздің үй де Рудникке келіп қоныстанды. Мұндай қуанбаспын! Қанша дегенмен, «өз үйін – өлең төсегін».

Өмірде адам баласы әке-шешенің, сосын ұстаздарының тәлім-тәрбиесін, еткен еңбегін, айтқан өсиетін ұмытпай, жадында сақтайтын секілді. Менің өзімнің түсінігім бойынша солай. Мысалы, мектебімізге басшылық істеген Жүсіп Асановтың, мұғалімдеріміз Әбдуәли Досмағанбетов, Базарбай Жолдыбаев, Назарбек Ыбыраев, Әлиасқар Атанаев деген кісілердің қадір-қасиетін қалай ұмытуға болады? Олар тек өздеріне қатысты пәндерді оқытып қана қоймайтын, біздің ертеңгі ел азаматы екенімізді ескеріп, жақсылыққа, тазалыққа

баулып отыратын. Жүрген жүрістері, мінез-құлықтары қандай еді? Әрқайсысы бір-бір тұлға болатын!

Мақтанғаным емес, сабақты тез игеріп әкеттім. Содан ба екен мұғалімдер мені қоғамдық жұмыстарға да көбірек тартатын еді. Мойнымызға алқызыл галстук тағып, пионер атандық. Кейін комсомолға өттік. Әрине, қазір соның бәрін «дұрыс емес» деп жүргендер де баршылық. Меніңше, «дұрыс емес» дегендердің «дұрыс еместері» дұрыс емес. Пионер де, комсомол да баланы жастайынан Отансүйгіштікке, бауырмашылдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелейтін. Осыдан балаға келіп-кететін қандай зиян бар?

30-жылдардың соңына таман поселкеге біз бұрын біле қоймайтын халықтар келе бастады. «Олар Отанға сенімсіз ұлттардың адамдары» деп түсіндірілетін. Алғашында кәрістер, кейін поляктар, сосын шешендер... Жер аударылғандар Ерекше тізімде тұрды. Апта сайын милицияға барып, өздерінің ешқайда кетпегенін білдіріп, арнайы құжатқа қол қойып, белгі соқтырып отыратын. Соғыс басталған соң тұтқынға түсіп қалған немістер де әкелініп, шахтаның жұмысына жегілді. Бұлардың жағдайын біршама білетін себебім, қоғамдық жұмыстарға белсенді араласатын комсомол мүшесі ретінде, әлгі жер аударылғандардың үй-жайларын аралауға баратынмын. Біз көбіне Атабақ Омарұлы екеуміз бірге жүруші едік. Ол кейін Социалистік Еңбек Ері атанған атақты Ғазиз Омаровтың туған бауыры-тын. Екеуміз бірінші сыныптан бастап бірге оқыдық. Үйлерді аралап, ондағылардың жай-күйлерін қағазға түсіріп әкеліп, сынып жетекшімізге тапсыратынбыз. Ал, ол өз кезегінде поселкелік Кеңеске апарып беретін.

Бертінде жерлес інім, тарихшы Тілеген Садықовтың бір мақаласын оқыдым. Сонда ол Рудникке 7 мыңға жуық адамның жазасын өтеу үшін келгенін жазыпты. Әрине, соның басым көпшілігі жазықсыз жазаланып, сотталған жандар екен. Т.Садықовтың мақаласында К.И.Кузнецов деген кісінің

баласына жазған хатынан үзінді келтіреді». Бізді қоғамға, мемлекетке аса қауіпті жау» деп көрсетеді. Оған сенбендер. Шынында біз кімбіз?! Біздің арамызда отырғандар: профессорлар, инженерлер мен техниктер, мұғалімдер, дәрігерлер, агрономдар, генералдар мен офицерлер, солдаттар, тұрмысы нашарлар мен Құдайға сенгені үшін кінәлі болған қарапайым жұмысшылар мен колхозшылар. Біздің ішімізде студенттер мен оқушылар, әйелдер, жасөспірім жігіттер мен олардың қалыңдықтары бар, ең сұмдығы – шахталар мен карьерлерде, далада, қамауда үнсіз көз жұмып, бұл дүниеден кетіп жатқан қарттар, мүгедектер мен балалы әйелдер көп. Айналаның бәрінде жазықсыз жандардың қаны сорғалауда» деп жазыпты ол. Әрине, біз жер ауып, сотталып келгендердің шындығын кеш білдік. Жетектеріне алған абалаған иттері бар мұздай қаруланған әскерилер оларды жұмысқа саппен апарып, алып қайтқанда сыртынан қарап тұратынбыз. «Халық жауларына», «Отанын сатқандарға обал жоқ!» дейтін үлкендердің сөзін біз де қостайтынбыз. Сөйтсек... мұның бәрі шаш ал дегенде басқа қарай тұра жүгіргендердің салған зобалаңынан қуғынға ұшыраған, сотталған қарапайым жандар екен ғой.

Сөйтіп жүргенде соғыс басталды. Мұны ешкім күтпеген еді. Бірақ, соғыс басталардан бұрын ит біткен түнемелік ұлып, елдің мазасын алатын. Ұлығанда тіпті төбе шашың тік тұратын, денең тітіркеніп кететін. Сонда ақсақалдар «ит бостан босқа ұлымайды, елге, жерге бір жаманшылық болмаса нетті?!» деп отырғанын талай есіттім. Дегенмен, олардың сөзіне мән бере қоймайтынбыз. Алғашында соғыстың не екенін білмегендіктен бе екен, соған аса қайғыра қойған жоқпыз. Әлі балалығымыздың басылмаған кезі ғой. Бір ағалар әскерге алынып, соларды аттандырып салуға да араласып жүрдік. Содан «қара қағаз» келе бастағанда ғана, қаралы үйлерге бас сұққанда жоқтау салып аңырап отырған аналарымызды көргенде, тез есейіп кеттік.

## ТЫЛДАҒЫ ТЫЛСЫМ

Батыста алапат соғыс жүріп жатты. Жаудың беті жаман. Мәскеу қоршауға алынған. Тыл еңбеккерлері, кеншілер сол баяғы күйбең тіршілікпен бірі қазақтың кең даласында мал өнімдерін өндіріп, екіншісі шахталарда күндіз-түні тынымсыз еңбек етіп, жерасты байлығын Отан қорғау қажетіне жөнелтіп жатты.

1942 жылдың көктем айы болатын. Бір күні оқушыларды екінші қабатқа шақырып жатыр деген соң, жүгіріп сонда барсақ, жоғары сыныптардың балалары сапқа тұрып қалыпты. Бір жақ шетінен біз де тұра қалдық. Мектеп директоры И. Ысқақов Қарсақбай ауданының әскери комиссары, аға лейтенант Куготты, поселкелік Кеңестің төрағасы А. Бейпіловты және әскери есеп жүргізуші Ж.Жазылбековты ертіп келді. Сол жерде әлгілер сапта тұрған балалардың ішінен бойы ұзындарын іріктеп алды. Тізімге Қ.Ерназаров, Т.Мүсілімов, Ф.Федоров, И.Жақыпов, С.Мажыров, А.Байтоқов, П.Панин және т.б. бас-аяғы жиырманьң үстінде бала ілікті. Олардың Отан қорғауға жіберілетінін айтты. Алғаш рет әскерге мектеп қабырғасында жүріп аттанғандарды көргенде, көңіліміз құлазып кетті. Соғыстың лаңы бізге де жетті! Біздің қатарымыз да сирей бастады. Оқу жылы басталғанда сыныпта 24 оқушы болсақ, келесі жылдың көктеміне шейін содан бар-жоғы алтауымыз ғана қалдық. Олар – Атабақ, Қаратай, Жұманазар, Камал, Гүлжаһан және мен едім. Ересек ұлдар әскерге алынса, қыздар жағы жұмысқа араласып кетті. Онсыз болмайтын еді. Тек біздің емес, барлық сыныптардағы оқушылар саны азайды. Мектеп басшылығы бірнеше сыныпты қосып, бірге оқытуға да көшті. Әйтеуір, әуірімдеп жүріп кезекті оқу жылын да тәмәмдадық-ау. Ал, елдегі жағдай ауырлаған үстіне ауырлай берді.

Қарсақбайдың дүрілдеп тұрған уақыты ғой, аудан орталығы саналатын кезі. Мұнда ФЗО болатын. Жаз мезгілінде мені ФЗО-ға оқуға шақыртып алды. Қарсақбайда, ФЗО-да жарты жылдай оқыдым. Ауылда кәрі-кұртан, шал-шауқандар қалған, көзі ашық, жұмыс істейтіндер жоқтың қасы. Сондық-

тан болар, мені Жезді ауылдық Кеңесінің хатшысы етіп тағайындады. Оң-солымды танып, біле қоймасам да, ең бастысы хат танымын. Менің сауатымның «жоғары» екендігін ескерген болу керек. Жезді ауылдық Кеңесіне бірнеше колхоздар, атап айтқанда, «Қызыл әскер», «Екпінді», «Талап» колхоздары қарайтын еді. Осы күнгі Жезқазғанның іргесіндегі «Талап» ауылы өзі аттас колхоздың нақ өзі. Ауылдық Кеңестің хатшысы болып біржарым жылдай істеген соң, 1944 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Златоуст» шахтасына барып, кенші болдым.

Бір қызығы, мұнда сыныптасым Жұманазар Көпеев маркшейдер болып істейді екен. Мектептен кеткелі хабарсыз қалған едік, шұрқұрыса табыстық. Ол бірталай тәжірибе жинақтап қалыпты. Маған шахтада жұмыс істеудің оңай еместігін айтып, «бекер-ақ келген екенсің» дегенді емеурінмен жеткізді. Мен де шахтаға қайбір жетіскендіктен бардым, үйдің жағдайы қиындап кетті ғой. Кеңес хатшысы деген аты болмаса, айлығы жартымсыз еді. Шахтада жүрсен, айлығы да тәуір әрі аз да материалдық көмек те беріліп тұрады.

Біздің шахтамыз «Покро» шахта басқармасына қарады. Басқарманың құрамына №12, 14, 15 және «Петрохолм» мен «Покро» шахталары енетін. Бастығы Г. Кочемасов, бас инженері М.К.Бөпежанов, еңбек бөлімінің бастығы Қ.Балмағамбетов деген кісілер болды. Ал, біздің «Златоуст» шахтасының бастығы Әлібай Қуанышов деген азамат оқығаны аз болса да, жұмыстың ығытын жақсы білетін, ұйымдастыру қабілеті жоғары, өте іскер жан еді. Оның жұмысты шебер ұйымдастыруының арқасында шахта ай сайын жоспарды асыра орындап отырды. Сол үшін мыс басқармасы алғыс жариялап, ақшалай сыйлық беретін. Әлекеңнің әділеттілігі сондай, бөлінген сыйлықты озаттарға қылдай бөліп, теңдей ғып тарататын еді. Қазіргідей техникалар жоқ, шахтада шаң-тозаң көз аштырмайтын. Шахтерлардың жер астынан шыққандағы түрін көргенде адам шошитын еді. Бір-бірін кісі түрінен тани алмайтын, тек даусынан ғана білуге болатын. Содан сол қалпында үйіне шейін жаяу баратынын қайтерсің?! Қыста да, жазда да солай. Тәртіп сақтауға деген талап бар, ал, еңбек адамына деген қамқорлықтың сиқы – осы.

Бұрғылау су жеткізілмегендіктен, құрғақ жүргізілетін. Соның кесірі бәрі. Сөйтіп жүріп, берілген тапсырманы, белгіленген жоспарды артығымен орындайтын сол шахтерларды нағыз жанкешті қаһармандар десе де артығы жоқ. Жұмыстың әлгіндей ауырлығы салдарынан 40-50 жастағы көптеген шахтерлар «селикоз» ауруына ұшырады. Ең сорақысы сол, өкімет тарапынан олардың ауруға ұшырағаны жасырылатын болды. Өйткені, Заң бойынша селикозбен ауырғандарға арнайы мүгедектік топқа жатқызылып, жеңіл жұмысқа ауыстырылып, басқа да тиісті жеңілдіктер қарастырылуы керек еді. Соғыс уақытында бұған қаражат қайда? Жеңіл жұмыс табыла ма? Сондықтан, селикозбен ауырғандарды «өкпе ауруына шалдыққан» деген диагноз қойып, жұмыстан шығарып жіберіп жатты. Шамасы, жоғарыдан сондай жасырын нұсқау берілсе керек. «Өзі ауру, жұмысы жоқ адам отбасын қалай асырайды? Күнкөрісі қандай болады?» деп бас қатырған ешкім болмады. Соның салдарынан тағдыр тауқыметіне ұшыраған көптеген бауырларымыз дүниеден өтті. Солардың арасында, атақты бұрғышылар Таутанов, Жездібәев, Қамбар Жалмағанбетов, Әлімбай деген жігіттер де болды. *(Бірінің есімі, бірінің фамилиясы есіме түспегеніне рухтарынан кешірім өтінемін – автор.)* Топырақтары торқа болсын!

Уақыттың қаталдығына қарамастан әділдіктен аттамаған, шындықты жақтаған азаматтардың іс-әрекеттері де сүйсінтпей қоймайтын. Айталық, шахта бастығы Әлібай Қуанышовтың адамгершілігін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Қазіргідей жұмысқа көлікпен баратын жағдай жоқ, жаяу - жалпылап жетем дегенше, кейде бірер минут кешігіп қаласың ғой. Табель толтыратындар, оларды «тәбелшілер» дейтінбіз, кімнің қай уақытта келгенін аңдып отыратын. Ерте барғаның ескерілмейді, ал, кешігіп қалсаң, дәптеріне түртіп қояды. Кешіккен уақыттың жалпы жиынтығы 1 сағатқа жеткенде, «прогульщик» ретінде сотқа береді. Сот ең жеңіл жаза ретінде бірнеше ай бойы жалақысының белгілі бір мөлшерін ұстап қалуға шешім етеді. Заңның арнайы бабы болғандықтан, сотталып кеткендер де болды. Әлекең «кешіккендердің» істерін ешқашан сотқа жеткізген емес. Бір-бірін аңдыған заманда өзіме

зияны тиеді-ау демей, жұмыскерлерінің жай-күйін ойлаған Әлекең тәрізді басшылар қатарында №39 шахтаның бастығы Зейнолла Биболатов, №41 шахтаның бастығы Әбдурахит Сәтов, №14 шахтаның бастығы Сүтен Қазанбаевты да айту ләзім. Комбинаттың кәсіподақ конференциясында Зейнолла Биболатовтың: – Жұмысшыларды жұмысқа кешігіп келгені үшін сотқа беру дұрыс емес, ол үшін әуелі оларға жағдай жасаған жөн. Бүгінде оларға кәсіподақтан немесе әкімшіліктен ешбір жағдай жасалмайды. Үйлерінде электр жарығы тұрақты болмайды, шам бір жанып, бір сөніп мазаларын алады. Ешқайсысында сағат деген жоқ. Ал, сенгені уақытты біліп отыратын гудок десең, ол да бірде істеп, бірде істемейді. Осыларды жөнге келтіріп, сосын барып, «жұмысқа неге кешігесің?» деп сұрауға болады ғой – деген сөзі әлі есімде.

Мен осының бәрін өз көзіммен көрдім, шахта астындағы қиыншылықты бастан өткердім. Уақытпен санаспай жанталаса жұмыс істедік. Алуан түрлі кенші мамандығын үйренуге тырыстым. Менің көп білсем, үйренсем деген құлшынысым, оның үстіне ФЗО-да оқығаным, ауылдық Кеңесте хатшы болғаным ескерілген болу керек, біршама уақыттан соң ауысым бастығы болып тағайындалдым. Бұрғышы да, кен тиеуші де, кен аттырушы да болып істедім. Бұл кездері мен тек өзім үшін жауап беретін болсам, ауысым бастығының араласпайтын, қадағаламайтын жұмысы жоқ, бәріне араласады. Ол берілген тапсырманы әр жұмысшының уақытылы орындауын, оны қалай орындады, қажетті құрал-сайман, дәрі-дәрмек жеткілікті ме, міне, осының бәрін қадағалауы тиіс. Бір учаскеден келесі учаскеге, бір штректен екінші штрекке жүгіріп, безектеп жүресің. Жұмыс аяғында нормалаушы келеді. Сосын екеуі отырып алып, тәулік бойы атқарылған жұмысты қағазға түсіреді. Сәл нәрсені ұмыт қалдыруға, жаңылысуға болмайды. Өйткені, бәрінің де сұрауы бар. Әрбір цифрдың артында адамның маңдай тері, еткен еңбегі, сайып келгенде, алатын жалақысы тұрады. Сондықтан, барынша мұқият болуға ұмтыламыз. Шахтаның қым-қуыт жұмыстарына араласып жүргенде маған да шақырту қағазы келіп, соғысқа аттанатын болдым. Бұл 1944 жылдың қараша айының бас кезі еді. Күн суытып, қыламықтап қар түсе бастағаны есімде.

## ОТТЫҢ ОРТАСЫНДА

«Әні, міне соғыс аяқталады» деп жүргенде әскерге шақырылған жас жігіттің көңіл-күйі қандай болушы еді? Әрине, «военкоматтан» шақырту келгенде ұнжырғам түсіп кетті. Мұны оқығанда әркім әртүрлі ойға берілуі мүмкін. Халық елге оралғандарды күтіп жатқанда әскерге аттанған біртүрлі көрінді. Бірақ, Отан шақырса, демек, керек болғанымыз. Белді тас түйініп, «соғыс қайдасың?» деп тартып отырдық. Біз мінген поезд Новосібір қаласына тоқтады. Осында кіші командирлер даярлайтын қысқа мерзімді курс бар екен, сонда оқу-жаттығудан өтетін болдық. Сабақты беретін соғыстан оралған, жаралы болуына байланысты шеттетілген Г.Орлов, М.Афанасьев, С.Антонов тәрізді офицерлер еді. Олар теориядан гөрі практикалық сабақтарға көбірек көңіл бөлетін. «Сен кіші командирсің бе, жоқ, үлкен лауазым иесі боласың ба, бәрібір өз қарауыңдағы жауынгерлерге жауаптысың. Олардың жауды жеңуі мен аман қалуы командиріне байланысты. Командир – стратегиялық, тактикалық ойлау қабілетімен ерекшеленіп тұруы тиіс. Соғыс – ойын емес, қателестің бе, кешірмейді. Жауды жеңе алмайтын амал, айла қолданбасаң, оның торына өзің түсесің». Бізді осыған үйретті. Үш ай оқыдық, сол азғантай уақытта біраз нәрсеге көзіміз ашылып, бірталай дүниені ұғып үлгердік. Новосібірден Мәскеуге шейін он күн жүрдік. Бірақ, мұнда еш тұрақтағанымыз жоқ, ертесіне тағы да Батысты бетке алған эшелонға отырдық.

Бағытымыз – Европа. Көңіліміз көтеріңкі. Бәріміздің көңілімізді «тезірек майданға жетсек екен» деген ой билеп алған. «Елден Отан қорғауға аттанғасын оттың ортасына түспей, шетінен қайтамыз ба?». Курста оқып жүргенде

осындай ойға беріліп, алаңкөңіл болып жүруші едік. Адам баласы деген қызық екен ғой. Әскерге шақырғанда «бітуге тақалғанда неменеге шақырады?» деп ренжігендей болсақ, енді мұнда келген соң, «фашист көрмей қайтамыз ба?» деп, кәдімгідей қамықтық. «Қаңғыған оқтан жазым болып, өміріміз қиылады-ау» деген қауіп ойымызға кіріп, шықсайшы. Қашан майданға жеткенше асығайық. Қайсыбір вокзалға көбірек кідірістеп қалсақ, «біз барғанша соғыс бітіп қалатындай» дегбірсізденеміз. Ұйықтағанымыздан терезеден сыртқа қарауымыз көп. Қай қаланы, қай елді мекенді көрсек те қырғын соғыстың салған лаңы көзге ұрып тұр. «Елді, жерді осыншама талқандаған, қиратқан қанқұйлы жендеттерге деген ашу, ыза бойымызды керней түседі. Соғысқа тезірек араласқымыз келетіні де сондықтан. Кек қайтарғымыз келеді. Батыста әлі қырғын соғыс жүріп жатыр. Соған қарамастан көктем өз күшіне мінген. Сымдай тартылған теміржол бойымен ұйтқып келе жатқан поездың екі қапталында алуан түске бөленген көкпенбек ну орман, тоғайға қызыға да қарайсың. Табиғаттың мына құлпырған түрін көріп, бір сәт өзіміздің қайда бара жатқанымызды ұмытып та кететін сәттеріміз болады. Өзіміз вагонда, көңіліміз далада дегендей.

Мәскеуден шыққанымызға жетінші күнге айналғанда ауыр артиллерияның дауысы бізге талмаусырап жете бастады. Біз майдан даласына жақындағанымызды түсіндік. Соның өзінде одан әрі тағы да бес күн жолға кетті. Он екі күн дегенде діттеген жерімізге келіп жеттік. Мұнда Бірінші Белорус майданына қарасты 262-ші атқыштар дивизиясының атқыштар ротасының жауынгерлеріне айналдық. Мен взвод командирінің көмекшісі болдым. 1945 жылғы наурыздың 3-інде алғаш рет жаумен шайқасқа кірдім.

Құдай ұрпағымызға «соғыс» дегенді көрсетпесін. Жау күнінің батуға тақалғанын сезген сайын жанталасып бақты.

Айуандығы, аярлығы бұрынғыдан да бетер күшейді. Бұл бір жағы түсінікті де еді. Өйткені, жан беру оңай ма? Бар күшті сол тұрған жерін ұстап қалуға төгіп жатқандықтан, әрбір үй, көше үшін кескілескен шайқастар жүретін. Бомбалаудың неше атасын көрдік. Төбеңнен ысқырып ұшып жатқанда жаның мұрныңның ұшына келеді, кірерге тесік таппай қаласың. Бірақ, жан бағу емес, жауды жеңу – міндет. Төбеден түскен бомба жердің шаңын аспанға шығарғанда, талай адам үйілген топырақтың астында қалып қояды. Сол кездегі Отанға деген берілгендіктің кереметтілігін қарасаңызшы, әлгіндей үйілген топырақтың астынан атып шығып, «Отан үшін алға! Сталин үшін алға!» деп уралап шабуылдап, әрі қарай кете беретін едік.

Взвод командирі Құрбанов деген түрікпен жігіті еді. Ол соғыстағы біздің ақылшы ағамыз, қамқор әкеміз секілді болды. Қазақта «қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деген нақыл сөз бар. Әрине, бәрі де бір Алла Тағаланың қолында ғой. Дегенмен, соғыстан аман-есен елге оралуға сол Құрбановтың жанама болса да септігі тиді деп білемін. Өйткені, ол бізге барған беттен-ақ: – Сендер жассыңдар, жанып тұрсыңдар. Өздеріңді отқа салса жанбайтындай, суға салса батпайтындай көресіңдер. Жауға, дұшпанға деген өшпенділік бар әрқайсыңда. Мұны мен жақсы түсінемін. Дегенмен, менің командир ретіндегі міндетім – сендердің өмірлеріңді сақтау. Соғыс болса бітуге тақады. Гитлер қазір жанталасып, аласұрып жатыр. Бүгін-ертең өмірем қабады. Сондықтан, шайқас кезінде барынша сақ болуға ұмтылыңдар. Көзсіздікке салынбаңдар» дегенді құлағымызға құйып, санамызға сіңірді. Жаумен шайқас кезінде командирдің бұл тапсырмасын да жадымызда ұстайтын едік, көбіне осал тұсын тауып, яғни, ұрымтал тұстан ұратынбыз. Бұл Құрбановтың үйретуі еді.

Германияның Рейн өзенінің сол жағалауына жеткенде Ұлы Жеңістің сүйіншілеген хабары жетті. Бүкіл Европа мен Советтер Одағын қанға бөктірген фашистік Германия тізе бүкті. Бұл қуанышты хабарды естігенде қуанышымызда шек болған жоқ. Бір-бірімізді құшақтап, пилоткаларымызды аспанға лақтырып, қолымызда қандай қару бар, соның бәрінен аспанға оқ атып, салют бердік. Көзімізден аққан ағыл-тегіл қуаныш жасын тоқтату мүмкін болмады.



## ТРЕБЛИНКА ТАМУҒЫ

Жеңістің қуанышын армансыз тойлап, екі-үш күндей демалған соң, жолға шықтық. Бірақ, қайда бара жатырмыз, бағытымыз қай жақ екенін ешкім білмейді. Жүріп келеміз, жүріп келеміз...

Польшаның астанасы Варшава қаласынан алпыс шақырымдай өткеннен кейін Седлец теміржолы тармағы бойында орналасқан Треблинка деген шағын станцияға келіп тоқтадық. Осы станцияда екі-үш күн тұрдық. Жарамызды емдеп, Рейн өзені үшін болған ауыр шайқастардан қол тимей, тазалауға да мұрша болмаған қару-жарағымызды тазалап, ретке келтіруге мүмкіндік туды. Командирлер тәртіпті босаңсытып алғысы келмеген болуы керек, күнде 3-4 сағат әскери жаттығулар жасатады. Бір күні біздің ротаға батальон командирі, полковник Николай Козлов пен комиссар Виктор Синицкий және біз біле қоймайтын бірнеше офицер және теміржолшының жұмыс киімін киген тағы бір адам келді. Рота сапқа тұрғызылды. Бұл жөнінде рота командирі Василий Шорохов батальон командиріне рапорт берді. Мұнан кейін полковник Козлов жауынгерлерді Ұлы Жеңіспен құттықтады. Ол сөзінің соңында фашистік Германияның қанқұйлы баскесерлерінің Треблинка станциясының іргесіндегі жауыздық әрекеттерінің орнын көруге баратынымызды айтты. Бұдан әрі басшылықты батальон комиссары Виктор Синицкий өз қолына алды да он-он бес минут үзілістен кейін бізді сапқа тұрғызды. Біз станцияның батыс бетіне қарай бет алдық. Шамамен 4-5 шақырымдай жүрген соң, алдымыздан карьер көрініп, соның жанында бізді бір топ адам қарсы алды. Олар жергілікті поляктар екен, командирлермен жылы шырай таныта амандасып жатты. Олардың бірі командирлерге еріп

бізге келді. Ол бәрімізбен амандасып шықты да, өзін таныстырды. Макс Левит деген кісі екен. Саптың алдына шығып сөз сөйлеген ол Треблинкаға қатысты өзі білетін бар сұмдықты ашып айтты. Оның өзі де сол тамұқтың ішінде болған жан екен. Біз оның сөзінен көп нәрсені ұқтық.

Германның рейхсфюрері Генрих Гиммлер концлагерьлер ұйымдастырып, адамды қинаудың сан түрлі әдістерін қолданғаны тарихтан белгілі. Ол Треблинка станциясында да екі лагерь ұйымдастырған екен. Макс Левит соның бірінде болыпты. «Треблинкадағы екі лагерьдің бірі – №1 лагерь 1941 жылдың күзінен 1944 жылдың 23 шілдесіне дейін тоқтаусыз жұмыс істеді. Адамдар мұнда «әрі кеткенде жарты жыл жұмыс істейді» деген есеппен әкелінетін еді. Олар кімдер болатын? Әрине, фашистік тәртіпті бұзған поляктар, еврейлер, азық-түлік жинауға көмектеспегендер, фабрика-зауыттарда басшыларға қарсы шыққандар, тіптен, неміс солдатымен жыныстық қатынасқа түсуден бас тартқан әйелдер мен қыздар, кемпір-шалдар, қарапайым жұмыскерлер, шаруалар болатын. Бір сөзбен айтқанда, кеудесінде жаны бардың бәрін осында әкеліп, қамайтын. Ауыр жұмысқа жегетін. Өйткені, мұндағы карьерлерде құрылысқа қажетті ақ құм өндірілетін. Фашистер тұтқындарды сол жұмысқа жекті. Аш, жалаңаш адамдарды әртүрлі әдістермен қорлады. Олардың қаныпезерлігіне шыдау мүмкін емес еді. Мұндағы айуандық Сабибур, Майданек, Бельжице, Освенцимнен де бір мысқал да кем түскен жоқ. Соны мына мен көзіммен көріп, басымнан өткердім» деген М.Левиттің сөзін сілтідей тынған қалпымызда, ішімізден жылап тұрып тындадық. Ал, ол сонда қалай тірі қалған? Көрер жарығының таусылмағаны ғой, фашистер адамдарды автоматпен атқан кезде бұл жараланып құлайды да, өлгендердің арқасында қалып қояды. Содан қас қарайғанда,

өйтiп-бүйтiп, жақын маңдағы орманға жетедi. Фашистер жазалау шараларын сондағы тұтқынның бәрiн жинап, көптiң көзiнше жүргiзедi екен. М. Левит фашистердiң жап-жас 30 баланы қалай оққа байлағанын айтқанын естiгенде, көз жасымызды тоқтатуға шамамыз келмедi.

«Өңкей өрiмдей ұл-қыздар. Әрi кетсе 12-13-терде шығар. Малғұндар соларды да атып тастады ғой. Сондағысы олар да кiп-кiшкентай жүректерiмен фашизмге қарсы едi. Бiрақ, бала болса да, олар өлiмдi қасқайып қарсы алды. Фашистер мылтықтарын кезене бастағанда бiр бала «Ертең Сталин келедi де, сендердiң сазайларыңды бередi! деп айкайлап жiбердi. Сол-ақ екен қалғандары «Широка страна моя родная» деп әндете жөнелдi. Атылған автоматтар әндi үзгенмен, оның рухын үзе алмады. Мына көзiмiз сондай сойқанды да көрдi» деген М.Левиттiң еңкiлдеп жылағанын көрсеңiз. Осы арада қазiр тарихты қайта жазып жүргендердiң фашистер мен коммунистердi қатар қойғысы келетiнiн айтқым келедi. Олар сол кешегi фашизмге қызмет еткендердiң ұрпақтары. Тарихқа қарасаңыз, фашизм халықтарды табанға салып қорлаушы болса, коммунистер алақанға салып, қорғаушы болды. Мұны адамзаттың жадынан өшiргiсi келетiн күштер бар. Бiрақ, менiңше, саналы ұрпақ бұған жол бермеуге тиiстi.

Треблинкадағы №2 лагерьдi салуға 700 тұтқын бес апта бойы бел жазбастан тартылған екен. Бұл лагерьде адамдарды тiрiдей өртейтiн 10 газ камерасы болған. Әр камераға 400-ден 600-ге шейiн адам сыйған. Камера екi есiктi болған екен, бiрiнен адамдар кiрсе, екiншiсiнен газбен өлтiрiлгендердi сыртқа шығарып әкетiп тұрған. Бұл есiк арнайы орнатылған платформаға шығатын, оған тар табанды темiржол келетiн. Газдан өлгендер осы жерде вагонеткаларға тиелiп, арнайы қорымға апарып тасталатын. Ол жерде өлгендердi көметiн

экскаватор тұрақты жұмыс істеген. Адамдарды өлтіруге бар-жоғы 20 -25 минут қана уақыт кеткен.

Соғыстың өз пайдасына шешілмейтінін білсе керек, 1943 жылдың орта шенінен бастап Гитлер өздерінің қанқұйлы қылмыстарының іздерін жасыруға біртіндеп кірісе бастаған сыңайлы. Бұған сол жылдың ортасында Треблинкаға Гиммлердің өзі келіп, «өлім ошағын» аралап көргеннен кейін берген бірқатар тапсырмалары дәлел болғандай. Гиммлер көмілген мәйіттерді қайтадан қазып алып, өртеуге, күлін алаңқайларға, өзенге шашып жіберуге, сондай-ақ, бұдан былай газ камерасында өлтірілгендерді де көмбей, бірден өртеу туралы бұйрық береді. Мұны «Із жасыру» дегенде, не деуге болады?

Бұйрық қанша ауыр болса да орындау керек. Лагерь басшылығы мәйіттерді өртеуге жедел кіріседі. Алайда, мәйіттер оңайлықпен өртенбейді. Мыңдаған тонна бензин текке кетеді. Содан соң Германиядан мәйіттерді өртейтін арнайы тәжірибесі бар маман шақырылып, мәйіттерді өртейтін арнайы пеш істетеді. Өте жылдам пайдалануға берілген пештің қуатындай қуат дүниежүзіндегі крематорийлардың бірде-бірінде болмаған екен. Осыдан-ақ Треблинка тамұғының қандай болғанын аңғару қиын емес. Пештен шыққан түтіннің ащы иісі 30-40 шақырымға жеткен көрінеді. Лагерьдің ық жағындағылар сол иіске тұншығып өлетін болған. Бұл сұмдық пеш сегіз ай бойы күндіз-түні жұмыс істеп тұрыпты.

Қайсарлық қашан болсын қандай жағдайда да жарып шығады. Кейде қап-қара тасты жарып шығып, көзінді қызықтырып нәп-нәзік гүл өсіп тұрмай ма? Сол сияқты, қаншама қорлық көріп, азап шегіп жатса да рухы мықтылар бас бостандығы, еркіндік үшін күреспей тұра алмайды.

Треблинка тұтқындарының арасында да небір жүрек жұтқан жандар болды. Олар көтеріліске шығуға бел байлады. Сөйтіп, олар жасырын ұйым құрады. Нақты жоспарлар жасалады. Тұтқындар тұратын барактарға жасырын түрде біртіндеп қару-жарақ жеткізіліп, сенімді жерге жасырылады. Олар кейбір қару түрлерін фашистердің өздерінен ұрлап алатын. Ең басты жұмыс – қару-жарақ қоймасының астын қазып, сонда кіретін жол табу болды. Бұл ұйымшылдықты, көп күш-қайрат жұмсауды қажет етті. Соған қарамастан олар мұны да ойдағыдай орындады. Ұйымдағылар бес-бестен бірнеше топқа бөлінді. Алғашқылары лагерьдің айналасын күзетіп отырғандарға шабуыл жасап, пулеметтерін қолға түсірулері керек болды. Екіншілерге лагерьаралық алаңдарды аралап жүрген күзетшілердің көзін жою жүктелді. Енді бір топқа броньдалған машиналарға шабуылдау міндеттелді. Ал, келесі топ байланыс жүйесін істен шығаратын болды. Осылайша әр топтың атқаратын міндеті нақтыланды.

Көтеріліс 2 тамызға белгіленді. Ол үшін пистолеттен оқ атылып, белгі берілді. Бұл күні мәйіттер өртенген жоқ, лагерьдің фашистер тұратын барактары, үйлері, құрылыстар лаулап жана бастады. Екінші тамызда алғаш рет басқыншылар бостандық аңсағандардың қолдарынан жер құшып жатты. Треблинка өртке оранғанда көтерілісшілер күлге айналған халықпен қоштасып, орманға бет алды. Алайда, мұздай қаруланған фашистер олардың соңдарына түсті. Жүздеген ит із кесті. Көтерілісшілерді орман ішінен іздестіру үшін тіпті, әскери әуе күштерінің ұшақтары шақырылды. Күш солар жағында еді, көтерілісшілерден тірі жан қалмады. Сол күннен бастап Треблинка да өмір сүруін тоқтатты.

Фашистер өліктердің қалғанын өртеп, тастан қаланған құрылыстарды бұзып, сым қоршауды жинап, барак біткеннің

бәрін тып-типыл өртеп, өлім фабрикасының пештерін, жабдықтарын жойып, экскаваторларын басқа жаққа әкетті. Қылмыстың ізі жасыру бәрібір мүмкін болмады. Треблинка тамұғының ақиқаты айдай әлемге аян болды. Біз сол сұмдықтың ізін, сойқанның салдарын көзбен көрдік, куәгерлердің жанымызды түршіктірген әңгімелерін естідік. Фашизм салған лаңның қандай болатынын одан әрі сезіндік. Сондағы естігеніміз, көргенімізді ой елегінен өткізгенде «Адам баласынан өткен жауыз жоқ-ау» деген тұжырымға келдім. Бірақ, ондай жауыздарды қалайша адам баласы деуге болады?



## БАНДЕРАНЫҢ БАСБҰЗАРЛАРЫ

Бізді Треблинкаға бекер апармаған екен. Командование «Қаныпезерліктің қанды қасабы қандай болатынын көзімен көрсін, жанымен сезінсін, санасымен түйсінсін» деген секілді. Мұны Украина жеріне келгенде түсіндік. Өйткені, мұнда әлі соғыс аяқталмаған екен. Атышулы Бандераның басбұзарлары орман, тоғайдың арасында жасырына жүріп, деревняларды шабуылдап, адамдарды өлтіріп, халықтың әбден ығырын шығарып жатқан жайы бар екен. Осы арада Бандера туралы аз ғана айта кетейін. Степан Бандера – Украина ұлтшылдарының көсемі саналады. Бірақ, көбіне ол террористік әрекеттерімен танылған. Сондықтан да, оны Польша, кейін Герман өкіметі темір торға тыққан. Бірақ, фашистік билік келген соң, бостандыққа шығарылған. Осыдан-ақ С.Бандераның кім болғанын байқауға болады. Ол өте қатыгез, қаныпезер адам болған. Оның адамдарды қорлағанын көргенде фашистердің өзі қазақшалап айтқанда, жағасын ұстаған деседі.

«Украина көтерілісшілер армиясы» (УПА), «Украина ұлтшылдар ұйымы» (ОУН) дегендер сол С. Бандераның басбұзарлары топтасқан әскери бөлімшелер, ұйымдар болатын. Қызыл Армияның Европа жерінде соғысып жатқанын пайдаланған бандерашылар Украинада өз білгендерін істеп, ойына келгенше ойнақ салып жатыр екен. Бізге сол басбұзарларды бұғаулау, олардың көзін жою міндеті қойылды. Треблинкадағы көргенімізден кем емес көптеген сұмдықтарды бұл жақта бандерашылдардың жасағанын жергілікті халық еңіреп отырып айтып беретін.

Әрине, олардың бар мүмкіндікті пайдаланып, жақсы қаруланғанын командирлердің сөзінен жақсы түсіндік. 1942 жылы таратылған «Нахтигаль» және «Роланд» батальондарының легионерлерінің де, 1944 жылы талқандалған «СС Галичина» дивизиясының жауынгерлері мен командирлерінің де бастары осында қосылған екен. Олардың басым бөлігі Германияның абвер лагерьлерінде арнайы дайындықтан өткендер көрінеді. «Абверлік лагерь» дегеніміз не? Бұл елді іштен ірітуді көздейтін, жансыз болып кіріп алып, бүлдіру актілерін ұйымдастыратын диверсанттар. Қысқаша айтқанда осындай.

Басбұзарлардың армиясы «Солтүстік», «Батыс» және «Оңтүстік» болып үш топқа бөлінген. Армия құрамындағы бұл топтардың әрқайсысында 25 мыңнан 100 мыңға дейінгі жауынгер болды. Олар әлемде бар қарудың бәрімен де қаруланғаны байқалды. Сол сияқты, армияның барлау жүргізетін және жазалаушы қызметін атқаратын өзінің арнайы қауіпсіздік қызметі де бар екен. Яғни, біз орман-тоғайдың арасындағы бірен саран немесе топ-топ болып жүрген бытыраңқы бандиттермен емес, бақайшағына дейін қаруланған қуатты армияға кезіктік.

Бандерашылар Кременецк үстіртіндегі қалың ормандарда окоптар қазып, блиндаждар тұрғызып, жолдарды ағаштармен жауып, әскери техникалар жүре алмайтын кедергілер жасап, ірі қорғаныс жүйесіне айналдырыпты. Бірақ, Гитлердің күллі әлемді жаулаған армиясын талқандап, Жеңіс Жалауын желбіреткен кеңестік жауынгерлерге кім қарсы тұра алғандай? Алдымен ірі шайқаста олардың армиясы бөлшектенді, сөйтіп, олар өздерінің тактикасын өзгертуге мәжбүр болды. Яғни, абверлік лагерьлердегі үйренгендерін істеуге көшті. 10-12 адамдық диверсиялық топтар құрды. Дегенмен, бұл әрекеттері

де ұзаққа бара қоймады. Көпке бармай олар толықтай жеңіліс тапты. Сол шайқастарда қолға түскендердің арасында 65 фашист бар болып шықты. Олар өз әскерлері кейін шегінгенде қалып қойып, бандерашылардың тобына қосылған секілді. Қазақ мұндайды «ұры ұрыны алыстан таниды», «қу мен қу намазшамда жолығады» деп сипаттайтын болса керек. Фашистердің де, бандерашылардың да мақсаттары біреу ғана – Кеңес өкіметін жою, сөйтіп, ұлтшылдықты дәріптейтін жүйенің үстемдігін орнату еді. Бірақ, оялары іске аспады.

Қызыл Армияның біріккен қимылына төтеп бере алмаған бандерашылардың тасталқаны шықты. Командирлері әскерін тастап, бассауғалап, шетелге өтіп кетті. Кеңес Одағы тараған соң, Украинада Бандераны ұлттық батыр санайтын күштердің билікке келуі, Батыс Европада кешегі өздерін фашизмнен азат еткен Қызыл Армияға деген теріс көзқарастардың қалыптасуы менің жүрегімді ауыртады. Бұл уақытша ағым деп ойлаймын. Фашизм әлемге төнген тажал еді. Әйтпесе, кезінде «Кеңес өкіметін бесігінде тұншықтыру керек» деп әлемге жар салған У.Черчилль соғыс басталысымен неге Кеңес Одағымен одақтасты. Алыстағы Америка неліктен Германия жағында болмады? Уақыт өте келе әділеттік қайтадан салтанат құрады, азаттық жолында құрбан болған, қан төккен жауынгерлердің рухына барша әлем халқы лайықты құрмет танытатын болады деп сенемін.





## ОРТАҒА ОРАЛУ

Харьков қаласынан 120 шақырымдай жерде орман ішінде тұрған едік. Бірде бірыңғай қазақ жігіттерін сапқа тұрғыза бастады. Түсінбедік. Сөйтсек, Алматыдан Сақтапберген Бегімбетов деген подполковник арнайы келгенге ұқсайды. Мақсаты Алматыдағы әскери училищеге жастар жинау көрінеді. Сонымен, С.Бегімбетов сонда тұрған дивизиядан қазақтың 41 жігітін іріктеп таңдап алды. Сол 41-дің бірі мен болдым. Қуанғанымды көрсеңіз! Соғыс бітсе де, елге қайта алмай пұшайман күйде жүргенде «көктен тілеген жерден табылды» деген болды да қалды. Содан ару Алматыға топ ете қалдым. Училищеде екі жыл оқыдым. Бірақ, тағдыр маған әскери адам болуды кош көрмеген екен, денсаулығыма байланысты босатылдым да, елге, өзім туып-өскен ортама оралдым.

«Адамның басы – Алланың добы» деген сөз бекер айтылмаған. Бір ақынның «Жел шайқаса тұрмайтын, Адамнан өткен қаңбақ жоқ» деген сөзін де естідім. Дұрыс айтады. «Басқа түссе баспақшыл» демекші, дәм тартса қай жердің суын ішпейсің? 1944-тің күзінде туған жер, өскен елден әскерге аттанған соң 4-5 жылдай сыртта жүрдім. Сол уақытта басымнан не жағдаяттар өтпеді дейсің? Соғыстың қырғынын көрдім, көріп қана қоймай бел ортасында жүрдім. Қаншама боздақтың жанары көз алдымда жұмылды. Жараланғаны қаншама?! Треблинка тамұғында көргенімді, сезінгенімді қалай ұмытайын?! Соның бәрінің ізі жүректе қалды ғой, қалай өшірерсің?! Училищеде жүргенде Новосібірге де жол түсті. Сонда жүріп «ата-бабамыз бұл жақты итжеккенге балайтын еді-ау» деген ойға берілдім. Заманның өзгергеніне шүкіршілік еттім. Өйткені, қазақ баласының орыстың төрінде әскери мамандыққа оқуы бұрынғы кезде мүмкін емес еді ғой. Қанша

дегенмен, Кеңес өкіметі ел мен елді теңестірді, көп мүмкіндіктерге жол ашты. Әрине, көптеген қателіктері де болды. Бірақ, бізсіз де жоғын жоқ деп жатқан заманда барын бар дегеніміз де дұрыс.

Сондай-ақ, тағы бір ақынның мына бір сөзінен де «Адам. Өмір. Тағдыр» деген сұрақтарға толықтай жауап тапқандай болдым. Ол ақын кім еді?! Бұл – атағы алысқа кетпесе де, осы өзіміздің Жезқазған – Сәтбаев халқына есімі етене жақын Шынықұл Дәулетов еді. Өзі өмірбақи кенші болды. Жеті қабат жер астында жүріп, қандай терең ойларға берілген және сонысын әп-әдемі жыр жолдарына айналдыра білген десеңізі! Ғажап! Өзіңіз де оқып көріңізіші!

«Дүние ойлап тұрсаң бір кең сарай,  
Бұл жерге келген, кеткен ел-жұрт талай.  
Он сегіз мың ғаламды жаратушы,  
Әркімге ғұмыр берген тағдырға сай.  
Тағдыр деген көресің көретұғын,  
Оны өзгертіп болмайды олай-былай.  
Көресің бересіңді, аласыңды,  
Бәрін өзі жайғарар жалғыз Құдай.

Тағдырды етпес үшін адам талақ,  
Аллам оған ой берген, таудай талап.  
Пенде өзін оңдауға күш салмаса,  
Бар тілегі ойға алған сыртта қалад.  
Ешкім саған «мә, ал» деп әкеп бермес,  
«Құдай өзі берер» деп жатсаң қарап.  
Көресі өз тағдырын игерсін деп,  
Пендені Алла жаратқан артықшалап». Дәл айтылған емес пе? Алла Тағала тағдырыңа не жазса соны көресің. Бәрі де бір Алланың қолындағы шаруа. Демің бітсе, жейтін дәмің таусылса, Алла қиыннан қиыстырып, шаруанды өзі-ақ

реттейді. Аяққа керзі етіккі киіп алып, бұрын ойымызға да кіріп көрмеген, атын естімеген елдердің жер-суын басып, ақыры, дәм таусылмағасын туған жеріме, алыста жүргенде түсіме кіретін Ұлы Даламның төрінде орналасқан Ұлытауыма келе жатырмын. Аяқ-қолым сау. Бұл әркімнің басына қона бермейтін бақыт. Жезқазғанға жақындаған сайын жүрегім алабұртып, көз алдыма туған-туыстарымның, бауырларының бейнесі келе береді. Сондағы мені көп мазалағаны «Кім қарсы алар екен?» деген сұрақ болды. Неге солай ойладым екен, соны өзім де түсінбеймін. Шамасы, «мені кім аса қатты сағынды екен?» деген ой қызықтырған болса керек. Пойыз вокзалға жақындаған сайын терезеге телміре қарай түстім. Вокзал басында кісі қарасы көп екен. Бұрын мұндай емес еді. Мұнда да пойызбен келіп-кетушілер көбейген сайын, шығарып салу мен қарсы алу да әдемі дәстүрге енген сыңайлы. Сол нөпірдің арасынан Рабиға апам көзіме оттай басылды. Мектепке барғанда үйінде жатқан апам ғой. Ол кісі жалғыз келмепті. Ағайын-туыс, бауырлардың бәрі дерлік вокзалда жүр екен. Шұрқырай көрісіп, табысып жаттық. Үлкендер жағы көздеріне жас алып жатты. Өзімнің де көңілім бұзылды. Өйткені, менің өзім де сол сәтте жақын-жуықпен аман-есен қауыштырған, туған жердің топырағымен табыстырған Жаратушыға жалбарынып, шексіз алғысымды жеткізіп, ішімнен егіліп тұрған едім.

Кішігірім той істеп, үлкендердің батасын алып, жастар өзара бас қосып дегендей мәре-сәре болдық та қалдық. «Жалықтырса ұзақ жүріс, жат мекен, Туған жердің түтіні де де тәтті екен» дегендей, қораның иісі де жұпар шашып тұрғандай сезілетін. Сағыныш көпке шейін тарқамай қойды. Айналаға қараған сайын көзім тоймайды, көңіл сарайым кеңіп сала береді. Әрине, әр нәрсенің де шегі бар. Бірер ай демалған соң, еңбекке араласып кеттім. Әскерге алынғанша еңбек еткен

«Покро» шахтасына бардым. Бұрынғы басшылардың біршамасы әлі орнында екен. Обалы нешік, өте жылы қабылдады. Нормалаушы, орысшасы «нормировщик» деген қызметке тағайындады. Бұл маған бұрыннан да таныс жұмыс қой, бірден бел шеше кірісіп кеттім. Негізгі міндет – күнде кешкілік шахтаға түсіп, атқарылған жұмыстарды анықтап, мөлшерін нақтылап, ертесіне наряд жабу. Жалақы жабылған нарядқа қарай төленеді. Сондықтан, ешкімге залалым тиіп кетпесе екен деймін. Бұл үшін «жеті рет өлшеп, бір рет пішу» керек. Жұмыскерлердің дені сол баяғы сотталғандар ғой. Олардың арасында кім жоқ дейсіз, бәрі бар. Қазылған кен қанша, аттырылғаны қанша, соның бәрін шотқа қағу оңай емес. Сенің жазғаныңды жұмыскерлер азсынады, басшылар көпсінеді. Өйткені, бір жағы көбірек ақша тапқысы келеді, екінші жақ көп жалақы бергісі келмейді. Шынын айтқанда, кейде өзімді екі оттың ортасында қалғандай сезініп жүретінмін. Басқа жұмысқа ауыса қояйын десем, нақты бір мамандық жоқ. Содан әрі-бері ойландым да, Алматыға барып, Халық шаруашылығы институтына сырттай оқуға түстім. Бұл өте дұрыс еді, жұмыс та істейсің, білім де аласың, тәжірибең де молыға түседі. Арада сәл-пәл уақыт өткенде шахтаның еңбек бөліміне экономист болып орналастым. Бұл жауапкершілігі зор, міндеті ауқымды лауазым болатын. Сенімді ақтауға ұмтылдым. Бұдан соң бірнеше жыл кен шебері, учаске бастығының орынбасары болдым. 1973 жылы Жезқазған кен-металлургия комбинаты кадрлар бөлімі бастығының Рудник алаңы бойынша орынбасары болып тағайындалдым және бұл қызметті көптеген жылдар бойы атқардым.

Соғыстан соң ел басшылығы жер астында ауыр жұмыс істеген түсті металлургия саласы жұмыскерлерінің еңбегін бағалауда жаңа тәртіп енгізді. Бұл тәртіпке байланысты жұмыскерді марапаттау оның жұмыс өтіліне қарай жүргізілетін

болды. Үш жыл жұмыс істейсің бе, «Үздік еңбегі үшін», бес жылға толғанда «Ерен еңбегі үшін» медалі берілетін. Он жыл бір орыннан табан аудармай еңбек етсең «Құрмет белгісі», он бес жылда «Еңбек Қызыл Ту» орденін тағатын. Ал, Кеңестер Одағының ең жоғары наградасы саналған Ленин орденімен тек жиырма жыл еңбегі сіңгендер ғана марапатталатын. Сол кезде кім кеудесіне қандай орден, медаль тағып жүргеніне қарап-ақ оның шахтада қанша жылдан бері істеп келе жатқанын білетін едік. Никита Хрущев билікке келгесін, бұл тәртіпті бұзып, марапаттауға бұрынғыдай еңбек өтілі емес, өндірістік көрсеткіші негіз етіп алынатын болды. Мұны айтып отырғаным, кадр бөлімінде жүргенде бұрынғы кеншілер марапаттау мәселесіне байланысты жиі сұрақтар қоятын. «Бізге неғып берілмей қалды?», «Жер астына түсіп бір күн жұмыс істегеннің бәріне де беру керек орден, медальды» деп, кейде эмоцияға беріліп үстел тоқпақтайтындар болғанын көрдік. Тіпті, осы күнге шейін «Аға, біздің әкеміз де пәлен жыл жұмыс істеген шахтада, бірақ, орден түгіл, медалі де жоқ. Ал, анау пәленшенің әкесі де сонша жыл істеген бірақ, бірнеше, орден, медалі бар. Неге бұлай?» деп сұрап жататын жастар да бар. Көңілдерінде сондай сұрақ жүретін басқалар болса, қандай тәртіптің болғандығын олар да біле жүрсін деген оймен жазып отырмын.

1989 жылы еңбек демалысына шықтым. Бұдан кейінгі өмір қоғамдық жұмыспен айналысумен өтіп келеді. 1998 жылы мені қалалық Ардагерлер Кеңесінің төрағасы етіп сайлады. Міне, бұған да жиырма жылға жуықтап қалыпты. Осы жылдары соғыс және тыл ардагерлерінің туындаған мәселелерін шешу, оларға тиісті заң талаптарына сәйкес көмек, жәрдем көрсету ісінде шамам жеткенше аянып қалған жерім жоқ. Бұл ретте қаланың көптеген басшыларымен, атап айтқанда, Баттал Мұқышұлы, Қанат Сұлтанұлы

Балмағамбетов, Арман Алашұлы Тұрлыбек, Советбек Медебаев, Бауыржан Шыңғысов, Батырлан Ахметов, Әнуар Серікбайұлы Омар, Асқар Абылайұлы Ыдырысов тәрізді інілерімнің әрқашан ерекше ілтипатын сезіндім. Бұл олардың біріншіден, үлкенді сыйлауы, екіншіден, соғыс ардагерін алабөтен құрметтеуі, үшіншіден, өздерінің басшылық міндеттеріне асқан сергектікпен қарай білгендері деп бағалаймын. Алдымыздан кесе өтпеген, бетімізден қақпаған азаматтар әркез абыройдың биігінен табыла берсін. Бейбіт өмірде, туған жеріңде шалқақтап жүріп, еліңе, Отаныңа қалқадірінше еңбек етіп, ұрпақ өсіріп, соның рахатын көрсең АллаТағаладан бұдан артық не тілейсің?! Мен ештеңе де сұрамаймын. Өмірге өкпем жоқ. Енді Алланың әмірі жеткен күні жалған дүниеден ризашылықпен аттанып кете беруге дайынмын. Алла арғы дүниеде ризығымызды жұмақтан етсе! Бүгінгі бар тілегім – осы ғана!



## БАСҚОЛБАСШЫНЫҢ БАҒАСЫ

Кешегі соғыс уақытында жауға қарсы «Сталин үшін алға!» деп ұрандатқан жауынгер ретінде Иосиф Виссарионович Сталин туралы айтылып жататын жағымсыз пікірлерді жақтыра қоймайтынымды ешқашан жасырған емеспін. Күллі Европаны айналасы бірер жылда басып алып, өзіне қаратқан фашистік Германияны өз ұясында талқандап, әлемге бейбітшілік сыйлаған елдің басшысы болған адам қандай құрмет болса да лайықты. «Соғысты жеңген Сталин емес, Кеңес халқы» дегенді көбірек айтатын болдық. Ал, халықтың басын біріктірген, Жеңіске ұмтылдыра білген, жігерін жаныған, рухтандырып отырған кім еді?! Соғыстың бас кезінде, өте ауыр жағдай қалыптасқанда «Сталин Мәскеуді тастап кетпейді!» деген бірауыз сөз бүкіл елге, ең алдымен, майданның алғы шебінде жүрген жауынгерлерге керемет күш берді емес пе? Сондықтан да, кейбір қателіктеріне қарамастан ол әлемдік тарихтағы өзіндік орны бар ұлы тұлғалардың бірі болып қалады. Осы орайда, жазушы Әзілхан Нұршайықовтың ұлтымыздың мақтанышы, қаһарман, батыры Баукең, Бауыржан Момышұлы туралы мына бір естелігін ұсынғым келеді.

«Осыдан 46 жыл бұрын, 1958 жылы, осы Ғылым академиясының биік мінберінен Баукең сөз сөйледі.

Шілденің шыжыған ыстық күндерінің бірі еді. Баукең мінберге барды да, үстіндегі пиджагін шешіп, төралқаға қарай лақтырып жіберді. Шет жағында отырғандардың бірі дереу лып етіп, қағып ала қойғаны мұндай абырой болар ма?

Баукеңнің бұл қылығына залдағылар ду күліп жатты, ал, төралқадағылар үнсіз, «мұның соңы не болар екен?» дегендей, үрпиісіп қалды. Ал, Баукең болса ешкімге зер салып қараған да жоқ, ойында не бар, тақ-тақ еткізіп айтты да, мінберден түсіп кетті. Сонда ол кісі не айтты?

«Дүниежүзі тарихында үш қана ең атақты қолбасшы болды. Олар – Александр Македонский, Шыңғысхан және Иосиф Виссарионович Сталин! Сталин ең атақты ғана емес, олардың ішіндегі ең данышпан, ең кемеңгер қолбасшы болды! Сталиннің әскери кемеңгерлігіне жететін қолбасшы енді ешқашан тумады да!». Міне, Баукеңнің сондағы сөзі. Зал дуылдатып қол соқты. Төралқада отырғандар шарасыздық танытты. Жоғарыдан келген дәу басшы көпшілікке де, Баукең де ежірейе қарап, алақанын жайып, «не істедің?» дегендей күйге түсті. Бұлай болатын да жөні бар еді. Өйткені, бұл Кеңес Одағы бойынша Сталинді қаралап, «жеке басқа табынушылық» дейтінмен күресіп жатқан кезең еді. Сондай бір жиын алғашында Жазушылар одағының бастауыш ұйымында да өтіп, қолдаған қаулы қабылдағанда да Баукең қолдамай, дауыс беру кезінде қалыс қалған еді. Енді міне, өңкей ғалым, зиялы топтың алдында өз ойын ашық айтты. Баукең мінберден түсіп, төралқадағы орнына барып, орындықтың арқасында ілулі тұрған пиджагіне қол созды. Сосын: – Немене, менің сөзім сендерге ұнамады ма? – деп, басшыларға қадала қарады. Ешкім үндемеді.

– Үндемесендер отырындар осылай – деді де, Баукең пиджагін киіп, қолындағы әдемі қара таяғын еденге тарс-тарс қадап, шығар есікке қарай беттеді. Баукеңді тоқтатуға ешкімнің батылы бармады.

Бұл деталь «Ақиқат пен аңыздың» қолжазбасында бар еді. Бірақ, цензура өткізбей тастады.

Енді мынаған назар аударыңыз. Баукең ғалымдардың алдында сөйлеген соң, арада бір жыл өткенде, яғни, 1959 жылы Англияның бұрынғы премьер-министрі У.Черчилль Қауымдар Палатасы алдында сөз сөйледі. Ол осы сөзінде туғанына 80 жыл толуына байланысты Сталинді де еске алып, «Аса ауыр жылдарда Ресейді данышпан әрі қаһарман

қолбасшы И.В.Сталиннің басқаруы Ресейдің ең үлкен бақыты болды... « деді. Сол кезде Кеңес елінде Сталинді оңды-солды жамандау шарықтап тұрғанын меңзеген У.Черчилль сөзін «Сталинді қалай жамандаса олай жамандасын, бірақ, ондай ұлыларды тарих та, халық та ешқашанда ұмытпайды» деп аяқтады. Тұп-тура осылай деді!

АҚШ-тың тарихында төрт мәрте сайланған бірден-бір Президент Ф.Рузвельт те Сталиннің тұлғасына өте жоғары баға берді. Олардың екеуі де Баукеңнен кейін сөйлегенін еске алсақ, бұл жағдай халқымыздың мақтанышы болған Бауыржан Момышұлының қандай данышпан адам екенін де көрсетеді. «Ұлылықтың бағасын ұлылар ғана біледі» деген осы»...

Өз басым Баукеңнің Басқолбасшыға берген бағасын қос қолымды көтеріп, қолдаймын. Сталиннің «Мен өлгеннен кейін адамдар менің қабірімнің үстіне әртүрлі қоқысты әкеліп төгеді, бірақ, тарих желі кейін соның бәрін ұшырып әкетеді» деген сөзі бар. Қандай керемет айтылған. Сталин өз қателіктерін де, кемшіліктерін де білген, бағамдаған.





## ЕЛІМНІҢ ЕЛБАСЫ

Шыны керек, қазақ өз алдына Тәуелсіз мемлекетін құрады, ел болып өзінің Президентін сайлайды деп ойладық па? «Мызғымас Мәңгілік Одақ» деп жүргеніміз рас еді ғой. Соған сенетінімізді жоққа шығарамыз ба? Жоқ, әрине. Бірақ, Одақтың ыдырағанын көзіміз көрді. Қазақстан – Тәуелсіз мемлекетке айналды. Түсімізге де кірмеген тамаша! Ұлт үшін Тәңірдің бұдан артық тартуы бола ма? Қаншама ұлттар мен ұлыстар өз Жалауын желбірете алмай, мемлекетін құра алмай пұшайман күй кешіп жатыр. Осыны үлкеніміз де, кішіміз де жан-тәнімізбен терең түсіне білгеніміз жөн.

Маған Тәңірдің тағы бір ерекше нығметі жауды. Бұл – Тәуелсіз еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен бір емес екі мәрте жақын жүздесіп, қолын алып, тілдесу бақытының бұйырғаны. Жасы кіші болғанмен жолы үлкен ғой, сондықтан, кездескен кезде «Нүреке» деп сөйлестім. Ал, ол кісі маған «Ақсақал» деп тұрды. Жасымызды, басымызды сыйлаған ілтипатына риза болдым.

2003 жылғы 28 қазанда Сәтбаев қаласында «Перзентхана» ашылды. Бұл Кеңес кезінде салынып, кейін тозғыншылыққа ұшыраған ғимарат болатын. «Қазақмыс» корпорациясы күрделі жөндеуден өткізді. Осы заманғы медициналық құрал-жабдықтар орнатылған сәулелі ғимараттың ашылу салтанатына Нүрекең де қатысты. Әрине, астанадан ат арылтып сол салтанатқа бола келмегені анық қой. Өңірдің мәселелерімен жете танысу үшін келген сапарына орайластырылған шара екені айтпаса да түсінікті. Бірақ, ел басшысының елдің болашақтары өмірге келетін ұяға уақыт тауып, арнайы атбасын тіреуі қандай ұлылық?!

Сол кезде қаланы Қанат Сұлтанұлы Балмағамбетов ініміз басқаратын. Ол бәрін жан-жақты ойластыратын азамат еді

ғой. Бірде маған хабарласып, «Аға, өзіңізбен ақылдасатын шаруа бар еді, жолықсақ қалай қарайсыз?» деп, телефон шалды. Ол маған қаламызға Президенттің келетінін айтып, қала халқының атынан сөз сөйлеп, ақсақал ретінде бата беру туралы өтініш білдірді. Мен Қанат інімнің өтінішін қуана қабылдадым. Өйткені, елімнің Елбасының алдында сөйлеу және бата беру әрине, зор мәртебе ғой.

Сөйтіп, Елбасы келді. «Патшада қырық адамның ақылы болады» деп аталарымыз бекер айтпаған. Іс-шараның белгіленген тәртібі болады. Сол тәртіп бойынша Президент алдымен ғимаратқа кіріп, аралап шыққан соң бізбен кездесуі тиіс еді. Күзет те соған ыңғайласып тұрған болатын. Бір топ ақсақалдар, арамызда имамдар бар сәл шеткері тұрғанбыз. Нүрекең ғимарат баспалдағына көтеріле бере бізді көзі шалып қалды да, «Е, мұнда үлкен кісілер тұр екен ғой, алдымен ақсақалдардың қолын алайық» деп, бізге қарай кілт бұрылды. Қасымызға келіп, амандасып, «Қазір ішке кіріп шығайын, сосын кеңірек сөйлесерміз» деді. Мұндайда қалай риза болмайсың?!

Президент қайта шыққан соң, мен сөз алдым, соңынан батамды бердім. Сондағы сөз, берілген батаны төменде жариялап отырмын.

### **«Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!**

*Сәтбаев қаласында тұратын Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің атынан Сізге деген ықыласымызды білдіруге рұқсат етіңіз!*

*Осы жасқа дейін өмірдің ащысын да, тұщысын да таттық, суығы мен ыстығына төздік. Жастық шағымыз Ұлы Отан соғысының қан майданында өтті. Еліміз Тәуелсіздік алғанда қуанышымызда шек болмады. Содан бері елімізді алға бастап келе жатқан Сіздің биылғы жылғы*

*Жолдауыңызды біз, ардагерлер ерекше сезіммен қабылдадық. Сіз осы жылды Жеңіс жылы деп жарияладыңыз. Осыған байланысты берген тапсырмаларыңызға орай, біздің қаламызда да көптеген игі шаралар жүзеге асырылып жатыр. Бірқатар ардагерлеріміз автокөлік иеленді, үйлерімізде жөндеу жұмыстары жүргізілді. Біз жеңілдікпен дәрі-дәрмек алудамыз, тіс дәрігерінің қызметі, коммуналдық төлемақы мен телефонның ақысынан босатылды.*

*Біз, сұрапыл соғыста қан төккен ардагерлер, өмірімізде талай басшылардың ел басқаруын басымыздан өткердік. Сіздің елімізді дұрыс жолға салып, халқымызды мол табыстарға жеткізіп келе жатқаныңыз үшін дән ризамыз. Жылдан-жылға қатарымыз сиреп, қазір осы қалада әскери тілмен айтқанда, бір ротадай ғана ардагерлер қалдық, бірақ, Сізді қолдауымыз бір дивизияның күш-жігеріндеі.*

*Ақсақалдардың атынан айтарым, әрқашанда бүгінгідей халқымыздың берекелі бірлігінің ұйтқысы болып, Қазақстанның болашағы үшін жемісті еңбек ете беріңіз! Алладан елдің, Сіздің амандығыңызды сұраймыз!» деп сөзімді бітірдім де, «Енді жасымның үлкендігін пайдаланып, бата берейін» деген кезде Елбасы бастап барлығы қолдарын жайды,*

*– Ия, Алла, Жасаған,  
Жамандыққа жазбасын,  
Жақсылыққа бастасын,  
Нұреке, денсаулығың зор болсын,  
Отбасың аман болсын!  
Әзәзілдің сөзіне ермейтін бол!  
Дұшпанға тізгініңді бермейтін бол!  
Ақ сұңқардың қанатындай,  
Қанатыңды қияға сермейтін бол!  
Бата иесі бір Құдай,  
Қазынасы кең Құдай,*

*Жалынғанға жар Құдай,*

*Әбіш баласы Нұрекеңе бар тілегін бер, Құдай! –*

деген батамды – Қадамыңызға нұр жаусын, Нұреке! – деп бітіргенімде Нұрекең: – Рахмет, ақсақал! Өзіңізге де мол жақсылықтар тілеймін – деп, қолымды қысты. Көзім түсіп кетім еді, жүзінен нұр төгіліп тұр екен.

Жады мықты екен, екінші рет кездескенде «Ақсақал, Сізді таныдым! Осылай мен келген сайын қарсы алып жүре беріңіз!» деген тілегін білдірді. Кейін Ұлы Жеңіске арналған салтанаттарға қатысу үшін астанаға жол түскенде де Нұрекеңді алыстан көріп қалдым. Еліміздің Қарулы Күштерінің Басқолбасшысы ретінде әскери формада көргенім еді. Елін Тәуелсіздікке жеткізген, ертеңге бастаған Елбасының еңбегіне деген әділ бағаны тарих беретіні анық.



## МАРҚАСҚАЛАРЫМ МЕНІҢ

«Тақыр жерге гүл өспейді» дейді қазақ. «Тұқымы текті ғой» деп жатады біреуге сүйсінгенде. Ел сүйсінетіндей қаншалықты қадір-қасиетіміздің барын халық бағалайды ғой, бірақ, ата-бабамыздың тектілігін айтып мақтануға әбден қақым бар, бұған ешкім де дау айта алмайды. Түп-тұқияннан тартып айтпасам да, Өрбай атамның айналасынан сәл әрі, сәл беріден сөз қозғасам, соның өзінен-ақ көп тарихты танып-білуге болады деп ойлаймын.

Біздің руымыз Төленді – Сарғалдақ деп аталады, Мен немересі болып келетін Өрбай атам – есімі руға берілген Төленді атамыздың шөпшегі. Өрбайдың атасы Еділбай алдына мал біткен, Сандыбайдың Ерденімен замандас болғанын бұдан бұрынғы жазбада айттым. Ал, әкесі Жансақал қажылыққа барғанда Меккеде қайтыс болған кісі екен. Міне, тектіліктің тамыры қайда жатыр? Қазіргідей емес, бұрынғы уақытта қажылыққа ғұмырын дін жолына арнаған діндар және жолға жарамды, қалтасы қомақты жандар ғана баратын болған. Жансақал атамыз қажылыққа екінші мәрте барғанында дүниеден өткен. Ол кісінің екі рет қажылық сапар жасауы да тегін адам болмағанын танытып тұр емес пе? Шынында да, сөзге шешен, аузы дуалы, елді жұмылдыра алатын жігерлі кісі болғандықтан осы өңірде бірнеше жыл болыс болып сайланған. Қызметі халыққа да, патшаға да жаққан. Сондықтан, оған патша тарапынан алтынмен оқаланған тон, алтын сағат тарту етілген. Осы дүниелер бертінге шейін Жаман деген баласының ұрпақтарында сақтаулы тұратын еді, кейін әрлі-берлі көшіп-қонып жүргенде, жоғалтып алды. Өкінішті, әрине. Патшадан шен алған адам оңай ма, Меккеге екінші рет қажылыққа барғанда қару-жарақ асынып, бар сән-салтанатымен барыпты. Бұл 1882-1883 жылдары болса керек, сонда атамыз елу жаста екен. Аяқ астынан ауырып,

қасындағылар әбігерге түскенде: – Ешқандай да кам жемендер, қысылмаңдар. Жолға шығарда «Пайғамбарымыздың табаны тиген қасиетті жерде қалсам арманым жоқ» деген ниетпен шығып едім, Құдай соны қабыл еткен тәрізді. Аллаға ризамын» деп, көзін жұмған екен.

Жансақал бабамыздың сүйегі сол жақта қалғанмен, елге өлеңмен жазған қоштасу хаты жеткен еді. Сол хатты әкеміздің сандықтың түбіне жасырып ұстап жүретінінен хабарым бар еді, кейінірек қайда қалғанын біле алмай қалдық. Құнды жәдігер еді, ішіндегі сөзі қандай еді десеңізші! Амал не, сақтай алмадық. Ол кісі ептеп өлең жазатын ақындығы да болса керек, өлерінде туған-өскен жермен, бірге жүріп, ойнап-күлген дос-жарандарымен қоштасып жазған көлемді жыр толғауын елге қайтқан жақындары алып келеді. Кешегі тар заманда сол құнды дүниенің өзін өкіметтің заңынан қорқып, қудалауына ұшыраймыз ба?-деп қауіптеніп, ешкімге көрсетпей тығып ұстап, халыққа таныстыра да алмадық. Туынды бүгінгі күнге дейін жетті. Бірақ, өкінішке орай қолды болып, одан айырылып қалдық.

Жансақал атамыздан Орынбай, Өрбай, Жаман, Шағыр, Аққошқар, Әбіш, Рүстем, Байдалы деген сегіз ұл тараған. Мен осылардың ішіндегі Өрбайдың туған немересімін. Өрбайдан Тәкен, Байбосын, Баймағанбет, Базыл, Бірәлі есімді бес ұл туған. Байбосын – менің әкем. «Алысқа ұзамай, Өрбай атамның төңірегінен ғана сөз қозғайын» дегенім де сондықтан.

«Бір бала әкеден өте туады, бір бала жете туады, енді бірі кете туады» деп жатады қазақ. Өрбай атам ата-бабаларының жолын жалғастырып, даңқын одан әрі асыра түсумен ерекшеленген кісі болыпты. Сөзге – шешен, мінезі – сыпайы, жүрісі – сырбаз, пішіні – сұлу Өрбайдың кескін-келбетіне, түртұлғасына, мінез-құлқына сүйсінгендер «Адам баласы да осыншама ғажап жаратыла береді екен ғой» деп тамсанады екен. Мұның үстіне бір өзіне бес мың жылқы біткен байлығы

оның мәртебесін асыра түссе керек. Бала кезінде үлкендерге үйірсек болып өскен Өрекең есейе келе ел арасындағы дау - шарлардың шешімін табуға араласып, әділгімен де ауызға ілігеді.

Бірде қазіргі Қызылорда облысының жерінде Кіші Жүз бен Найман арасындағы үлкен дау туындап, соның түйінін тарқатуды ел Өрбайға бұйырады. Бір емес бірнеше күнге созылған даудың соңы Найман жағының жеңісімен аяқталады. Өрбай бидің тапқырлығы мен сөзінің айқындылығына тәнті болған қарсы жақ дауды одан әрі созбай, керісінше, «осындай билік айтқан биге арнайы қонақасы береміз» деп он екі қанат ақ боз үй тіктіріп қонақ етіп, күтеді. Сонда ішке кіре алмай сыртта қалып қойған елдің арасынан бір кісі «Кәні, елдің аузынан түспей жатқан Өрбай дегені қандай адам екен, көрейікші» деп, үйдің жабығын тіліп жіберіп, «Құдай-ау, сені қандай әйел тапты екен? Анаңның анасынан айналайын сендей ұлды дүниеге әкелген» деп сүйсініпті. Қазақта тіл, көз деген бар ғой. Сол сапардан Өрекең елге ауырып келген екен, көп ұзамай қайтыс болады. «Сонда қос жауырыны қарайып кеткен екен» дейді.

Тегін адам емес қой, содан біршама уақыт бұрын түс көріпті. Түсінде аспандағы жарты ай құлдилап келіп, қойнына кіріп кетіпті. Сол түсін өзі «енді алты ай ғана ғұмырым қалған-ау» деп жорыған екен. Кейінірек Ұлытауға танымал болған Нөгербек деген кісіге сол түс туралы айтыпты. Өзінің түсті қалай жорығанын да іркіп қалмапты. Сонда Нөгербек «Әй, Өрбайжан-ай, түсті қалай жорысаң, алдына солай келетіні болушы еді, дұрыс жорымаған екенсің. Негізі жақсы түс көрген екенсің, бұл сенің әлемге жарты патша болатыныңды сездірген түс еді ғой» деп, басын шайқапты. Шынында да, сол түс көргеннен кейін жарты жыл өткенде атамыздың демі үзілген екен. Сол кезде ол бар-жоғы 42 жаста екен.

Өрбайдың бес баласының ішінде елдің алдына шығып, халыққа сөзін жүргізген, басшылық жасағаны – Баймағанбет ағамыз. Ол ел арасына «Өрбайдың Баймағанбеті» деген атпен танылған. Кешегі кеңес заманы орнай бастағанда, жаңа заманның бағыт-бағдарын түсініп, оған қарсы келмеген, керісінше, жергілікті жерлерде оның қолдаушысына айналып, Кеңес билігінің неғұрлым тезірек орнығып, күш алып кетуіне қолынан келгенше әрекет еткен, еңбек жасаған кісі болған. Қазір «Кеңес өкіметі» десе тыжырына қалатындар көп. Соның көбісі не істеп, не қойып отырғанын өздері де түсінбейді. Патша заманында небір бай-манаптардың қарапайым халыққа тізесін батырғанын жасыруға бола ма? Шынында да, солай болды ғой. Елді әділетсіздік пен мейірімсіздік биледі. Бұған наразы болған халық Ресейдегі Ленин бастаған революциядан бұрын-ақ атқа қонған жоқ па? Мысалы, қазақ Аманкелді Иманов, Бекболат Әжікеев және т.б. батырлардың бастауымен көтеріліске шыққанда орыстың патшасы тағында отырған болатын. Орыстың революциясы олар атқа қонған соң ғана арада жыл өткенде барып орын алды.

Қазіргі кезде Жезқазған қаласының маңында Талап ауылы бар. Бұл жерде өткен ғасырдың 20-30-жылдары алдымен «ячейка» болып ұйымдасқан, кейін іргесін кеңітіп үлкен шаруашылыққа айналған «Қызыл әскер» колхозы болған. Сол колхоздың алғашқы басқармасы Байекең еді.

Жаңаның аты – жаңа. Көпшілік алғашында тосырқай қарағанмен, кеңес өкіметінің зорлыққа жол бермейтін, бәрін тең көретін бағытын жылдам түсініп, қостап, «Қолда барды ортаға салып, көптің игілігіне айналдыру керек» деген талапты дұрыс аңғарған бай кісілер де қарсылық таныта қоймапты. «Қызыл әскер» колхозын құрғанда алғашында кедей кісілер қолында не бар сонысын әкеліп, колхоздың меншігіне өткізіп жатты. Айталық, Жүніс Жаманұлы жалғыз түйесін, Өмірбайдың Бейсені деген кісі кер өгізін әкеліп қосыпты.

«Қызыл әскердің» негізі сол жалғыз түйе, кер өгізбен қаланған еді» дейді екен Баймағанбет ағамыз. Үй басы 70-тен асқасын колхоздың шаруасы да түзеліп, іс оңға басқан екен. Бірақ... Әп-әдемі жүріп жатқан істі кейін кем ойлы, шолақ белсенділер кері кетіргенге ұқсайды. Халық жаңа өкіметтің дұрыстығын, бұрынғы көптеген әділетсіздіктердің жойыла бастағанын сезіне түскен кезде «бай-манаптарды», «қожа-молдаларды» және олардың тұқымдарын әшкерелеу, қуғындау науқаны басталып, елдің берекесі қашып, бірлігі бұзылыпты. Владимир Ильич Ленин деген кісінің «Ешкім өткеніне жауапты емес, кімде кім Кеңес өкіметін мойындап, қолынан келгенше қызмет ететін болса ешқандай жазаға тартылмайды» дейтін ұстанымы ол дүниеден өткен соң, көп кешікпей -ақ бұзылған. Сөйтіп, ел арасынан жоқ жауды іздеп табу үрдіске айналған. Өрбайдың Баймағанбеті де сол қуғынға іліккен. Ол кісіге сонда қандай айып тағылған? Колхоздың шаруасын шатқаяқтатып жіберген бе? Әлде біреулерге зорлық не қорлық көрсетті ме екен? Жоқ! Сонда не?

Жезқазған-Ұлытау өңірінің халқы жақсы білетін «Өрбайдың «Қызылтамы» атанып кеткен Өрбай бабамыздың басына көтерілген күмбезді кесене бар. Байекеңді тобықтан қаққысы келгендер сол кесенені сөз арқауы етіп, арыз жолдаған. «Әкесіне осындай кесене салдырған, дін жолын ұстанады, т.т.» деген мағынада жазылған арыз сол уақыттың ызғарына дөп келіп тұр еді. Ағамыздың аман қалуы екіталай болатын. Бірақ, бәрі де бір Құдайдың қолында ғой. Оның сондай айыпты болып, жауапқа тартылып жатқанын естіген Ысқақтың Жақыбы деген халық ішінде аса беделді болған бір кісі Қарсақбайға арнайы барады. Сөйтіп, ол аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Біләл Әбиевке және аудандық Кеңестің төрағасы Бодық Есеновке кіріп «Құдай-ау, Баймағанбет әкесі өлгенде бар-жоғы 6 жастағы бала ғой. Біле білсеңдер, ол жетім өскен жігіт. Ал, Өрбайдың Қызыл тамын

тұрғызуға осы өңірдің барша халқы атсалысқан. Сол халықтың бәрін жауапқа тартасындар ма?» деп ара түскен. Сәтін алғанда, аудан басшылары да сөз түсінетін, қиянатқа бармайтын парасатты кісілер болса керек, бір қателікке ұрына жаздағандарын түсініп, «Жәке, қам жеменіз, мәселені дұрысынан шешеміз» деп сөз береді. Содан арада бірер күн өткенде Б.Есенов «Қызыл әскерге» келіп, болған жағдайды ел-жұртқа толық түсіндіріп, Баймағанбет Өрбайұлын колхозға қайтадан төрағалыққа ұсынады. Халық бұл ұсынысқа зор қуанышпен қолдау білдіреді.

1938 жылы Байекең №3 Жезді ауылдық Кеңесінің төрағасы болып сайланады. «Қызыл әскер», «Екпінді», «Талап» тәрізді үш колхоздың басын біріктірген ауыл Советтің төрағалығына сайлануы – Байекеңнің қаншалықты беделді болғанын тағы бір мәрте танытса керек. Ел тарихындағы аса ауыр кезеңде көшбастау ердің ерінің ғана қолынан келсе керек. Қуғын-сүргін ауылға да салқынын аз тигізген жоқ. Бір-бірін көрсету, ұстатып жіберу орын алмай қоймады. Бірақ, елдің жалпы бірлігін сақтап, ымырасын бұзбай қалыпты тірлігін істеп, шаруашылығын жолға қою үшін ағамыз аянып қалмады. Ұлы Отан соғысы басталғанда еңсесін енді-енді тіктей бастаған халықтың ертеңге деген үміті өшкендей күй кешті. Халықты рухтандыру, олардың бойында Жеңіске деген сенімді ұялату айтуға ғана оңай. Байекеңдер сондай жұмыстың алдыңғы шебінде жүрді. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» дегенге ұранға елді ұйытып, шаруаны күйзелтпей майданға азық-түлік, киім-кешек жөнелту, т.т. жұмыстың бәрі үлкен күшке түсетін еді. Ол мұндайда көпшілікпен бірге жүру, оларға ең алдымен өзін үлгі болу керектігін түсінді. Сөйтіп, өз еңбекақысынан әскери ұшақ жасау мақсатындағы қорға қаражат жинады. 1943 жылы 153 мың сом ақшаны қорға аударғанын көзім көрді. Бәлкім, мұның қағазы архив құжаттарының бір бұрышында жатқан да болар?!

Ол кісінің бар арманы – Жеңісті көзбен көру еді. «Керманның жеңілгенін, Китлер иттің қаншықтай қыңсылағанын естісем, арманым жоқ» деп отыратын. Бірақ, дегеніне жете алмады, Білеуті ауылдық Кеңесінің төрағасы болып жүргенде, 1945 жылы 30 сәуірде дүниеден өтті. Бәлкім сол күні Рахымжан Қошқарбаев бауырының Рейхстагқа Жеңіс Жалауын желбіреткенін жүрегі сезген де шығар кім біледі?!

Байекең қайтыс болғанда оның қазасын жақын ағайын-туысқа естіртуді Мұхаммедия қожа Бәйменов өз міндетіне алған екен. Ол аймақтағы аса беделді кісі болғаны белгілі. Діни сауаты өте жоғары болған Мұхаңның халық арасындағы абырой, беделі сондай керемет болды. Міне, осындай кісінің Байекең қайтыс болғанда оның қызметін атқаруға атсалысуы екеуінің өзара сыйластығының қандай деңгейде болғанын байқатады. Ірі іріні таниды ғой.

Баймағанбет ағамыздан Мұханбетқали және Молдағали деген екі бала дүниеге келді. Мұханбетқали ұзақ жыл әр салада шофер болып еңбек етіп, бертінде дүние салды. Зайыбы Қойшан екеуі елге сыйлы шаңырақ иелері болды. Ал, Молдағалидың тағдыры сәл басқаша өрбіді. Өрбай атамыздың бес баласының үлкені Тәкеннің кіндігінен өрген бала болмаған соң, ол кісі Молдағалиды бауырына басып қана қоймай, «метіркесін» өзінің атына жаздыртып та алған. Ақын Иманжан Жылқайдаров бір әңгімесінде: –Тәкен қараторы, көзі мойылдай қара, сөзге өте шешен, күй тартып, өлеңді домбырамен нақышына келтіріп айтатын жігіт еді – деген болатын. Тегіне тартпай тұра ма, ол да өте алғыр, пысық, сөзіне елді үйіре алатын азамат болғасын шығар, 1916-1917 жылдары Қасқабайдың Хасенін Ұлытау өңірінде хан көтергенде, Тәкен ағамыз Хасеннің үш биінің бірі болып сайланған екен. Ол кісінің зайыбы атақты Бұзау болыстың қызы. Есімі – Балқыз. Алланың бұйрығы шығар Тәкең 32 жасында өмірден озады. Сосын ескілікті әмеңгерлік жолмен Балқызды менің әкем

Байбосынға қосқан. Мен Бұзау болыстың туған жиенімін. 1935 жылы дүниеге келген Молдағали еңбекке ерте араласты. «Соғыс жылдарының баласы» ғой, кейін тыл ардагері ретінде құрмет көрді. Шахтада 28 жыл, 5 ай, 2 күн жұмыс істеп зейнеткерлікке шықты.

Өрбай атамыздың тағы бір баласы Базыл да тағдырдың тауқыметін аз тартқан жоқ. Ол 1894 жылы ата қонысы «Қызылжарда» дүниеге келді. Байдың баласы болғасын «не ішем, не кием» дегенді ойламай өскені рас. Ендеше, «қашан тауқымет тартып жүр?» деген орынды сұрақ туындайды. Бұл былай...

Ол 12-13 жасында Атбасар жағына барып, дін оқуын оқыған, содан соң елге келіп, жас болса да, бала оқытуды қолға алады. Әрине, дін оқуына. Оның білімділігіне тәнті болған халық оған «кәттә молла» деген ат қояды. Бірақ, жасы жиырмадан аса бере ол бала оқытуды қойып, шахтаға жұмысқа тұрады. Бұл 1914-1915 жылдар болса керек. Бір ғажабы, ол сол тұстағы аласапыранды оқиғалардың ешқайсына араласпай, тек өз міндетін атқарып тып-тыныш қана жүруді ойлайды. Патша тағынан тайған соң, жаңа өкіметтің хабары жеткен кезде ағылшындар буынып-түйініп елдеріне қайтады. Дегенмен, өндіріс жұмысын тоқтатпайды. Ол кісі «№1 шахта мен №8 шахтаның арасындағы штректе істедім» дейтін. Кейін екеуміз сол штрекке түсіп те көрдік. Бірақ, тым аласа болғандықтан, шамалы жүрген соң, одан әрі бойлай түсуге қауіптеніп, кері қайттық. Сөздің арасында айтып жатқаным болмаса, ең басты айтқым келгені бұл емес. Шахта жұмысын атқарып, озат кеншілер қатарынан көрініп, «стахановшы» атанған, Коммунистік партияның мүшелігіне қабылданған Базылға 1938-дің ойранында «халық жауы» деген айып тағылады. Бұған Жезқазған – Ұлытау аймағына әйгілі Бұзау болыстың баласы Ыбырайдың «халық жауы» атанып, ату жазасына кесілгені себеп болады. Өйткені, олар бір-бірімен

құдандалы жандар ғой. Соны әлдекімдер «пайдаланып» қалғысы келіп, арыз түсіреді. Жазғыштар «дін оқуын оқытқан кәттә молла» болғанын да қосып жазады. Сөйтіп, жазылған арыз қараусыз қалмайтын заман ғой, Базылды Қарсақбайға шақырып, аудандық партия комитетінде мәселесін қарап, «сен – халық жауысың» дегенді ашық айтады да, партиядан шығарып, билетін алып қояды. Бұл дегеніңіз «енді ұсталасың» деген сөз болатын. Айналада болып жатқан түсініксіз жәйттерден жақсы хабардар Базекең істің беталысының қайда бұрылғанын сезе қояды. Сәтін салғанда, партбилетті тапсырып сыртқа шықса, бір машина Қарсақбайдан Жосалыға қарай жүргелі тұр екен. Ол кісі сол көлікке отырып, Жосалыға жетеді де, одан әрі Самарқаннан бір-ақ шығады. Әрине, мұны біз кейін білдік. Базекең сол кеткеннен елге тек соғыстан соң оралған ғой. Әрине, отбасы, ағайын-туыс бұдан хабарсыз болды. Үйіне іздеп келген милиция өкілдеріне әйелі «Оны өздерің өлтіріп тастап, өтірік іздеу салып жүрсіндер» деп, айқайлап, қарғап-сілеп жататыны есімде. Олар мені баласынып «ағаң келіп-кетіп жүр ме?» деген сұрақтар қойып, сыр тартқысы келетін. Милиция алғашқы жылдары ай сайын келіп, үйдің іші-сыртын тінтіп кететін. Кейін жоқ екендігіне көздері жетті ме, жоламайтын болды. Базекеңнің қайда кеткені өзімізге де жұмбақ күйінде қала берді.

Сөйтсек, Самарқанға жеткен ол одан әрі Ресейдің Қорған қаласына барыпты. Ол жерде қалың Найман екен. Бірақ, қанша дегенмен елге жақындайын деп, Мырғалымсайға келіп, жұмысқа орналасып, әліптің артын бағып жүргенде соғыс басталып, майданға аттаныпты. Соғыста тұтқынға түсіп, екі жылдай уақыт өткенде 1945 жылы кеңес әскерлері келіп босатады.

Елге келген соң ол күзет бөліміне жұмысқа тұрды. 1957 жылы сәуірдің 11-і күні Базыл №42 шахтада комбинаттың кассасын күзетіп тұрғанда қарақшылар түнгі сағат үш

жарымның шамасында кассаға шабуыл жасап, бес күзетші қаза табады. Олардың арасында Базекең де бар еді. Қуғын-сүргіннен, тұтқынның тозағынан аман-есен оралған ағамыз аяқ астынан қарақшылардың қолынан осылайша қаза тапты. Міне, бұл да тағдырдың жазғаны. Артында Нұрахмет деген бір ер бала, екі қыз қалды.

Жансақалдың сегіз ұлының үлкені Орынбайдың ұрпақтарының да бір-екеуінің тағдырына тоқталып өткім келеді. Өйткені, олардың тағдыры да елдің тарихымен тығыз байланысты.

XX ғасырдың 30-жылдары қазақ үшін ең бір қасіретті кезең. Ұлттық тамыры балталанған, ескі кәсіп көзінен айрылған қазақ бұрын-соңды болмаған алапат ашаршылыққа душар болды. Ел ең далада босып кетті. Сол тұста біздің аталарымыздың бірсыпырасы оңтүстікке қарай ауып барып, жан сақтап қалды. Солардың бірі – Орынбай атамның Арыстан есімді баласынан туатын Әбушахман еді. Ол еті тірі, көзі қарақты, сауаты жүйрік жан болғасын барған жерінде тез көзге түседі. Ащысай полиметалл комбинатына жұмысқа тұрған оны көп ұзамай қорғасын өндірушілер бригадасына бригадир етіп тағайындайды. Стахановшылар қозғалысының дүркіреп ұрған шағы ғой, Әбекеннің бригадасы да осы қозғалысқа іспен жауап беріп, жоғары еңбек көрсеткіштеріне жетеді. Оның суреті комбинаттың Құрмет тақтасына ілінеді. Соғыс басталғанда арнайы броньмен әскерден босатылады. Ол жаумен еңбек майданында шайқасып жатады. Сол еңбегі өкімет тарапынан лайықты бағаланып, ол 1946 жылы «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталады. Соғыстан соң Әбекен Кентау қалалық паспорт столының бастығы болды. 1948 жылы соңынан ерген жалғыз бауыры Ізтай қайтыс болады. Ол да шахтада жұмыс істеген екен. Ауыр жұмыстың ақыры ауруға ұшыратыпты. Қара суық дегеннің қандай жаман болатынын

белгілі. Оңтүстік жақта кісі қайтса оның жақындары көңіл айта келген елді есіктің алдында, яғни, сыртта тұрып қарсы алады. Әбекең де інісінің армасын айта келген көпшілікті сырттан қарсы алып жүргенде, өзіне суық тигізіп алады. Мұның соңы өкпе ауруына ұласады. Қаншама емделсе де жазылмайтынын сезген соң, маған хат жазып жіберіпті. Хатында «Егер өзім олай-бұлай болып кетсем, балаларым елден жырақта қалып қоюы мүмкін. Сондықтан, оларды көзімнің тірісінде елге қосып кетсем» деймін, қандай көмегің бар?» депті. Мұндай хабар жеткен соң, қалайша қарап отырасың?! Дерев жолға шықтым. «Барып көзіммен көрейін, өзімен ақылдасайын» дедім. Бардым, бірнеше күн қасында болдым. Көшіріп әкеткім келетінін де айттым. Әбекең өзінің жолға жарамайтынын айтып, көшуден бас тартты. Бірақ, қасына он алты жасар Мұрат деген баласын шақырып алды да: – Мынау ағаң не айтады, соны тыңдайтын бол – деді. Шамалы уақыттан соң, Мұрат қыдырып келіп, осындағы туыстармен танысып, аунап-қунап қайтты. Әбушахман ағамыз 1959 жылы қайтыс болды. Ол қайтарының алдында әйелі Алтынға «менің жылымды бергесін Жезқазған жағына көшіңдер, балалар туған-туыстан алыстап, жат болып кетеді» деп, аманаттап кетіпті. Біз ол кісінің аманатын жерде қалдырмадық. Жылы берілген соң, комбинаттың кәсіподақ комитетінде істейтін Өміржан деген ағамыз машина тауып беріп, Алтын жеңгеміздің сіңлісі Балкүміс пен күйеуі Сейтжанды Кентауға жіберіп, ағамыздың үйін көшіріп алдық. Келгесін ағайдың бала-шағасы Оңдыбай ағамыздың үйінде екі-үш ай тұрып, кейін Сейфуллин көшесіндегі иесі көшіп кеткен бос қалған үйге кірді. Мұрат сол жылы Алматы политехникалық институтына оқуға түсті. Қарындасымыз Мәкен он бес жасынан орталық ауруханаға санитарка болып тұрды. Бүгінде ағамыздың балаларының өздері бір-бір үй болып отыр.

Ел басына түскен нәубет салдарынан туған жерін тастап кетуге мәжбүр болғандардың бірі Аққошқар ағамыз еді. Ол сол кезде 70-ке жақындап қалған екен. Егер жағдай жақсы, тұрмыс оңды болса, кәрі сүйегін сүйретіп, оңтүстікке ауа ма? Қолдағы малдан айырылғасын, жалпы қазақтың басына төнген ашаршылық нәубетінің бұғауына ілігіп, бала-шағаға тамақ тауып беру қиындай түседі. Оңтүстікке қарай ауыл үстінен өтіп жатқан босқындарды көріп, «бір күні болмаса, бір күні мына төтеннен келген нәубет өрімдей өсіп келе жатқан балаларыма да ауыз салуы мүмкін ғой» деген ойға келген Аққошқар аға да отбасын бастап, әлгі босып бара жатқан елге қосылады. Қасына Қойшығара деген туысқанын да ерте кетеді. Көпті көрген ағамыздың мұнысының дұрыс болғанын өмір көрсетті ғой. Кентауға жеткен бетте сол маңдағы өндіріс орындарына ұлдары, атап айтқанда, Сәулембегі шахтадан Түркістанға қорғасын тасымалдайтын теміржол станциясына, Әлімбегі Ащысай комбинатына бұрғышы болып орналасқаннан кейін ғана Аққошқардың отбасы аузын арандай ашқан ашаршылықтан әуірімдеп аман құтылады. Бұл кезде ашаршылықтың қыспағынан құтыламыз деп, туған жерді тастап келген Наймандардың қарасы Ащысайда едәуір екен. Олар бір-бірімен табысып, туыстай болып кетіпті. Соғыс алдында жағдай түзеліп, көрген қиыншылық көрген түстей ұмытыла бастайды. Халық осындай мамыражай күй кешіп жатқанда қырғын соғыс басталады. Тағы да ел басына қатер төнеді. Аққошқар ағамыз ашаршылықтан құтқарып қалған ұлдарының енді соғысқа аттанатынын білгенде қатты қиналады. Бірақ, ер жігітке Отан қорғау – міндет. Дегенмен, қай ата-ана баласының оқ пен оттың ішіне енгенін қалайды дейсіз? «Тым болмаса, біреуі елде қалса екен» деп тілеген Аққошқар ағаның тілегін Құдай естігендей Сәулембегі броньмен елде қалады, ал, әлі жиырмаға да толмаған Әлімбегі майданға аттанады. Ол алғашында әкесіне жиі хат жазып,

хабар беріп тұрады. Сонда майданнан келген әрбір хатты қолына ұстап, көкірек тұсына басып, ұлының өзін көргендей болып, біраз уақыт еміреніп отырады екен жарықтық.

«Біреудің ажалы судан, біреудің ажалы октан» демекші, Сәулембектің ажалы теміржол апатынан болды. Апат кезінде ауыр жарақаттанып қалған Сәулембек ақыры жазыла алмай, содан қайтыс болып кетті. Әлімбек Алматыда жасақталған 100-атқыштар бригадасының құрамында Мәскеуді қорғауға қатысады. Бірақ, бір ұрыста жау жағы басым түсіп, бұларды тұтқынға алады. Қыстың көзі қырауда аш-жалаңаш күйде Германияға айдалады. Атақты Заксенхаузен концлагерінің барлық ауыртпалығын бастан өткерген Әлімбек 1945-тің сәуірінде Кеңес әскерлері барып азат еткенде төбелері көкке жеткендей қуанады. Амал не, қуаныштары Ұлы Жеңістен соң су сепкендей басылады? Қалай? Неге? Өйткені, Кеңес өкіметі тұтқынға түскендердің бәрін бірдей «сатқын» деп есептеді. Сөйтіп, кімнің ақ, кімнің қара екенін анықтап жатпай-ақ, шетінен соттады. Әлімбек те Владивосток жаққа жер аударылады, сондағы шахталардың біріндегі еңбек армиясына жұмысқа жегіледі. Сәтін салғанда, оған көп мерзім берілмейді. 1947 жылы жазасын өтеп елге оралады. Тағдыр дегенді кім түсініп болған?! Әлімбектің тұтқында болуы себепті сотталып кеткенін естіген әйелі оның келгенін күтуге шыдамай, басқа біреуге тұрмысқа шығып кетеді.

Ол елге келгесін шахтаға тұрып, соғысқа шейін істеген үйреншікті жұмысын жалғастырады. Сотталып, жер аударылып жүргенде де шахтада жұмыс істегені бар, Әлібекке бейбіт еңбекке араласып кету соншалықты қиындық тудыра қоймайды. Бірақ, неге екенін отбасын құруға асыға қоймайды. Сөйтсе, оның өз ойлағаны бар екен. Бірде оған жеңгелерінің бірі: – Қайным-ау, осылай жүре бересің бе? Соғыс бітті, одан кейінгі қысымшылықты да көрдің. Жұмысың бар, қол-аяғың балғадай азаматсың. Тезірек бір басыңды екеу етпесен, ертең

сопайып жалғыз қалып қоюың мүмкін – деп әрі ақыл қоса, әрі сырт тарта сөзге шақырады.

– Үйленуді, үй болуды ойламай жүргенім жоқ. Жастай қосылған жарымнан тағдыр айырды. Оны «күтпеді» деп кіналағым келмейді. Ал, енді неге үйленбей жүргенімді айтсам, менің ойлайтыным – сендердің қамдарың. Ағам болса өмірден озды. Ал, сен мынау шиеттей баланы өзің жеткізе аласың ба? Ертеден қалған «Аға өлсе – іні мұра» деген жол бар емес пе еді? Бауырымның балаларына өзім бас-көз болайын. Сенің басың болса әлі жас. Ертең басқа біреудің етегінен ұстап кете барсаң, балалар да саған еріп кетпей ме? Өзің әңгімені бастаған екенсің, ендеше, менің айтарым – осы – дейді Әлібек. Сөйтп, олар өз ойларын ағайын-туыстың ортасына салады. Ағайын не десін, әрине, қостайды, қолдайды. Осылайша, отау құрған олар 1951 жылы оңтүстік өңірден ата-баба мекеніне көшіп келді. «Бір бейнеттің бір зейнеті бар» демекші, Әлекең зейнет демалысына шығар кезде, шахтадағы еңбек өтілі жетіңкіремей қалды. Сонда ол сонау Владивостокқа хат жолдап, сол жақтағы шахтада жұмыс істегені жөнінде анықтама алдырды. Олардың үрім-бұтақтары да қазір өсіп-өніп, бабалар жолын одан әрі жалғастыруда. Сәулембек бауырымыздың өзі соғысқа бармаса да, оның ұлы Базылбек оттың ортасында болып қайтты. Ол Сталинград үшін шайқасқа қатысқан. Әрине, Сталинградты алу – фашистер үшін Мәскеуді басып алудан да артық еді. Өйткені, ол ұлы Сталин атындағы қала ғой. Сондықтан, бұған екі жақтан да бар күштің жұмылдырылғаны сөзсіз. Жау жағы алуды, біздің жақ қорғап қалуды мақсат тұтқандықтан ондағы ұрыс-қимылдарының қандай болғаны айтпаса да түсінікті. Сол шайқастардың белортасында болған Базылбек бірде ауыр жараланып қалып, содан ақыры елге 1-топтағы мүгедек болып оралады. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деген рас. Сол қасаптың ішінен қалай аман қалғаным таңым бар» дейтін еді ол.

Осы жерде өзімнің әкем туралы да айта кеткенді жөн көріп отырмын. Ата-бабасы алдарына үйір-үйір жылқы, отар-отар қой біткен бай болса да, өзін «Кенес өкіметінің тәркілеуінің кесірінен көп кедейдің біріне айналдым» деп санаған Байбосынның есігінің алдында төрт түліктің қайсысынан болса да, мал басы үзілмеген екен. Бірімізді біріміз түрткілемесек жүре аламыз ба? Бірде ауданға «Анау Өрбайдың баласы Байбосын өкіметтің шешіміне қарсы ма? Ол неге 2 нар, 3 бие, 4 сиыр, 10-15 шақты қой-ешкі ұстап отыр? Неге оған шара қолданбайсыздар?» деген арыз түседі. Арыз түссе, тексеріледі. Обалы нешік, арыз жала емес, шындық. Өкіметтің жеке қолда ұстауға рұқсат берген мөлшерінен артық мал басын ұстап отырғаны анықталған Байбосынды кәдімгідей түрмеге қамап тастайды. Бірақ, соншалықты көп отыра қоймағанға ұқсайды.

Колхоздың көп шаруасының бірі болып тірлік кешіп жүрген әкем жастайынан малға жақын, қазақшалап айтқанда, өте малсақ адам еді. Кеңес өкіметін жақтыра қоймаса да, колхоздың малына үнемі жанашырлық көзқараспен қарайтынын сезетінмін. Егер уақытылы қырқылмаған қойды көре қалса, «мынаны бағып жүрген қай қойшы, кім екен өзі? Құдайдың мынау ыстығында өзіне тон кигізіп, қол-аяғын байлап, күннің көзіне отырғызып қояр ма еді, сонда түсінер еді малдың жайын» деп бір кіжініп қалатын. Әлгі қойшыға кездесе қалғанда өзіне ескертіп жататын. Табиғатынан ұсталығы, қолының шеберлігі бар еді. Ағаштан домбыра жасайтын. Сосын ән-күйге де ыңғайлы еді. Бірақ, неге екенін домбыраны көбіне көңілсіздеу кезінде қолға алатын. Егер әкем «Бозінгенді» тартып отырса, демек, әлденеге көңілі толмай отырғанын сезе қоятын едік. Ашып айтпаса да әкем өмірден Кеңес өкіметін жақтырмай өткен жан болды деп ойлаймын. Неге? Өйткені, колхоздың отымен кіріп, күлімен шығып шаруасына жегілгенде өкімет оған 11 сом көлемінде зейнетақы

тағайындады. Мұны естігенде әкем қорланып кетті. «Маған адресін тауып беріндерші, осы ақшаны сол өкіметіңе өзім-ақ төлеп отырайын» деп, зейнетақы алудан бас тартқаны есімде. Ақыры, алмады. Сонда әкеме «Әке-ау, бұрынғыдай жұмыс та істемейсіз, сонда ақшаны қайдан табасыз?» деп сұрақ қойған едім. Ол менің сөзіме кәдімгідей салмақты түрде «Қолым аман болсын» деп жауап қайтарған еді сонда. Мұның мәнісі, әлгінде жазғанымдай, ол кісінің қолынан келмейтіні жоқ еді. Анама бөрік, тұмақ пішіп беріп отыратын. Шана жасайтыны бар еді. Кішкентай кезімде әкемнің жасап берген шанасымен талай сырғанадым ғой!

Дінге деген адалдығынан айнымай кетті. Намазын қаза етпеді. Дінге еркіншіліктің жоқ кезі ғой. Намаз уақыты келгенде мені үйдің сыртына «күзетке» қоятын. Бейтаныс адам немесе бастықтардың біреуі келе жатса, дереу жөтеле қоятынмын. Бұл әкеме берілетін «сезіктілер келе жатыр» деген белгі болатын. Сөйткен әкем 1953 жылдың 30 қарашасында мәңгілікке сапарына аттанды.

Міне, біздің әулеттің азды-көпті әңгімесі осындай. Тағдырдың сан қилысын бастан кешіріп, сонда да өмірге деген іңкәрлігін жоғалтпаған марқасқаларым менің! Олардың тектілігін бойыма қаншалықты дарыта алдым, сіңіре білдім, мұны айналамдағы ел айтсын! Бір білетінім – өмірбақи олардың атына жаман сөз келтірмеуді ойлаумен болдым. Ешқашан асып-тасқаным жоқ, ешкімді алдап-арбағаным жоқ. Өзім мұны бабалар алдындағы адалдығым, солардан қалған тектіліктің сарқыншағының жемісі деп білемін.



## ЗАҢҒАР ЗАМАНДАСТАР

Тоқсанға тақаған жасымда көп адамдармен араластым. Жақсы, жаманды аз көргенім жоқ. Өзіме жол сілтеген ағалар да көп болды, ізетінен жаңылмаған інілерім де жетерлік. Дегенмен, мен өзім өте жақын араласқан, замандастарым туралы айтпақпын.

Мұхамбет Көпеев есімді азаматтың есімі елге жақсы таныс. Ол ҚР Парламенті Мәжілісінің, кейін Сенаттың Төрағаларының орынбасары болды. Өзіміздің Жезқазған - Рудниктен шыққан, көз алдымызда өскен азамат. Неге ол туралы айтып отырмын? Оның әкесі Жұманазар екеуміз кластас едік. Ол менің досым еді. Өте алғыр, зейіні зерек жігіт болатын. «Оқымаған академик» десе әбден болғандай. Шахтаның қыр-сырын оқығандардан артық білетін. Бірде Мәскеуден келген комиссия оның жұмысын көріп, көздерін жұмып, таңдайларын қағып кеткені бар. Жұманазар ортаның гүлі еді. Ән салғанда ұшып жүрген шыбынның өзі тұра қалып тыңдайтындай әсерге бөлейтін. Тамаша асаба болатын. Мен соғыс уақытында үйлендім. 1944 жыл еді. Шахтада жүрген кезім. Сол жылы Бибігүл есімді қызбен бас қостым. Ол Сарғалдақ ішіндегі Қарлығаш тармағына жататын Слат деген кісінің қызы болатын. Бибігүл анасынан жастай жетім қалыпты. Әкесі жаңаша сауатсыз, бірақ, дін жолын қатты ұстанатын кісі екен. Қашан болсын атақты Сарымолданың, яғни Балмағамбет Балқыбайұлының қасында жүретін. Бибігүл екеуміз қосылатын кезде әке-шешем Байбосын мен Әнипа Жетіқоңырдың құмында колхоздың қойын бағатын. Уақыт қиын болғанмен, үйлену тойын жасадық. Әке-шешенің батасын алып Рудникке оралған соң, Рабиға апам жора-жолдастардың басын қосып, тағы да той жасады. Жұманазар басқарды тойымызды. Қазіргідей даңғыраған музыка жоқ, бірақ, домбырамен-ақ тойдың сәнін келтіріп, салтанатын

асырып еді. Соғыстың салмағынан езілген еңсемізді көтерген әдемі сәттер еді сол күндер. Қайран жастық! Батыста соғыс жүріп жатқанын бір сәт ұмытып, өмірдің тамаша қызығына шомылып кетіп едік-ау!

Соғыстан оралған соң шахтаға жұмысқа тұруға барсам, қарсы алдымнан Жұманазардың кездесе кеткені. Екеуміз көптен көріспеген едік, қуана қауыштық. Менің да шахтаға тұрғалы жатқанымды білгенде тіпті қуанып кетті. «Бір мектепте, бір класта оқып едік, енді шахтада да бірге боламыз» деген Жұманазардың қуанғанын көріп, менің де көңілім тасыды. Біз тек шахтада ғана емес, былайғы өмірде де бірге жүрдік.

Ол Мейрамбай дейтін ел арасында аса беделді кісінің Қали есімді керемет сұлу қызына ғашық болды, екеуінің тілегі бір жерден тоғысып, жүрек жарастырды. Амал нешік... Жұманазар өмірден ерте кетті. Оның ауырып қалғанын естіген бойда дегбіріміз қашты. Екі күннің бірінде дерлік қасынан табылатынмын. Ақырғы бір барғанымда «Беу, Шермұхамбет-ай! «Дүниенің кеңдігінен не пайда, егер етігің тар болса» демекші, тынысың тарылса, даланың кеңдігін де сезіне алмай қалады екенсің. Ауа жоқ секілді. Сарыарқаның салқын самалы соқпай қалғандай күй кешіп жатырмын. Туған жердің саф ауасын терең тыныстап жұту – арманым» деген еді. Мен ішімнен егіліп отырдым. Қандай азамат еді?! Содан көпке ұзаған жоқ, Жұманазардан айрылды. Намазына күллі Рудник жиналды десем артық емес. Аса абыройлы еді ғой! Арада 4-5 жыл өткенде Қали да өмірден озды. Үйелмелі-сүйелмелі балалар әлі кәмелетке де тола қоймаған еді. Солар өмірмен күресіп жүріп жетілді, айтулы азаматтарға айналды. Мұхамбеті әлгінде айтқанымдай ел танитын тұлға болды. Міне, әкеге тартып туған ұл деген сол!

Тағдыр маған Шайхыслам Аймышев есімді азаматпен көптеген жылдар бойы бірге жұмыс істеуді нәсіп етті. Өйткені,

мен 1973 жылы Жезқазған кен-металлургия комбинаты кадрлар бөлімі бастығының Рудник алаңы бойынша орынбасары болып тағайындалдым. Ал, бастығым – Шайхыслам Аймышев еді. Шәкең кезінде партия жұмысында ысылған тәжірибесі мол азамат болатын. Ол Қарсақбай аудандық партия комитеті үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған кісі еді. Сөзге шеберлігімен, істің қыбын таба қоятын қасиетімен ерекшеленуші еді. Көп жылдар комбинат басшысы болған Виктор Васильевич Гурба Шәкеңді айрықша бағалады. Қазіргілерге бәрі оңай көрінетін шығар, ал, Кеңес заманында қызмет тізгінін ұстаған қазақтар нағыз оттың ортасында жүретін. Таразының бір басында ұлтыңның намысы тұрса, екінші жағында орыс өктемдігі ызғарын шашып тұратын. Сол арадан жол табу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Жас қазақ баласы институттан соң жұмысқа келсе, шахта, кеніш басшылары оларды қосалқы жұмыстарға пайдалана тұруды әдетке айналдырып алған еді. Шәкең сол сенді біртіндеп бұза білген адам. Сол сияқты, өндірістік тәжірибе алмасу мақсатында шет елдерге де басқа ұлт өкілдері ғана жіберіліп келгенін байқаған Шәкең мұны да ретке келтірді. Соның арқасында көптеген қазақ азаматтары шет жұртты көріп, тәжірибе жинақтап, өз білгендерін үйретіп те жүрді. Ол әрине, білікті мамандарды жіберетін. Ал, олардың жұмысына риза болғандықтан шетелдерден комбинаттың атына жылы лебізді Алғыс хаттар жиі келіп жататын. Міне, саясаткерлік деген!

Шәкеңнің тағы бір ерекшелігі, бұл – адамды тани білетіндігі. Ол кадр бөлімінің басшысы ретінде Руслан Борисович Юнді комбинаттың директорлығы мен бас инженері қызметіне резервке енгіздірді. Ал, ол кезде Руслан тіпті, жас болатын. Бірақ, тамыр – таныстық, кадрді білігіне емес басқасына қарап бағалау белең алған уақытта бір рет бас директордың, екі рет бас инженердің орыны босаса да,

резервте тұрған әрі жергілікті маман екеніне қарамастан Русланға жоғарыдан қолдау болмады. Тек еліміз Тәуелсіздік алған тұста ғана комбинат басшыларының біріне айналды. Қатар жатқан қос қала – Жезқазған мен Сәтбаев сол жылдары комбинаттың арқасында жылудан, жарықтан кендешілік көрді ме? Мен өндірістік табыс туралы айтып та отырғаным жоқ. Шәкең ұлтын сүйетін, бірақ, адамдарды ұлтқа бөлуге қарсы еді. Әділетті жақтайтын.

Кәкімбек Салықов сынды қазақтың ірі ақыны, мемлекет және қоғам қайраткерімен де замандас болдым, өте жақын болмасақ та сәлеміміз түзу болды. Ол мені, мен оны құрмет тұттық.

Кәкімбектің «Покро» шахтасын басқарған кезін жақсы білемін. Ол сонда бастық болып келгенде шахта бір жағына қисайып, құлап жатыр еді. Соны Кәкең аяғынан нық тұрғызды. Жұмыскерлердің басым көпшілігі істі болып сотталған жандар еді. Араларында нақақтан нақақ сотталып кеткендер де болды ғой, бірақ, көпшілігі нағыз қылмыскерлер еді. Кәкең солардың бәрінің көңілінен шыға білді. Ол шахта ұжымын жұмылған жұдырыққа айналдырды. «Покроның» атағы дүрілдеп шыға келді. Кейін Кәкімбек комбинаттың парткомы болды, Жезқазған қаласын басқарды. Жезқазған облысы ашылғанда екінші хатшы болды. Кейін Мәскеуге, одан Қарақалпақстанға кетті. Қай жерде қандай қызметте жүрсе де өлеңі мен әнін тастаған жоқ. Сондай-ақ, ол ешқашан кішіпейілдігінен айнымады. Кәкімбекті Кәкімбек еткен де сол қасиеті! Ол Шәкеңмен де жақсы араласатын, жиі әзілдесетін. «Шайхысламның айтқандары» дейтін тақырыппен жазған өлеңінде Кәкімбек Шайхысламның портретін өлеңмен тамаша жеткізе білген.

– Бастығыңның итіне сүйек тастай сал,  
Атына сұлы бергейсің.  
Қауіпті жерде адасқан көшін бастай сал,  
Қызықта үнсіз ергейсің.

Мадақтауға «шаппай бер» ерен жүйрік бол,  
Қанардай шөлі дөкейдің.  
Ұшса қанат, қонса ыңғайлы құйрық бол,  
Саулығы үшін «көкенің».  
Бақыт құсы қарамайды жастыққа,  
Шын талантты бала дер.  
Ешқашанда пара берме бастыққа,

Алдына жиі бар бер – деген бес-алты ауыз жолға Шәкеңнің тілінің майдалығы, адалдығы және т.т. қасиеттерін қалай сыйдыра білген?! Кәкімбек кейін еңбек демалысына шыққан соң Қаныш Сәтбаев қорына жетекшілік жасады. Мұнда да қыруар жұмыстардың ретін таба білді. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың мерейтойын ЮНЕСКО шеңберінде атап өту барысында Кәкімбектің іскерлік, ұйымдастырушылық қабылеті зор роль атқарғаны анық. Оның өзі де Қанекеңнің лайықты ізбасарларының бірі еді.

Жезқазған кен өндірісінде өзіндік орны бар тұлғалардың бірі, менің досым Сандыбай Битанов еді. Өкінішке орай, оның есімі ауызға алына бермей, ұмыт қалып барады. Ол Шымкент өңірінің тумасы болатын. Біздің Жезқазғанға 50-жылдардың ортасында келді. Нақтырақ айтқанда, 1956 жылы «Покроның» №5 учаскесіне бастық болып келді. Жап-жас жігіт. Қазақша, орысшаға бірдей. Жұмыстың ығын білетінін келе сала байқатты. Учаскені өрге сүйреді. Жоғары оқу орнын бітіріп келген маманның бәрі бірдей нақты өндіріске жұмысқа кіріскенде көсіліп кете алмай, кібіртіктей беруші еді. Сандыбай ондайлардың қатарынан емес екен. «Оқып жүргенде тәжірибеден өту кезінде көп нәрсені ұғуға, түсінуге ұмтылдықы қой. Соның нәтижесі болар» дейтін кейінірек мұның сырын сұрағанда.

Ол қоғамдық жұмысқа да ыңғайлы болып шықты. Мұны жоғары басшылық та байқады білем, оның кандидатурасын кәсіподақ комитетінің төрағалығына ұсынды. Кеншілер

Мадақтауға «шаппай бер» ерен жүйрік бол,  
Қанардай шөлі дөкейдің.  
Ұшса қанат, қонса ыңғайлы құйрық бол,  
Саулығы үшін «көкенің».  
Бақыт құсы қарамайды жастыққа,  
Шын талантты бала дер.  
Ешқашанда пара берме бастыққа,

Алдына жиі бар бер – деген бес-алты ауыз жолға Шәкеңнің тілінің майдалығы, адалдығы және т.т. қасиеттерін қалай сыйдыра білген?! Кәкімбек кейін еңбек демалысына шыққан соң Қаныш Сәтбаев қорына жетекшілік жасады. Мұнда да қыруар жұмыстардың ретін таба білді. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың мерейтойын ЮНЕСКО шеңберінде атап өту барысында Кәкімбектің іскерлік, ұйымдастырушылық қабылеті зор роль атқарғаны анық. Оның өзі де Қанекеңнің лайықты ізбасарларының бірі еді.

Жезқазған кен өндірісінде өзіндік орны бар тұлғалардың бірі, менің досым Сандыбай Битанов еді. Өкінішке орай, оның есімі ауызға алына бермей, ұмыт қалып барады. Ол Шымкент өңірінің тумасы болатын. Біздің Жезқазғанға 50-жылдардың ортасында келді. Нақтырақ айтқанда, 1956 жылы «Покроның» №5 учаскесіне бастық болып келді. Жап-жас жігіт. Қазақша, орысшаға бірдей. Жұмыстың ығын білетінін келе сала байқатты. Учаскені өрге сүйреді. Жоғары оқу орнын бітіріп келген маманның бәрі бірдей нақты өндіріске жұмысқа кіріскенде көсіліп кете алмай, кібіртіктей беруші еді. Сандыбай ондайлардың қатарынан емес екен. «Оқып жүргенде тәжірибеден өту кезінде көп нәрсені ұғуға, түсінуге ұмтылдықы қой. Соның нәтижесі болар» дейтін кейінірек мұның сырын сұрағанда.

Ол қоғамдық жұмысқа да ыңғайлы болып шықты. Мұны жоғары басшылық та байқады білем, оның кандидатурасын кәсіподақ комитетінің төрағалығына ұсынды. Кеншілер

кабылдады. Арнольд Янович комиссияға менің партиялығымды қалпына келтіру туралы ұсыныс енгізді. Комиссия қолдады. Сөйтіп, А.Я. Пельшенің кабинетінен зор қуанышпен шықтым. Комиссия шешімінде мені партиядан шығарған ұйымға, партбилетімді қайта тапсырғаны туралы дереу хабарлау міндеті де жүктелген еді. Содан күнде келіп жатырмын ба, жақсылап аралайын, қыдырып, демалайын деп Мәскеуде әжептәуір жүріп қалдым. Бір айға жуық жүріп келсем, үйімнің есігінің алдында сол кездегі қала басшысы жүр екен. Маған партбилетімді тапсыруға келіпті. Өйткені, Мәскеуге «партбилет тапсырылды» деп жауап жазу керек қой. Өзіме қиянат жасағандарды сөйтіп бір қинағаным бар – деп күлетін еді Сәкең. Оның бәлкім, өмірдегі жалғыз «қиянаты» сол болған шығар, егер сол әрекетін солай деуге болса...

Ол Ахмет Байтұрсыновтың төте жазуын жақсы білетін. Қайда жүріп үйренгенін өзі біледі. Атақты фольклоршы Мардан Байділдаевпен бір жақындығы бар еді. 1960-жылдардың бас кезінде «Рүстем - Дастан» дейтін дәу кітап шықты. Бұл атақты Фирдоуси жазған «Шаһнаменің» бір үзiгi болатын. Сонда Сандыбай «Мына кітаптың шығуына менің де үлесім бар» деп қалды. Содан оның сөзінің астарын сұрастырсақ, мәселе былай екен.

Кезекті еңбек демалысында Сәкең Алматыға демалуға барады. Әрине, алдымен Мардан Байділдаевқа сәлем бере бармай ма? Сөйтсе, Мардан соның алдында ғана Қызылорданың Қармақшы өңірінде болып, Тұрмағамбет Ізтілеуовтің Фирдоусиден аударған «Шаһнамесінің» қолжазбасын әкеліп, қазіргі қаріпке түсірте бастаған екен. Сандыбайдың төте жазуды оқып, жаза алатынын білетін Мардекең «Сені мұнда Құдай айдап келген шығар, ал, кәні іске кіріс» деп қолжазбаның белгілі бір бөлігін беріп, төтемен жазылғанды кириллмен жазып шығуды міндеттепті. «Мардекең айтқасын амал қайсы? Демалысты ысырып қойып,

тағы екі-үш өзім сияқты жігіттермен бірге сол жұмысқа жегілдім ғой. Міне, менің бұл кітапқа үлесім бар дейтінім содан» деп түсіндірген еді.

Кеніштің партком хатшысы – биік лауазым. Бірақ, Сәкен қай қызметте жүрсе де, ешқашан аспандап кеткен жоқ. Егер кеншілердің бір шаруасына қажет болып қалса, қызмет көлігін бере салатын да, өзі жұмысқа жаяу бара беретін. Жұмыста жүріп жарақат алып қалған, еңбек демалысына шыққан кеншілерді көзінен таса етпейтін. Кәсіподақта жүргенде де, партком кезінде де үнемі оларды еске алып, «санаторий, курорттарға жолдамалары берілді ме, жоқ па?» деп, қадағалап отыратын. Ол кезде адамдардың өндірісте қаза табуы өте сирек кездесетін. Сандыбай адамгершілігі алабөтен керемет кісі еді.

Сатыбалды Ескенов, Нұртілеу Жүнісов есімді азаматтарды да айрықша бағалаймын. Бұларды да жас кездерінен білемін. Өз мамандықтарының білгірлері еді. Жауапты учаскелерде өздеріне жүктелген міндеттерді әрқашан абыроймен атқаратын. Маған олардың әсіресе, ұлтқа деген адалдықтары ұнайтын. Сатыбалды атақты Жанайдар батырдың есімін жаңғырту мақсатында көп жыл еңбектенді. Көнгісі келмеген қисықтарды түзетіп бақты. Ақыры, Жезқазған қаласынан батыр атына көше берілуіне қол жеткізді. Әңгіме, сөзге де кен еді. Нұртілеудің Анненск кеніші ғимаратының маңдайшасына «Туған жер – тұғырың, Туған тіл – қыдырың!» деген ұран сөз жаздыртып қойғанына сүйсінбеген адам болмаған. Солардың бәрі де бүгінде өмірден озды. Соңдарында тек игілікті істері, жақсы аттары ғана қалды.

Әрине, айта берсе, ауыз толтырып айтарлық азаматтар баршылық қой. Дегенмен, өзіме өте жақын жігіттерді еске алып отырмын. Олар қатарластардың арасындағы, замандастардың ішіндегі заңғарлары еді.

## ИМАН ИПІМДЕРІ

Кеңестік заманда дінге қысым болды. Отызыншы жылдары қожа, молданы, қажылыққа барғандарды қудалағаны жасырын емес. Мұның шет жағасын айтып та өттім. Әрине, көңілімізден Алла Тағалаға деген сенім өшкен жоқ, діни рәсімдер түбегейлі жойылып кеткен де жоқ. Бірақ, қысым, шектеу, тіпті, сол үшін жазалау шаралары да жүріп жатты. Ал, Тәуелсіздік халықты дінімен де, тілімен де қайта табыстырды.

Сәтбаев қаласында елімізде алғашқылардың бірі болып мешіт ашылды. Дүкен болады деп салынып жатқан ғимаратты мешітке айналдырдық, Алматы жақтан арнайы имам алдырдық. Көп ұзамай-ақ қалаға жаңа мешіт керектігі айқын сезілді. Бұл мәселені қаланың сол кездегі әкімі Қанат Сұлтанұлы Балмағамбетов пен «Қазақмыс» корпорациясы басшыларының бірі Руслан Борисович Юн өзара түсіністікпен, ешқандай ың-шыңсыз тамаша шеше білді. Мешітті қаржыландыруды корпорация өз міндетіне алды. Тіпті, сол мешіт тұрған жер аумағын 49 жылға жалға алу жолымен мешіттің бар шығынын да «Қазақмыс» өзі көтеретін шешім шығарылған еді. Р.Б.Юн қызметтен кеткен соң, кейінгі басшылар бұл тәртіпті өзгертіп тастады.

2002 жылы мешіттің салтанатты ашылуы болды. Бұл салтанатқа сол кездегі Бас мүфтий Әбсаттар қажы Дербісәлі арнайы келіп қатысты.

Қаламызда болған осындай елеулі оқиға туралы үндемей қала алмадым. Алматыдан жарық көретін, еліміздің бар аймағына тарайтын «Ислам әлемі» деп аталатын журналға мақала жаздым. Ұлты корей, діні басқа болса да мұсылман қауымға мешіт үйін салып және оны қамқорлыққа алған Руслан Борисович Юн ініміздің адамгершілігін күллі халыққа әйгілегім келді. Сол жылдың аяғында журнал мені өздері жариялаған

бәйгенің жеңімпазы деп таныды. Сөйтіп, маған әулиелер мекені – Түркістан өңіріне үш күндік тегін жолдама берілгенін хабарлады.

25-30 шақты адам мінген автобус Алматыдан Отырар, Түркістанды бетке алдық. Негізі әулиелі жерлерге бару кешегі кеңес уақытында да үзіліп қалған жоқ еді. Адамдар біртіндеп баратын, бастарына түнеп, Құдайдан, әруақтардан жәрдем, көмек тілейтін. Жуырда бір мақаладан сол жақта су тасқыны болған кезде республика басшысы болған Димекен, Дінмұхамед Қонаев сол ауданның басшысына телефон шалып, «Арыстанбаб аман ба? Кесенеге абай болыңдар, су алып кетпесін» деп тапсырма беріп, қашан судың беті қайтқанша хабар алып, бақылап отырғаны туралы оқыдым. Қатардағы коммунист емес, республика коммунистер ұйымы басшысының көзқарасын қараңыз! Жалпы Димекен әруақтарға деген құрметін ешқашан жасырмаған деседі. Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың кесенесіне барғанда қабырғасын қолымен сипалап «Уақыт өзгереді, бірақ, тазалық өзгермейді» деп күбірлеген деседі. «Тазалық» дегенде ол кісінің Қожа Ахмет Яссауи ілімін айтқаны әрине, түсінікті ғой.

Міне, біз Арыстанбаб әулиенің алдында тұрмыз. Сан жүздеген жылдардың куәгері! Біздің байтақ даламызға ислам нәрін сепкен ғұлама, данышпанның мәңгілік тыныс тапқан жері! Көңіл сарайымыз ашыла берді. Кесене ішіне еніп, Бабаның қабірінің қасында отырып, рухына дұға бағыштадық. Кесене ішіндегі шағын мұражайдың айтары мол екен. Жұма күні болғандықтан жұма намазды осы кесене ішінде оқуды ұйғардық. Бұдан соң жол қасиетті Түркістанға ауды. Мұнда атақты Қожа Ахмет Яссауи кесенесі бар. Мұны күллі әлем біледі. Қожа Ахмет Арыстанбабтың шәкірті болған. Алпыстың үшіне толған соң, жер астына түсіп, содан қайта көтерілмеген. «Жалған дүниені одан әрі қызықтап жүретіндей Пайғамбарымнан артық емеспін» деген жарықтық сол

ұстанымына адалдығынан айнымай, жер астынан қазып алған үйшігінде отырып-ақ тамаша «Хикметтер» жазған, соңына мұра етіп қалдырған.

Қожа Ахмет кесенесінің маңына ұлтымыздың атақты билері, батырлары да жерленген. Кешегі уақыттарда күтімсіздіктен, теріс көзқарастан соның көбісі бұзылған, құлатылған. Дегенмен, бастарына қойылған құлпытастары кесене ішіндегі арнайы бөлмеде жинақталып қойылған, кім қай жылы жерленді, бәрі-бәрі жазулы тұр. Қайсыбір жылы Абылайханның сүйегі табылып, кесене ішіне қайта жерленді. Мұның бәрі өткенге деген бүгіннің құрметі. Келешекте дініміз де, діліміз де салқындыққа ұрынбасын. Кесене ішін аралай жүріп, осындай ойға келдім, АллаТағаладан сондай тілек тіледім.

Ел арасына Домалақ ана атымен танымал болған анамыздың шын есімі – Нұрила екен. Ол 6-7 ғасырларда өмір сүрген атақты Бәйдібек бидің үшінші әйелі көрінеді. Өзі қожа тұқымынан болса керек. Түркістанда аты шыққан Мақтым Ағзам қожа деген кісі болған, ал, Нұрила сол кісінің немересі екен. Нұрила он тоғыз жасқа келгенде атасының өсиеті бойынша Бәйдібек биге тұрмысқа шығады. Екі жақсының, екі асылдың қосылуы ғажап емес пе? Олардың ұрпақтары да ел сыйлаған, халық құрметтеген тұлғаларға айналады. Домалақ ана – әулие, дана әйел болған. Ел арасындағы дау-шарды ақылмен шешіп отырған. Ол кісі жөнінде кешеден бүгінге жеткен аңыз әңгімелер көп-ақ. Соның бірін айта кетейін. Бәйдібек заманында жайлауында үйір-үйір жылқысы, келе-келе түйесі, отар-отар қойы өрген, Шығыс пен Батысқа керуендер жүргізген асқан бай адам болған. Бірде Алатау асып келген қалың жау Қаратау жонын жайлап отырған Бәйдібектің ауылын шауып, сан мың жылқысын түре айдап кетеді. Бәйдібек бастаған ел азаматтары ауылда болмаса керек. Содан «жау шапты» деген хабарды естіп, Бәйдібек елден жасақ жиып,

қасына үлкен әйелі Сары бәйбішеден туған алты ұлын алып, жауға аттанғалы жатқанда Нұрилла: – Бай-еке, малдың құты, жылқының иесі құла айғыр қолда қалды. Амандық болса, алты күннен кейін жылқы жауға қайыру бермей өзі ауылға келеді. Жауды кума, азаматтар аман болсын, осы тілегімді беріңіз – деп өз отауының белдеуінде матамен байлаулы тұрған, жүген-құрық тимеген шу асау айғырды көрсетіпті. Бірақ, жауға кектенген батыр әйелінің тілін алмай, жасағын бастап жүріп кетіпті. Бәйдібек жасағы жауға Күйік асуында жетіп, қырғын ұрыс салыпты. Алайда, жасанып келген жау аттанға ілесіп атқа қонған аз жасаққа теңдік бермепті. Осы соғыста қаза тапқан алты ұлын Үшқарасай жазығына жерлеп, Бәйдібек кері қайтыпты. Арада алты күн өткенде байлаулы тұрған құла айғыр жер күңіреніп дүлей күшпен кісінеді дейді. Сол күні кеш шамасында шығыстан қалың шаң көтеріліп, ұзамай Бәйдібектің қалың жылқысы көрінеді. Ереуілдеп барып, кері қайтара алмаған жылқыны Домалақ ана осылайша үйде отырып-ақ түгел қайтарып алса керек. Міне, осындай Ана дүниеден өткенде ұрпақтары оның басына әдемі күмбез орнатады. Бірақ, ол шыдас бермей, кейін, Кеңес өкіметі билікке мініп тұрған жылдардың өзінде, яғни, 1957 жылы қайтадан күмбез салыныпты. Дегенмен, қазіргі күмбезі 1996 жылы Маңғыстаудан арнайы әкелінген ақ тастардан 12 метр етіп қайта өріліпті. Алыстан келген жолаушылар үшін де жағдай жасалыпты.

Қасиетті Қазығұрт! Қазақтың «Қазығұрттың басында кеме қалған, Ол әулие болмаса неге қалған?!» дейтін ескі сөзіне арқау болған өлкеге де табанымыз тиді. Мұндай ғажапты бұрын-соңды бастан кешірмеген екенмін, Алатау бөктеріндегі әулиелер мекені Қазығұрт баурайындағы Ғайып Ерен, Қырық Шілтенге жеттік. Ата қолтығы, Ана құрсағы тәрізді табиғи ескерткіштер таңдандырмай қоймайды. Осы дүниенің қыл

көпірі іспетті екі тастың арасынан өту әрі қызықты әрі қорқынышты екен. «Күнәсі бар кісілер өте алмайды» деп түсіндірді жолбасшымыз. Мүмкін, бұл жай ғана сөз де болар. Бірақ, адамды күнаға ұрынбауға, адалдық жолымен жүріп - тұруға шақыратын ескертпе емес пе?

Бұл жерде біраз болған соң, кештетіп Сайрамға жеттік. Кәдімгі «Сайрамда бар сансыз баб» дейтін Сайрам! Тұнып тұрған тарих. Мұнда заманының ғажайып ойшыл кемеңгері болған әулие Қарахан атаның рухына тағзым еттік. Ежелгі қорымның арасынан күре жолдың бойындағы үлкен сағанада бір-біріне қарама-қарсы бір бөлмеде жатқан Бахаубаддин мен Балагардан әулиелердің кесенесіне келіп, дұға еттік. «Әулие» дегеніміз – адам баласын бәле-жәледен қорғаушы, пенде ниетін пәктікке бастаушы үлкен рух иесі. Ал, мұнда қаншама әулие жатыр десеңізші!

Қожа Ахмет әулиенің әкесі Ыбырайым атаның, Қарахан әулиенің баласы Сейітқожа мен ІХ ғасырда ислам дінін түркі әлеміне әкелген, сахабалардың басшысы болған Әбдул Әзиз бабаларымыздың да мәңгілік тыныс тапқан топырағы – Сайрам топырағы екен. Оларға да зиярат етіп, дұға бағыштадық. Бұдан арғы жол бізді көне шаһар Таразға қарай бастады. Тараздың кіреберісіндегі ауылда ежелгі ХІ-ХІІІ ғасырларда тұрғызылған, халық «Қыз әулие» атап кеткен Айша бибі анамыздың кесенесі бар.

Халық аңызы бойынша Айша бибі Зеңгі бабаның қызы. Әкесінің рұқсатын ала алмаса да сүйген жігітін өзі іздеп келе жатқанда жолда әке қарғысы жылан болып шағып, содан өлген деседі. Мұнда түнделетіп жеттік. Сонда да адам қарасының әжептәуір екендігін байқадым. Соған қарағанда, әулие Ананың рухына тағзым етушілер күні-түні толастамайтынға ұқсайды.

Бұрын-соңды бармаған, естісем де көрмеген әулиелердің басына барып, тәу етудің сәті осылай түсті. Жас біразға келіп

қалса да, жол қиындығын сезіне қойғаным жоқ. Әлдебір күш жетелеп жүргендей әсерге бөлендім. Бәлкім, бабалар рухы күш-қайрат, жігер берген болар. Нәсілі, ислам – ең жас дін және ең таза дін ретінде адамзатты көптеген жақсылыққа тәрбиелей білді. Алдағы уақытта да иман иірімдері жүрегіміздегі кірді, ласты кетіріп, жанымызды тазалық нұрына малындыра берсін. Тәуелсіздік тұсында қайта табысқан дінімізден қайыра айрылып қалмау жағын да және дін жолын ұстанған осы екен деп шектен шығып кетуден да абай болғанымыз дұрыс. Мұны айтып отырғаным, қазір «Әруақ деген жоқ, әулие аралау деген дұрыс емес, ескі қорымдарға баруға болмайды және т.т.» дейтін ата-баба жолынан жаңылдыруды мұрат тұтқан ағымдар да пайда бола бастады. Олардан іргемізді аулақ сала білейік.



## СОҢҒЫ СӨЗ

Құлаққа қатқылдау естілсе де, өмірдің ақиқатын айғақтайтын, «кәрі қойдың жасындай жасым қалған» «төрімнен көрім жақын» жастамын. Өзі берген АллаТағала қай күні әкетемін десе де, қайылмын. Құдайға шүкір, қиыншылықтың сан атасын бастан өткерсек те, жаман өмір сүргенім жоқ. Бір емес екі ғасырды, бір емес екі дәуірді көзім көрді. Адамзатқа алапат кеселдей көрінген Соғыс дейтін аждаһаны да, көретін жарығым, тататын дәм-тұзым бар шығар, Жеңістің Жалауы желбірегенін де көрдім. Ең бастысы, елге аман-сау оралдым. Бейбіт еңбекке араластым. Балашағамның өсіп, өркендегенін көрдім. «Адалдықтан аттама, ешкімге қиянатың тимесін» деген әкенің, ананың өсиетіне адал болдым. Өскен елімде, жүрген жерімде бір кісідей қадыр қасиетім болды.

Құдай қосқан қосағым Бибігүл екеуміз алты бала тәрбиелеп өсірдік. Олар өмірден өз орындарын тапты. Бибігүл келін болып босаға аттағанда он жеті жасар еді. Он бес жасынан еңбекке араласқан ол нанның, маңдай тердің қадырын жақсы білетін, сол білгенін балаларға беруге ұмтылды. Біз алпыс жылдан аса тату-тәтті тірлік кештік. Ол өмірден менен бұрын аттанды. Осы жағы маған ауырлау тиді. Әрине, келіндерім, балаларым қас-қабағыма қарап, алақандарына салып-ақ келеді. Бірақ, бәрібір Бибігүлдей болу қайда?! Әркімге адал жар бұйырсын! Бірге жүру бақыты бұйырса, тіпті ғанибет емес пе?!

Әдетте өмірді өзенге, теңізге теңеп жатады. Мен үшін сол өзеннің де, теңіздің де шеті көрініп қалды. Бастан кешкен, көңілге түйген азды-көпті естіп-білгенімді қағазға түсіріп, реті келсе тасқа бастырғым келеді. Мүмкін мұның сәті мен

кеткеннен соң түсетін болар. Бұдан кейін қолыма қалам алып, қайтадан кітап жазу туралы ойлаудың енді реті келе қоймайды. Бұл – анық. Бұған шейін де «Тағдыр», «Тағдыр -2» деп аталған кітаптарымда да ел-жұртыммен көрген-білгенімді бөліскенім болатынымын. Сондықтан, бұл жолы кейінгі ұрпаққа өзімнің ақырғы аманатымды, соңғы сөзімді арнағым келеді.

Біздің бабаларымыз елдің елдігінің тірегі – халықтың бірлігі, ынтымағы мен ұйымшылдығында деп түсінген. Олар сол елді – Қазақ елін, туып-өскен жерін сыртқы жаулардан сақтап қалу жолында арыстанша алысып, жан аямай күрескен. Қазақтың алты қанат қараша киіз үйінің құрылысын көз алдыңызға бір сәт елестетіп көріңізші! Сонау шаңырақтан бастап уық, кереге және басқада үй әбзелдері бір-бірімен қалай қабысып, жымдасып, байланысып тұр. Оларды солай жымдастырып тікпесе, ол түкке де жарамсыз болып қалар еді. Бабаларымыз соның ығытын тауып, ойластырып, қиюластырып тігіп, өздеріне баспана қылды ғой, қыстың аязды күндерін, жаздың аптап ыстығын сонда өткізді, ұрпақ өсірді. Мен осы қараша киіз үйді елдің тұтастығының, бірлігінің белгісіне балаймын. Әлгі киіз үй әбзелдері ұшы-қиыры жоқ кең байтақ даланы жайлап жатқан қазақтың рулары мен тайпалары, оның құрамындағы сіз бен біздің отбасымыз емес пе?

«Бабаларымыз ымыра, бірлік болған жерде төрт құбылаң түгел болады» деп түсінген және ұрпақтарын сол бірлікке үндеген. Сондықтан болса керек олар:

– Е, Алла, ымыра-бірлігімізден айыра көрме! – деп Жаратушыға күндіз-түні жалбарынған.

Татулық, ымыра-бірлік әркімнің отбасынан басталады. «Ағайын тату болса ас көп» деген дана сөз тегін айтылмаған. Ынтымақ бар жерде, береке, бірлік болады. Нарықтық

экономика деген келіп, тапқаның жұдырығыңа да жұғын болмай тұрған заманда өмір сүру, отбасын асырау қиын болып тұрғаны аян. Алайда, ата-бабаларымыз бұдан да қиын кезеңде өмір сүрген, сонда да ағайын татулығын, бірлігін бәрінен де жоғары қойған. Қолындағы бір үзім нанын бірге бөліп жеген. Өзі аш отырып, кемтарларға қол ұшын беріп көмектескен. Мен соның тірі куәгерімін. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деп ақсақалды абыздарымыз тегін айтпаған. Бұл туысқаннан, бауырдан жеке жүрме, жат болып кетесің, қиыншылықта, басыңа іс түскенде бауырың, туысқаның сүйеу болады, араша түседі, шама-шарқынша қол көмегін береді» дегенге мезгегені. Отбасыңдағы 3-4 жанды тырбанып, тыраштанып жүріп бірдеңе қылып асырарсың, жеткізерсің, мұны дүниедегі тірі жанның бәрі атқарады. Адам түгілі жан-жануарлар да тіршілік етіп, ұрпағын өсіреді. Бұл олардың бойына тәңірім сіңірген табиғи қасиет және бұл табиғи құбылыс. Ата-бабаларымыз осынау Ұлы Даланы білектің күшімен, найзаның ұшымен басқыншы жаумен арыстанша айқасып жүріп сендерге сақтап қалдырды емес пе? Еңбек еткенге біздің жердің асты да, үсті де толған байлық.

«Еңбек, еңбек және еңбек», «Еңбек түбі – зейнет» деп неге айтылды екен? Осының түбін түсінуге талпыныңдар. Сондықтан еңбекпен айналысып, адамгершілік жолдан тайдыратын қылықтардан аулақ болуға ұмтылған абзал. Бауырларым, інілерім, балаларым! Бұл сексеннен асып, тоқсанға таяған, кешегі ата-әжелеріңнің көзін көрген, дәмдес болған майдангер, еңбек ардагерінің өмірден алған тәжірибесі. Осының бәрін болашақ ұрпаққа тағлым, өсиет, ақыл ретінде айтып отырмын.

Қолыңнан келгенше адамға жақсылық жасауға, тіршілікте артыңда із қалатындай шаруа орындауға ұмтыл. Туысты

басыңа іс түскенде іздеме, үнемі ізде. Адам баласының бір-біріне жаттығы болмайды, руына да, ұлтына да қарамастан кез келген адам баласын өзіндей көр! Сонда ол да сені жақсы көретін, сыйлайтын болады. Ал, сыйластық салтанат құрған жерде жарасымды тірлік орнайды. Мен біздің соңымызда Адалдықтан аттамайтын, намысын таптатпайтын білімді де ілімді ұрпақ қалып барады деп сенемін.

Сол сенімге селкеу түсіре көрмеңдер, қарақтарым!



**II-бөлім**

*Абыз ақсақал,  
ардақты ардагер*



## ӘРКІМНІҢ ӨЗ ШЕР – АҒАСЫ БАР!

**Мұхамбет КӨПЕЕВ,**

*мемлекет және қоғам қайраткері.*

Жастық шағымызда бір-бірімізге хат жазыса қалғанда «Алтыннан ардақты, күмістен салмақты» деп бастайтын едік. Сөйтіп, бір-біріміздің мәртебемізді көтеретінбіз. Осы бір тамаша теңеу маған Арқаның аса қадірлі қариясы, абыз ақсақалы, сырбаз мінезді тұлғасы Шермұхамбет Байбосынұлы ағамызға ғана жарасымды көрінеді.

Шер-Ағаң табиғаттың тылсым тұңғиығының ашы да тұщы, қатерлі де жаймашуақ жайдары күндерін басынан кешкен, қандай ауыртпалық болса да мойымай, керісінше, жыл өткен сайын болаттай шындалған жас кенші, ширек ғасыр бойы кезінде Жезқазған кен өндірісінің маңдайалды шахтасы болған «Покрода» қатардағы қопарушыдан кәсіпорын басшысының орынбасарына дейін көтерілген майталман маман еді.

Ол кісінің орны мен үшін өте ерекше болды. Қазақтың «Әкең өлсе де, әкеңнің көзін көрген өлмесін» дейтін сөзінде қандай ұлылық бар екенін мен Шер-Ағаға қарап ұғындым, түсіндім. Өйткені, Шер-Аға менің әкемнің кластасы болатын.

Біз, ағайынды үш ұл, әкеміз Жұманазардан тым ерте айрылдық. Бар болғаны 34 жыл ғұмыр кешкен әкеміз 1958 жылдың тамызында дүниеден өтті. Ал, араға алты жыл салып асыл анамыздан айрылдық. Бір тәуірі Кеңес өкіметі үлде мен бұлдеге орап тастамаса да, жетімдерді аш-жалаңаш қалдырмайтын, қанаттарының астына алып, барынша қамқорлық жасайтын еді. «Уақыт – бәріне емші» деген сөз рас. Жылдар өтті. Біз де есейдік, біртіндеп ел қатарына қосылдық. Алматыдағы Политехникалық институтты тәмәмдап, туған өңірге

оралып, Жезқазған шахтапроходкалау тресіне жұмысқа тұрып, енбек жолымды бастадым. Кейін әртүрлі салада қызмет еттім.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты кезімде Сәтбаев қаласы сайлаушыларымен кездесу өткізуге келдім. Кездесу қала әкімдігінің ғимаратында өтті. Сол кездесу үстінде залға жиналған көпшілік арасынан жылы жүзді, байсалды кейіптегі бір кісіге көзім түсіп кеткені сол еді, көңілім өз-өзінен алабұртып, жүрегім толқып, өзіме түсініксіз әлдебір сезім бойымды билеп бара жатқандай күйді бастан кештім. Жиын біткен соң, қала әкімі Қанат Сұлтанғазыұлынан «Жаңа мына орындықта отырған кісі кім еді?» деп арнайы анықтап сұрадым. Ол маған Шер-Ағаң туралы айтты. Ұлы Отан соғысының ардагері әрі қалалық Ардагерлер Кеңесінің төрағасы екен. Менің сол кісімен жақынырақ танысқым келіп кетті.

Біз ұзақ әңгімелестік. «Мұхамбет, қарағым, мен Сізді сыртыңыздан жақсы білемін. Сіздің ел алдында жүргеніңізді көріп қуанамын. Өйткені, Сіз менің мектептегі досым Жұманазардың баласы боласыз ғой. Демек, менің де баламсыз. Кім баласының жақсы болғанына қуанбайды?!» деген Шер-Аға сөзін әкем туралы тебіреніске толы естелікпен жалғастыра түсті.

«Жұманазар екеуіміз бір класта оқыдық. Ол сабаққа алғыр, зерек еді. Бәрімізден жоғары тұратын. Бойшаң әрі сымбаттылығына қоса өте өнерлі болатын. Домбыра, сырнайды айтпағанда, ол кезде екiнiң бiрi әлi атын да бiле бермейтiн мандолинаның құлағында ойнайтын. Асық ойнағанда ұтылып көрген емес, кейiн шахмат, дойбыда да солай болды. Қоғамдық жұмыстарға да белсене араласатын. Кейбiр үлкен кiсiлердiң өздерi бiр нәрселердiң байыбына бара алмай қалса, «Әлгi Жұманазар қайда жүр, сол бiледi, содан

сұрау керек» деп жататын. Кейін Қалиға үйленді. Ал, ол аймақтағы сұлулардың сұлуы еді. Біз екі жақсы қосылғанына қуанғанбыз. Көз өтті ме, тіл тиді ме, ғұмырлары қысқа болды. Өкінішті-ақ. Дегенмен, соңында өзіңіз тәрізді ұрпағы қалды. Арманы жоқ қой олардың» деген Шер-Ағаның сөзі көз алдыма әке-шешемді қайта тірілтіп әкелгендей болды. Ағамыз сөзді қалай жеткізеді десенізші! Асықпайды, саспайды, әр сөзін бейнебір ұшталған қарындашпен қағазға түсіріп отырғандай баппен айтады екен. Мен «айта түссе екен» деген әсерге көміліп, ұйыға тыңдап отырдым. «Мына кісінің жады не деген ғажап?! Осыдан елу-алпыс жыл бұрынғы сәттердің бәрін тізбек-тізбегімен әңгімелеп отыр! Керемет қой!» Уақыттың қалай өткенін де байқамаппыз, біздің әңгімеміз үш сағаттан артыққа созылып кетіпті. Мен ағаға ризашылығымды білдіре отырып, осы кезге шейін таныс болмағаныма өкінетінімді білдірдім.

– Аға, 1990 жылы әкемнің құрдастары Қапар Омаров, Арғынбай Айқынбаев, Жандарбек Ысқақов және т.б. кісілерді үйге арнайы шақырып, дастархан жайған едім. Сізді біле қоймадым. Әйтпегенде, Сіз де сол дастархан төрінен табылатын едіңіз. Мен ол кезде Жезқазған қаласының басшысы едім ғой. «Мен сенің әкең Жұманазардың кластасы боламын» деп келіп, әлдебір шаруаңызды айтқан болсаңыз, қолдан келген көмегімді аянып қалмас едім» дедім. Менің бұл сөзіме Шер-Ағаның қайтарған жауабы тіпті керемет болды.

«Қарағым, Мұхамбет! Ия, Сіз үлкен лауазым иесі болдыңыз! Сыртыңыздан әрдайым тілеуіңізді тілеп жүрдім. Ал, танысып, кім екенімді айтуға барсам – өзіңізден бірдеңе дәметкендей болатын едім. Сондықтан, бас тарттым. Үлкен кісіге босағадан сығалап жүру жараса қоймайды» дегенін естігенде мен Ағаның бойынан тектілікті таныдым, көп кісіден



байқала бермейтін үлкендікті көрдім. Мен Шер-Ағаны қапсыра құшақтап алдым. «Аға, бұдан былай маған «Сіз» деп сөйлеменіз. Мен Сіздің кластасыңыз Жұманазардың ұлымын, демек, өзіңіздің балаңызбын!» дедім. Біз осылайша табысқан едік.

Ертесіне қалалық әкімдікте тағы да бір жиын болды. Бұл – қаланың бюджетіне қатысты жиын еді. 1997 жылы Жезқазған облысы жабылған кезде, Сәтбаев қаласы әкімшілік жағынан Жезқазған қаласының әкіміне бағындырылған болатын. Бірақ, қаланың «облыстық маңызы бар» дейтін мәртебесі сақталып қалған еді. Жарлықтың өзі жартыкештеу шыққаны уақыт өте байқалмай қалмады. Сәтбаев қаласы дербес бюджетінен айрылып, Жезқазғанға алақан жайып қалды.

Жиында алғаш болып Шер-Аға сөз алды. «Қазіргі қалыптасқан ахуал Сәтбаев қаласының болашағына балта шапқанмен бірдей. Қалалық құрылымдар біртіндеп әлсіреп, кейбірі жабылып та жатыр. Сондықтан Сізге әрі өтініш әрі тапсырма бергім келіп тұр. Сіз Президент Жарлығында жіберілген қателікті жөндеуге араласып, ұлы Қанекеннің есімін иеленген қалаға өзінің дербес бюджетін қайтаруға күш салыңыз!» деді. Арада біршама уақыт өткенде аталған қателік түзетілді. Кейін жол түскенде Шер-Аға елдің атынан маған ризашылық білдіріп, алғыс сезімін жеткізді.

Мәжіліс Төрағасының орынбасары кезімде елге барған бір сапарымда Сәтбаев қаласындағы орталық аурухананы араладым. Жағдайдың сын көтермейтін хәлге жеткенін көрдім. Мұның бір себебі, қаланың дербес бюджетінің жоқтығы екенін де білдім. Сондықтан, «Қазақмыс» корпорациясы басшыларының бірі Руслан Борисович Юнге кірдім. Ол да сол Кеншілер қаласында өсіп-өнген жігіт болғандықтан, сөзімді ден қоя тыңдады. Ауруханаға тез арада күрделі жөндеу жасалды, жаңа заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілді. Жөндеуден кейін жанарған аурухананы көруге ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев келді. Сол жерде ол қаланың ақсақалдарымен де кездесті. Шер-Аға көптің атынан сөз алып,

Елбасына бата берді. Еліміздің басшысының алдында сөз сөйлеу, ол кісіге халықтың атынан бата беру – зор жауапкершілік. Бұл кез келген кісіге сеніп тапсырылмайды, жүктеле бермейді. Біздің Шер-Аға екінің бірінің пешенесіне бұйыра бермейтін осындай зор құрметке ие болды.

Менің де осы естелігімді «Әркімнің өз Шер-Ағасы бар» деп атауым да бекер емес. Барша зиялы қауымға аян, Қазақстанның Халық жазушысы Шерхан Мұртаза ағамызды да күлліқазақ «Шер-Аға» деп атап кеткені белгілі. Біздің Шермұхамбет Байбосынұлы ағамыз да Жезқазған - Ұлытау өңіріндегі ұлтымыздың бар қадыр-қасиетін бойына жинаған, қалың елдің жанашыры, қамқоршысы, тағдырласы, абыз ақсақалы бола білді! Сондықтан да, ол біздің елдің Шер-Ағасы, шүбәсіз шамшырағы ретінде есімізде сақтала береді.



## СОҢҒЫ СӘТКЕ ШЕЙІН САПТАН ТАБЫЛДЫ

**Оралды ТӨРЕҒОЖИН,**

*Қарағанды облыстық  
ардагерлер Кеңесінің төрағасы.*

2011 жылғы қаңтардың соңғы күндерінің бірінде облыстық ардагерлер Кеңесінің пленумы болып, мені төраға етіп сайлады. Сол кезде облыстық кеңес құрамында 20 аудандық және қалалық кеңес, бұларға қарайтын 677 бастауыш ұйым бар екен. Осыдан он жыл бұрын жеңіс жауынгерлерінің қатары әлі де баршылық еді. Облыс бойынша 2011 жылы 812 соғыс және 24206 тыл ардагері болатын.

Сәтбаев қаласындағы Кеңес төрағасы Шермұхамбет Байбосынұлы ағамыз екен. Облыстық Кеңестің мүшелерінің бәрі де ол кісіні «Шер-Аға» деп атайтын көрінеді. Мен де сол танысқан сәтіміден бастап ағамызды солай атап кеттім.

Шер-Аға нағыз адамға тән тамаша қасиеттердің баршасын тал бойына сіңірген ғажайып тұлға десем болады: әскери жанға тән сырбаз, туған жерінің шынайы патриоты, өзі ісінің жоғары кәсібилігіне жеткен, отбасының абыройлы отағасы, балалардың қамқор әкесі, олардан тараған ұрпақтарының қайырымды атасы еді.

Мен ол кісімен Ардагерлер кеңесінде 7-8 жыл қоян-қолтықтаса жұмыс істедім. Осы уақыт ішінде мен ғана емес, Кеңестің қай қызметкері болса да Шер-Ағаның керемет ұқыптылығына сондай тәнті болатын еді. Әлдебір құжат керек болып қалып, сұрата қойсақ, ол кісі соны айтылған уақытында қолымызға сарт еткізетін. Жасының ұлғайып қалғанына қарамастан өзінің міндетіне соншалықты сергектік танытатыны ағамыздың өз міндетіне асқан жауапкершілікпен қарайтынын айғақтайтын.

Сол ақпар-мәліметтерінің өзін ана тілінде де, орыс тілінде сауатты жазып жіберетін және басы артық сөз болмайтын, әр сөзі тайға таңба басқандай анық-қанық келетін. Бізге жиі қоңырау соғып, ардагерлер мәселесімен қала басшылығымен кездескені, жергілікті органдар арқылы мәселені шешуде нендей мәмілеге келіскендері турасында хабарлап тұратын



және тиісті нәтижеге жеткенше қала атқамінерлеріне маза бермейтін. Қала ардагерлерінің әрқайсысының пікірін тыңдап, солар үшін жаны ауыратын, коммуналдық қызмет тарифінің, дәрі-дәрмектің, күнделікті азық-түліктің бағалары шарықтап бара жатқандығы туралы пікірлерін жаны ауыра отырып тыңдайтын да, жұмыс кестесіне енгізіп қойып, қолынан келгенше әрекет жасауға ұмтылатын. Сол мәселелердің бірі оңынан шешімін таба қойса, дереу бізге хабарлап, «басқа жақтың әкім-қаралары да осылай жасаса болады ғой» деп жақсылықтың жалпақ жұртқа тарағанын қалайтынын да жеткізіп отырушы еді.

2014 жылы Қазақстан аргерлерінің Орталық кеңесі біздің облыста үшкүндік мәжіліс-семинар өткізіп, оған күллі Республика аумағындағы кеңестердің төрағалары мен орынбасарлары, облыстық кеңестердің, Орталық кеңестің жауапты қызметкерлері келіп қатысты. Сонда біздің облкеңестің жұмысына жоғары баға берілді. Бұл әрине, аудандық, қалалық кеңестер жұмысының жемісті нәтижесі екені сөзсіз. Сол жетістікте қадірменді Шер-Ағамыздың, ол кісінің әріптестерінің қосқан үлесі аса зор болды.

Маған Шер-Ағамен бірге бірқатар облыстық, республикалық, деңгейдегі іс-шараларға қатысу бақыты бұйырды. Аудандар мен қалаларға бірге барып көшпелі жиындар өткізіп жүрдік. Сол кездердің бәрінде Шер-Аға өзінің әскери тұлға-тұрпатымен, сардарлық кескін-келбетімен жұрт назарын бірден өзіне аударатын. Аузынан шыққан сөзі, жастарға айтқан әкелік ақыл-ұлағаты қандай-ды! Қажетті тұсында ұтқыр әзіл, жеңіл юмор тастап, әр сөзін тыңдаушысының санасына құйып беретін.

Шер-Аға республикадағы 200-ден аса ардагерлер Кеңестері төрағаларының арасындағы бірден-бір соғыс және еңбек ардагері болатын. Ағамыз сонысымен де ерекшеленетін. Ол өмірінің ақырғы сәтіне шейін Сәтбаев қалалық Ардагерлер Кеңесіне басшылық жасап кетті.

Шер-Ағаның өмірден өткенін аса ауыр сезіммен қабыл алдық. Естігенде сенбегеніміз де рас. Өйткені, соның алдында екі ай бұрын ғана кездесіп, жүздескен едік. Және қандай жағдайда дейсіз ғой?! Сол кездегі облыс әкімі Ерлан Жақанұлы Қошанов Ұлы Жеңістің 73 жылдығына байланысты салтанатты қабылдау өткізген болатын. Салтанатқа облыстың соғыс және еңбек ардагерлерінің бір тобы шақырылған еді. Шер-Аға да құрметті қонақтардың бірі еді. Сонда кеудесінде орден-медалдары жарқырап, әскери формада тіп-тік болып жүрген ағамыздың жүрісіне бәріміз де сүйсінген едік-ау... Ажал

шіркіннің ол кісіге соншалықты жақындап қалғанын сол кезде кім сезіпті?!

Ағамыздың өмірден озғаны туралы хабарды естігенде республикалық ардагерлер Кеңесінің басшылығы да «Арамыздағы Кеңес жұмысын алға сүйреп келе жатқан жалғыз ардагеріміз еді» деп қатты қайғырды. Ақылы дария ағадан айрылып қалу әрине, біздер үшін өте ауыр соққы болды.

Менің аға туралы азғана сөзімді «Соңғы сәтке шейін саптан табылды» деп отырғаным тектен тек емес. Ақиқат шындық солай. Тоқсанға тақаған шағында да қоғамдық жұмыстан қол үзбегені Шермұхамбет Байбосынұлының қажыр-қуатын ғана танытып қоймайды, бұл оның кешегі соғыстағы майдангерлердің, тылдағы ардагерлердің, олардың отбасыларының мәселелерін шешуге атсалысуды өзінің азаматтық парызы деп түсінгендігін де білдіреді.

Туған Отаны алдындағы, отбасы мен жақын-туыстарының, адал достарының алдындағы – қысқасы мұқым қоғам алдындағы өзінің парызын Шер-Ағаң артығымен, абыроймен, кіршіксіз ар-ожданымен орындап өтті. Шер-Ағаңның өмір – тарихы Тәуелсіз Қазақстанның жеткіншек ұрпағы үшін жарқын үлгі-өнеге болып қалады.



## ІЗІМНЕН ЕРГЕН ІНІМ ЕДІ ...

**Тоғай ДАУЫЛБАЕВ,**

*соғыс және еңбек ардагері.*

Шермұхамбет туралы не айтайын?! Ол менің інім еді ғой. Менен екі-үш жас кішілігі болатын. Бірақ, біз бір-біріміздің атымызды атаған емеспіз. Ол мені «Төке» деуден, мен оны «Шәке!» деуден жаңылған жоқпыз.

Бәріміз де Ұлытаудың баласымыз, бір елдің азаматымыз. Менің Шермұхамбетпен жиі араласқан уақытым, еңбек демалысынан шыққаннан кейін, ол біздің Кеңеске басшылық жасап жүрген жылдар болды. Ол – басшы, біз оған қосшы болдық қой.

Шәкең келгенге шейін Кеңес жұмысынан хабарымыз шамалы болатын. Сыртынан естігеніміз болмаса, оның жұмысына араласа қоймайтын едік. Төраға болып сайланған соң Шәкең жұмысты ширатты. «Біз қазір Тәуелсіз елге айналдық. Көптеген қиыншылықтарға душар болып жатырмыз. Өкіметтен сұрай бермейік, керісінше, қолымыздан келгенше сөз жәрдемімен болса да ел басқарған азаматтарға қолдау көрсетейік. Жағдай дұрысталса, олар өздері-ақ бізді далаға тастамас» дейтін еді ол әлдекімдер тарапынан «анау жоқ, мынау жоқ» деген сөздер айтылып қалғанда. Кейін шынында да солай болды да ғой.

Сол кісінің ұсынысымен қала басшылығы мен «Қазақмыс» қосылып соғыс ардагерлеріне жеңілдіктер беру, қамқорлық көрсетудің жолдарын қарастырды. Тек қаланың ішінде ғана емес, екі қаланың ортасына қатынайтын автобуска да соғыс ардагерлері тегін жүретін болды. Басқа жақтан қонаққа келген кісілер мұны естігенде, «Нағыз коммунизм сендерде екен ғой» деп таң қалатын. Өйткені, біздер үшін

коммунальдық қызметке де біршама жеңілдіктер тағайындалған еді. Телефон ақысын төлеуден де босатылған болатынбыз. Осының бәрі Шәкеңнің басшы азаматтарға сөзін өткізе алатын қадірінің арқасында мүмкін болды. Ол арнадан асып кетпейтін, мүмкіншіліктің көзін біліп қана ұсыныс жасайтын.



Ұлы Жеңістің 60 жылдығы басқа жақты қайдам, біздің Сәтбаев қаласында керемет тойға айналды. Қаланы марқұм Қанат Сұлтанұлы Балмағамбетов ініміздің басқаратын кезі еді. Ол керемет азамат, іскер ұйымдастырушы болатын. Шәкеңмен ақылдаса отырып, «Жеңістің 60 жылдығын қалай атап өтеміз?» деп, арнайы іс-шаралар белгіледі. Әкімнің ұсыныстарын Шәкең бізге бүкпесіз жеткізіп отыратын. Әкімдікке барып келген сайын «Қанат осылай деп жатыр» деп жақсы жаңалықтарымен бөлісетін.

Сол тұста қаланың дербес бюджеті де болмады-ау деймін. Қанат қала кәсіпкерлерін демеушілікке тартты. «Бір ардагерге

әкімдік жеңіл көлік сыйламақшы, кімге беретінімізді өздеріңіз айтыңыздар» деп жатыр, сондықтан, осы шаруаны ақылдасып алайық» деді бірде Шәкең. Сөйтті де, өз ұсынысын айтты.

– Көлікті арамыздағы үлкеніміз, қадірліміз Әбіләш Махатов ақсақалға сыйлайық – деген оның сөзін бәріміз де қостадық. Кеңестің төрағасы ретінде сол көлікті өзіне қарай бұрып әкетуіне де болар еді. Ол үлкенді сыйлады, әділеттен аспады. Шермұхамбет бауырым сонысымен де қадірлі еді.

Ол дүниеден өткелі де екі-үш жылдың бедері болып қалды. Қазір Қаныш қаласында менен басқа соғысқа қатысқан ешкім қалмапты. Уақыттың дегеніне, Алланың әміріне бәріміз де бағынамыз ғой. Мені қуантатыны, бүгінгі жастар кешегі ағаларының ізінен жаңылған емес. Қала әкімі Асқар Абылайұлы Ыдырысов балам да, қалалық ардагерлер Кеңесінің қазіргі төрағасы Сабыр Омаров інім де мереке-мейрамдарда арнайы келіп, құттықтап кетеді. Бұл әрине, біздей кісінің көңілін көтереді, күш-қуат береді. Осындайда Шәкеңнің де талай рет үйге келіп құттықтап кететіні еске түседі. Зымырап жатқан уақыт-ай...





*Сәтбаев қаласының әкімі Асқар Абылайұлы Ыдырысов  
Шер-Ағаны құттықтап тұр*

## ПАРАСАТ ИЕСІ

**Асқар ҰДЫРЫСОВ,**  
*Сәтбаев қаласының әкімі.*

«Ақсақал», «қария» деген сөздердің «ел бірлігі», «ел тұтқасы» сияқты сөздермен тығыз байланысты болғаны соншалық, тіпті, аталған екі сөзді бір-бірімен алмастырып қолдануға болатын сияқты. Ел бірлігі үшін қай кезде де ақсақал мен өскелең ұрпақтың арасындағы сабақтастық жібі үзілмеуі керек. Ел бірлігін қамтамасыз ететін үш тұлға бар: аға буын, орта буын, жас буын. Сабақтастық жібі үзілмеуі керек, егер үзіле қалса, оның қай жерден үзілгенін тауып жалғау – парасаттылық. Парасат иесі – аға буын.

Міне, дәл осындай парасат иесі, ақылға бай аға буын, майдангер, көзі тірісінде аты аңызға айналған Шермұхамбет аға Байбосынұлы болатын. Аға жайлы көрген-білгеніміз жетерлік. Десе де кез келген жан әр адамға әр қырынан көрінеді ғой.

Жеңіс күні қарсаңында жыл сайын үйіне құттықтап барғанымда жас баладай жарқырап күтіп алатын. Жасының егде тартқанына қарамастан бас қосу, шеру, жиындарда ел қатарлы көңіл көтеріп, ара-тұра билеп, ортаның сәні болып, қарапайымдылығымен ерекшеленіп тұратын.

Шер-Аға дүниеден өткелі қаншама естелік жазылып, салмақты сөз, салиқалы әңгіме айтылды. Оның соғыс даласындағы ерен ерлігі мен өшпес даңқты кезеңі туралы жазу қандыкөйлек достары, бірге болған майдандастарына жарасымды. Кейінгі ұрпақ, біздің буын, ағаның қариялығын, абыздығын, қамқорлығын тілге тиек етеміз.

Білімдар ғалым, абыз ақсақал дәрежесіне жеткенде өмірден озған Тұрсынбек Кәкішұлы: «Біздің азаматтардың бір шаруа жасаса «Мен істедім» деп даурықпай, әрбір істің орайын келтіріп, ұлттық құндылықтарымызды қадірлеп жүретіні – ата

қанымен, ана сүтімен бойына сіңген қасиет екендігінде дау жоқ. Қарияны қадірлеу – халқымыздың қанына біткен дәстүрі» деп түйіндеген екен бір сөзін.

Расында да, халқымыз қариясын қадірлеп, ақылдың кені, көзі ретінде ақсақалдың сөзіне ерекше құлақ асқан. Дәстүрлі түсінікте аталы сөзден аттаған – жүгенсіздік, тәрбиесіздік деп қабылданған. «Үлкендердің қасиеті – батасында» деп, қазыналы қариясын құрмет тұтуды міндет деп білген. Аузы дуалы, сөзі уәлі ақсақал тек отбасының емес, барша ауылдың тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылығына басшылық жасап, ізгі ықпалын тигізеді. Ел мүддесін бәрінен биік қоятын, ізінен ерген ұрпағына ұлылығын ұялатып, бір қауымға бас-көз бола білген қарттың орны ерекше. Шер-Аға да сондай аталы сөз айтатын ақсақалдың бірегейі болатын.

Атамыз өскелең ұрпақ тәрбиесіне қатысты қадау-қадау сөз айтып, жастарды білімге, ізеттілікке, еңбекке баулуға шақырды. Қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы бола жүріп, ұрпақ тәліміне байланысты тамаша үлгі-өнегесін қалдырды. Ақсақалдың бір ауыз сөзі кейінгі буынға үлкен күш, керемет рух берді. Шер-Аға жастармен кездескен сайын өзінің өмірлік тәлім-тәжірибесімен бөлісіп отыратын еді.

Халқымызда обал, сауап, борыш деген де сөздер, ұғымдар бар. Оған екінің бірі иба жасамайтыны да мәлім. Кісі баласына обал жасамау, тек сауабын тигізу, борышын адал атқару деген ұғымдарды Шер-Аға жүрегіне ұялата білген жан еді. Сол ізгі қасиеттері арқылы ол көзалдымызда таудай тұлғаға айналды. Тұлғаның өлшемі – ізгілік пен парасат. «Өкшелеп өсіп келе жатқан ұрпақтарға бізден де үлгі-өнеге, ұлттық тағылым, кісілік, имандылық мұра болып қалуы тиіс» деген сөздерді әр кездесу-сұхбатында тірілтіп отыратын. Міне, осындай ұрпақтар алдындағы жауапкершілікті ағамыз жақсы түсінді. Түсініп қана қоймай, ізгілігін өрелі ісімен де ұштастырды. Ізгілік пен кісілік – адамзаттың мәңгілік құнды қасиеттері екені даусыз.

## ДАНАГӨЙ

**Тоңболат МҰХАНҰЛЫ,**

*өлкетанушы.*

Ол кісі мені өзі іздеп тауып, бауырына тартқан еді. Менің газетке шыққан бір мақаламды оқыпты да, Қарсақбайдағы таныстарының біріне «егер қолы тисе, Сәтбаевқа жолы түссе маған жолығып кетсін» деген сәлем айтыпты. Соған шейін есімін ара-тұра естіп қалғаным болмаса, бұрын-соңды жүзбе-жүз кездеспеген кісі болғасын, санамды ең алдымен «қандай адам екен?» деген күмәннің жаулап алғаны рас.

Сәтбаев қаласындағы қалалық мекемелер орналасқан ғимараттың екінші қабатына көтеріліп, ол кісінің кабинетін тауып алдым. Көршілес кабинеттегі қыз-келіншектер: – Аға әлгінде әкімдік жаққа кетті, қазір келіп қалатын шығар, күте тұрыңыз – деді. Асығыс емес едім, күткім келді. Көп күттірмеді, дәліздің арғы басынан аяғын нық басқан, жүрісі тіп-тік, үстінде әскери формасы бар ақсақалды көргенде іздеп келген кісінің келе жатқанын біле қойдым. Сәлемімді қабыл алды да, «Қарағым, маған келіп тұрсың ба?» деп, менен оңды жауап алғасын, кабинетін ашып, мені төрге оздырды. Өзі орнына жайғасқан соң жөнімді айтып едім, ағам орнынан ұшып тұрды да: – Кел, қайта амандасайық, сен менің күтіп жүрген қонағымсың. Өйткені, менің Ұлы нағашым боласың – деп, жаныма келіп, қаусыра құшағына тартты. Сөйтсем.. Ақсақалдың атасы Өрбай деген кісі біздің Аманғұл елінен шыққан атақты бай Тоғызбайдың Жұпар есімді қызын алған екен. Сонда Шер-Аға маған жиеннен туған жиеншар болып шықты. Ол кісінің білгендігі ғой, жасының үлкендігіне қарамай, ұлы нағашымның елінің азаматы деп орнынан тұрып келіп, амандасып жатқаны. Данагөй демей не дейін бұдан соң?!

Содан екеуіміз біршама әңгімелердің басын қозғадық. Көп білетінін байқадым.

– Жазғандарыңды оқып жүремін. Сөздеріңде артық ет жоқ, не жазсаң да дәлелдеп жазасың. Сондықтан да, сенің

жазғандарың көңілімнен шығып жатады. «Осы жігітті көрейін, танысайын» деген едім, бірауыз өтінішімді жерге тастамай келгенің үшін рахмет! Бұдан былай хабарсыз кетпе, осындағы інімнің бірі бол! – деген ағамен кейін ретті жерінде хабарласып та тұрдық, кейде той-томалақтарда кездесіп қалып та жүрдік. Сөйлесе сөзі сіңімді еді. Қазіргілер секілді бостекі әңгімеге әуестігінің жоқтығы да маған ол кісіні бұрынғылардың сарқыншағы тәрізді елестетті. «Қанша дегенмен қазақы тәлім-тәрбие көргендіктен кеңестің саясатына улана қоймаған-ау» деп топшылайтынмын. Осы жақында ғана ол кісінің арғы аталары қажылыққа барған діндар кісілер болғанын айтпағанның өзінде, өз әкесінің де дінге берік жан болғанын білдім. Сондай кісінің кіндігінен тараған Шер-Аға өзгелерден ерек болмағанда қайтеді?!

Ағаның дүниеден өткенін естігенде намазына туралап Қарсақбайдан арнайы келдім. Өйткені, рухы жаныма жақын ағаны ақтық сапарына шығарып салушылардың қатарында болғым келді. Халық көп жиналыпты. «Кісінің қадырын оның қазасы да аңғартады» дейтін ескіден қалған сөз бар. Сол тұста әлдебір белсенділер тарапынан «кісі өлгенде митинг жасауға болмайды» дейтін әңгіме көтеріліп жатқан еді. «Құдай-ау, егер елге аса сыйлы, құрметті кісі өмірден өтіп жатса, неге азалы митинг өткізіп, арамыздан мәңгіге кетіп бара жатқан жанның жақсылығын аз да болса айтқанда тұрған не бар екен?» дейтін пікірді де естіп жүрген едік. Сәтбаев қаласының басшылығы дұрыс істеді. Шағын азалы митинг болды. Аға туралы жақсы сөздер айтылды. Ал, мұның несі ерсі?! Біз кейде асыра сілтеушілікке ұрынып кетеміз-ау. Мен сол сәтте өзімді ұлтымыздың бар қадыр-қасиетін бойына жинақтаған, ақылы – дария, сабыры – мұхит, білімі – терең, білігі – ұшан-теңіз данагөй қарттарының соңғы тұяғымен қоштасып тұрғанымды түсіндім. Енді бізге Шер-Аға тәрізді ағалармен жолығу – арман ғана! Ағаның алды – пейіш, арты – кеніш болсын!


## ШЕЖІРЕ

**Мәди ӘЛЖАППАРОВ,**

*Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.*

Шер-Аға екеуміз жақсы араластық. Мұның екі себебі болды, бірі – туыстық жағынан. Сарғалдықтың ол кісі Төлендісінен, мен Шәлтекесіненмін. «Біз туыспыз ғой» деп отыратын жарықтық. Екіншісі, әрине, бұл менің журналистік қызметіме байланысты. Қалалық ардагерлер Кеңесінің жұмысын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау мақсатында ағамызбен іс-шаралар барысында жиі жүздестік. Кеңестің кейбір құжаттарын дұрыстауға көмектесіп те қоятынмын.

Маған бәрінен бұрын ол кісінің аймаққа, елге, жерге қатысты ескілікті әңгімелері ерекше әсер ететін. Сол әңгімелердің бәрі дерлік «Шарайна» газетінде «Шер-Аға шерткен сыр» деген айдармен жарық көрді. Кенесары ханнан бастап, өз еліміздің Есенғабыл, Есенбек батырларына, т.б. қатыс-



ты мол мағлұмат беретін сол әңгімелердің уақытылы жазылып алынып, тасқа басылып қалғанына қуанамын. Бұл Шер-Аға екеуміздің қазіргі тілмен айтқанда, «жақсы жобамыз» болды.

Шер-Ағаның өзінің туған атасы Өрбай деген кісі кезінде елге аса беделді, абыройлы болған. Ол дүниеден өткен соң халық қызыл кірпіштен күмбез орнатқан. Ең ғажабы сол, 1943 жылы сол зираттан Абылай ханның орыс губернаторына

жазған хаты табылған. Мен бұл туралы «Егемен Қазақстан» газетіне мақала жариялаған да болатынмын.

Шер-Аға бірде «Мәди, азды-көпті көргеніміз, бастан кешкеніміз бар, соларды қағазға түсіріп, соңыма қалдырып кетсем деген ойым бар. Осыған қолұшыңды берсең қайтеді?» деді. Әрине, мұндай ұсыныстан қалайша бас тартасың. Сөйтіп, ағаның жазбаларын редакциялап беріп отырдым. Кітап «Тағзым» деген атаумен жарық көрді. Кітаптың тұсаукесері қаладағы №16-мектептің мәжіліс залында өтті. Зал лық толы болды. Бұл кітап авторына деген көпшіліктің құрметі деп түсіндім. Құттықтау сөз сөйлегендердің арасында қала басшылары, ардагер ақсақалдар, жастар өкілдері болды. Сол жерде әрине, көпшілік тарапынан «Кітабыңыздың жалғасы болсын» деген жақсы тілек көбірек айтылды. Шер-Аға өзінің сөзінде «Мен жазушы емеспін, журналист емеспін. Бастан өткергенді, көзбен көргенді, ойға түйгенді қағазға түсірдім. Соның өзін журналист Мәди ініме дұрыстатып алдым. Сондықтан, тағы да кітап жазамын деп уәде бере алмаймын. Бірақ, кім біледі?» деп сөзінің соңына әзіл қосып жіберген еді. Арада біршама уақыт өткенде «Тағзым-2» деген кітап та көптің қолына тиді. Көргені көп кісінің айтары да таусылмайды екен. Сол екі кітаптан да тыс қалған дүниелер бар екені енді белгілі болып жатыр. Сондықтан, өзі кеткенмен, ағамыздың елдің арасында қалған сөзін жинақтап, тағы бір кітапқа айналдырып жатқан азаматтарға рахмет!

Шежіре Шер-Ағаның шерткен сырлары жинастыра берсек, әлде де табыла беруі мүмкін-ау..



## АБЫЗ ЕДІ...

**Абдолла ДАСТАНОВ,**

*Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.*

Сөздің киесінен қорықпай, жасы келгеннің бәріне «абыз» дегенді қосақтай салатын болып кеттік. Құдайдың берген жасын кім жасамайды, бірақ, ғұмырдың ұзақтығы оның абыздығының кепілі емес.

Абыз кім? Ұлы Мұхана, Мұхтар Әуезовтің айтқанына ден қойсақ, «абыз» – жаны ізгі адам, әулие деген ұғымдарға жақын келеді екен. Бірақ, «әулие» дегенді келешекке болжам жасайтын көріпкел мағынасында қабылдамағанымыз дұрыс. Қазақ ешкімге қиянат-зорлығы жоқ, артық сөзге бармайтын, кішіге ілтипаты, үлкенге ізеті үзілмейтін, адалдықтан аттамайтын, таза жүретін адамға деген сүйсінісін «ол бір әулие адам ғой» деп жатпай ма? Мінеки, «абыз» деген атау осындай «әулие» адамдардың атына айтылса ғана жарасымды болмақ.

Біздің Шер-Аған, Шермұхамбет аға Байбосынұлы осындай жан еді. Өз басым Шер-Ағаның кейінгі отыз жылдан аса ғұмырына куәмін. Алғашқы таныстықтан-ақ бір-бірімізді жатсынбадық. Ол қазақтың салт-дәстүрін берік сақтайтын, тарихынан там-тұмдап әңгіме шертетін. Ескілікті сөзге бай шежіре ақсақалды сәті түскенде тыңдай беруден еш жалықпайтын едік.

Бірде Шер-Аға мынандай әңгіме айтты. Әлдебір дастархан басына жиналғандар арасындағы ең жасы үлкені сол кісі болыпты. Содан дастархан иелері ол кісіден асқа бата қайыруды сұрапты.

– Бірақ, мен бата қайырмадым. Өйткені, сол елге күйеу болатынмын. Соны айтсам әлгілер «Қайдағы күйеу? Алпыс

жылдан асып кетті ғой апамызды алғаныңызға, батаңызды беріңіз» деп тұрып алды. Әзілдеп тұр екен десем, шынымен айтып тұрғандарын байқадым. Сосын білгенімше түсіндіріп бақтым – деді. Мен ағамнан қазақта күйеу мен жиеннің бата қайырмайтын себебін сұрадым.

– Бұл былай. Өйткені, ежелден-ақ күйеу мен қайынжұрттың, жиен мен нағашының арасында әзілді-қалжыңды сөз жүреді ғой. Сондықтан, бата беру кезінде ауызға ие бола алмай жеңіл-желпі сөздер айтылып қалуы да мүмкін. Сондықтан, бабаларымыз олардың бата қайыруларына рұқсат етпеген. Осыны біліп тұрып, белінен аттап өтіп жатсақ, кейінгі жастарға қандай өнеге көрсетеміз? – деп түсіндірген Шер-Ағаға сөз ауанын «Жасыңыз келгесін, арада алпыс жылдай уақыт өткесін, мүмкін рұқсат бар шығар?» деп өзгерте қойдым. Мұндағым – өзімше ақсақалды сынаған түрім еді.

– Жоқ. Менің қайынжұртыма деген күйеулігім сүйегіммен бірге кетеді – деген ақсақал сол сөзімен-ақ ұлттық салт-дәстүрге беріктігін байқатты. Ал, осыны абыздыққа баламағанда қайтесіз?

Мұхтар Шахановтың «Шашын күнге ағартатын қарттар бар, Жасы жүзге келгенмен» дейтін өлең жолдары бар. Ақынның осы айтқанының Шер-Ағаға еш қатысы болмайтын, керісінше, тоқсанның төріне шығып, өмірден озған ақсақалдың көргені де, көңілге түйгені де көп еді. Ол ауыл үйдің арасындағы ұсақ-түйек әңгіме – сөзге араласа қоймайтын, елге, жерге бөлініп қызылшеке болып жататындардан іргесін аулақ салатын.

Еңбекке де араласты, Отанға қауіп төнгенде қолына қару ұстап, оттың ортасына да түсті. Алла нәсіп беріп, туған жерге аман-есен оралды, бейбіт елдің ертеңі үшін тер төкті.

– Біз Тәуелсіздіктің қадірін түсіне бермейміз. Әсіресе, жастар жағына Тәуелсіз, Азат ел болудың артықшылығын ұғындыра білуіміз керек. Сендер кешегі күннің шет жағасын көрдіңдер ғой. Әрине, бір жағынан кеңес заманының да өзіндік жақсылықтары аз болған жоқ. Дегенмен, Тәуелсіздікке ештеңе



жетпейді – дейтін Шер-Аға жас ұрпақпен жиі кездесетін, өмірден көргені мен түйгенін ортаға салатын.

Ол кісінің дастарханы қашан барсаң да жаюлы тұратын. Бара қалғанда:

– Сендер, бақыттысыңдар ғой, алдарыңда жаманды-жақсылықты біз секілді ағаларың бар.

«Ағаның үйі – ақжайлау» деп, шақыртусыз-ақ келіп тұрмайсыңдар ма? – деп, өкпе-назын да білдіріп қоятыны бар еді.

Ең соңғы рет ағаның шаңырағында 2017 жылдың желтоқсанында, Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында болған екенбіз. Сол жолы «қашанғы жүре берер дейсіңдер» дегендей әлдебір әңгіме айтып қалды.

«Жаманшылық шақырмаңыз, қалқып алдымызда жүре беріңіз, «Алдыңда арқа тұтар ағаң болса, Онда сен болдым дей бер несібелі» демекші, «Аллатағала бізді Сіз секілді

несібімізден айырмасын» деп тілек айтқанбыз. Арада алты-жеті ай өткенде қазанама жазамыз деп ойладық па?

Шер-Ағаң арқамызды сүйейтін тау секілді еді. Тауымыз құлады.

Шер-Ағаң саясын паналайтын бәйтерек тәрізді еді. Бәйтерегіміз сұлады.

Тауға айналу, бәйтерекше бой түзеу ізінен басқан інілерге аманатқа қалды. Егер сол аманатқа адалдық таныта алсақ, Шер-Ағаңнан көрген өнегеміздің текке кетпегені. Абыз ақсақал аруағы алдындағы қарызымыз – ендігі жерде кейінгілер үшін тауға, бәйтерекке айналу. Қолымыздан келе қояр ма екен?



## АТАМНЫҢ АРҚАСЫНДА...

**Еркебұлан ЕРЛАНҰЛЫ,**  
*немересі.*

Менің атам Шермұхамбет Байбосынұлы Ұлы Отан соғысының ардагері еді. Мен атамды әрқашан мақтаныш тұттым. Кейде ол кісі біздің мектепке оқушылармен кездесуге келетін. «Осында менің Еркебұланым да оқиды» дегенде орнымнан көтеріліп, басқа балалардың алдында кәдімгідей «жалым күжірейіп» шыға келетін.

2015 жылы Ұлы Жеңістің 70 жылдығы кең көлемде тойланды. Атамды біздің елімізден Мәскеуге баратын делегация құрамына қосыпты. Ол мені өзімен бірге ала баратын болды. Мұндай қуанбаспын! Өйткені, бұл менің шетелге алғаш рет сапарға шығуым еді.

Бізді Мәскеуде аэропорттан күтіп алды. Қазақстан делегациясының құрамында барлығы 17 адам болды. Солардың арасында атақты ақын Олжас Сүлейменовті жақыннан көру бақыты бұйырғаны үшін ғана атама мың рахмет айтсам, артығы жоқ. Жақсы мейманханадан орын әзірлеп қойыпты. Бәрі де тегін. Қызмет көрсетушілер зыр жүгіріп жүр. «Балам, кешегі соғыста кейін осындай құрмет көреміз деп ойлағанымыз жоқ, бар арманымыз – елге аман оралу болды. Енді, міне, сол төккен қанның өтеуіндегі құрметке бөленіп жатырмыз. Мұның шапағаты саған да тиіп жатыр»



деген атама «Сіздер біздің бақытымыз үшін күрестіңіздер. Сол үшін Сізге, мың тағзым!» деймін мен. Сөйтіп, аталы-немерелі екеуміз Мәскеудің ғажайып мейманханасында түннің бір уағына шейін әңгімелесіп жатқан едік.

Ертесіне Ресей ардагерлер Кеңесінің салтанатты Пленумы болды. Бұдан соң бізді Ұлы Отан соғысы музейіне апарды. Музейден көп әсер аласың. Соғыс салған жарақатты да сезінесің, Жеңістің шаттығына да қуанасың. Бір қызығы, осы музейді аралауға Ресей Үкіметінің сол кездегі басшысы Дмитрий Медведев те келді. Ол басқа да ардагерлермен бірге атамның да қолын алып «Ұлы Жеңіс үшін Сіздердің алдарыңызда мәңгілік қарыздармыз!» деген перзенттік лебізін білдіріп, жүрекжарды ақ тілектерін арнады. Алып елдің басшыларының бірімен кездесу менің есімнен ешқашан шықпайтыны анық.

Біз Мәскеуде бір аптадай болдық. Қаланың көптеген жерлерін араладық. Мәскеу өзенінің үстіндегі параходпен болған серуен сірә ұмытылар ма?!

«Күркіреп күндей өтті ғой соғыс» деп дауылпаз ақын Қасым Аманжолов атамыз жырлағандай, әрбір адам баласына қасірет пен қайғы зәрін шашқан фашизмнің үні өшкелі де сексен жылға жуықтап қалды. Жеңіс жылғы сәбилердің өзі немере, шөбере сүйген ақсақалды аталарға, ақжаулықты әжелерге айналды. Бірақ, соғыс жаңғырығы ешқашан өшпек емес. Біз аталарымыз, әжелеріміз қамтамасыз еткен Бейбіт күннің қадірін білуге, оны құрметтеуге тиіспіз. Біздің бүгінгі бақытты өміріміз аталарымыздың арқасында ғана мүмкін болғанын ұмытуға еш қақымыз жоқ. Ұмытатын болсақ, аталардың әруақтары бізді кешірмейтін болады.





*3-бөлім*  
*Ақындардың*  
*арнауы*



## ЖҮРЕГІНІҢ ЖАРҚЫРАТҚАН ЖЫЛУЫН

Мұса ТІЛЕУОВ

*Жауды жеңіп, елге оралған ер ағам,  
Сыр шертеді Жеңіс жайлы Шер-ағаң.  
Ет жүрегі елжірейді үзіліп,  
Мынау күнде халқы тыныш, ел аман.*

*Барға тағлым, жоққа жасап тағзымын,  
Айтып берді ақиқат пен аңызын.  
Ізсіз кеткен сан зұмырды айғақтап,  
Ақтай білді ел алдында парызын.*

*Ертегідей өткен күннің бәрі ыстық,  
Қиын шақта қанша жылап қан іштік.  
Тауқыметке тірек болған ұлтына,  
Бабалармен, бауырлармен қауыштық.*

*Жүрегінің жарқыратқан жалынын,  
Талай-талай тау тұлғаны таныдым.  
Бәрі осының Шер-ағамыз шерткен сыр,  
Елге мұра, ұрпағына тағылым.*



## ҚАЛАМЫЗДЫҢ БӘЙТЕРЕГІ

**Мұхитден УАТАЕВ**

*Сұрасаң өмір жайлы мол дерегі,  
Жас ұрпақ ардагерге жол береді.  
Еліме тағылымы көп қарт – қазына  
Шер-аға қаламыздың Бәйтерегі.*

*От кешіп Отан үшін қан майданда,  
Етікпен су кешкен, аянбаған.  
Бүгінде қызмет қылып қаламызда,  
Еңбек етіп жүр, міне, аяулы ағам.*

*Ойласақ, бір шежіре тағдырыңыз,  
Ұрпаққа үлкен мұра қалдырдыңыз.  
Кешегі бабалардың тарихынан  
Жастарға білім – көпір салдырдыңыз.*

*Тағзым қып, бас иеміз ағамызға,  
Дана – қарт ұзақ жүрсін арамызда.  
«Қария – қарт», – деп айтып майдангерді,  
Ойланбай ренжітіп аламыз ба?*

*Дәстүрін батырлықтың сақтап қалған,  
Әлі тың, әлі мықты солдат – ағам.  
Таңертең қызметке кетерінде,  
Кителін бір түзейді шаң баспаған.*

*Белгісі Шер-ағамыз тектіліктің,  
Демеңіз мұның бәрін қайдан ұқтың?*

*Парасат, білімі мен имандылық,  
Бастауы әрқашанда даналықтың.*

*Шәкеңді үлгі етеміз өзімізге,  
Таң қалып ісіңіз бен сөзіңізге.  
Ел үшін аянбаған ардагерді,  
Әрқашан көрейік біз төрімізде.*

*Мінеки, келді тағы Жүңіс күні,  
Мақтаймыз, дәріптейміз Сізді бүгін.  
Жастарға өнеге боп көп жасаңыз,  
Шаршамай алға тартып өмір жүгін!*



## ЕРЛІГІ ТАРИХ – ТАҒЛЫМ БОЛҒАН ДАСТАН

*(Ш. Байбосыновтың «Тазы» кітабы  
жарық көргенде жазылған)*

**Сақыпжамал ИСАБЕКОВА**

*Ұлылықта кішілік бар екенін,  
Мен Көке, Сізге қарап түсінемін.  
Ауырмай, аман-есен жүріңізші,  
Тәңірім елер болса ел тілегін!*

*Сексеннен аттап өтіп салтанатпен,  
Тоқсанға бетті түзеп тау секілді  
Тұрған бір осы армансыз сәттеріңіз  
Еріксіз тебіренмеді жүрегімді.*

*Мен Сізді үлгі етемін өміріме,  
Әр басқан ізіңізге тәу етемін.  
Ата алдында аласа иілдесек,  
Атанбақ қайда бізге тәуір келін!*

*Жас та болсақ, тәккапар қарамайсыз,  
Өзімді де, сыйлайсыз өнерімді.  
Мен де Сізге сондайда білмей қалам,  
Ай-күннің қайсын алып берерімді.*

*Айтар алғыс, ақ ниет тілеуімді,  
Білдірмей, ішке сақтап кете барам.*

*Ата мен ене алдында келіндердің,  
Болған соң, сөз айта алмас, жолы тарын.*

*Сіз үшін де, біз үшін де бүгінгі кеш,  
Қарыны ақ түйенің жарылған күн  
Деп айтсам, парағына бір артық сеп  
Қоспаған сәтім болар шындық сөздің.*

*Сізді Алла жаратқан-ау мәңгі өлмеске,  
Қолтықтан желеп-жебеп ата қызыр.  
Өйткені өміріңіздің жалғасындай  
Өмірге әкелдіңіз кітап – ғұмыр.*

*Алып кеуде ішінде соққан жүрек  
Сыр болар бұлқынған соң шыққан сыртқа.  
Әйтпесе, тап осылай із қалдырмақ  
Игі іске болмаған ғой әркім ұста.*

*Сонымен «Тағзымыңыз» құтты болсын,  
Ұрнақ оқып, ата ойын ұғар-дағы.  
Жазыңыз жүзге дейін талай кітап,  
Қырандай шаршау білмес тұғырдағы.*

*Және де құтты болсын Жеңіс күні,  
Қатысып, өздеріңіз куә болған.  
Елге сыйлап азаттық аманатын,  
Ерлігі тарих – тағлым болған дастан.*

*Мұның бәрі әулетке болып мақтан,  
Танытты өз өресін биік-дағы.*

*Елбасы өз қолымен табыстаған,  
Алтын шен, атағыңыз иықтағы!*

*Сөз соңы да жақындап қалды-ау деймін,  
Жан Көке, арнасам да жалынды жыр  
Тілегім, жанға жақын қабылдаңыз  
Тоймаған қуанышқа адам – ғұмыр.*

*Сіз үшін артта армансыз таңдар атып,  
Бас исін алдыңызда ғаламыңыз.  
Дана ойдан тағылымды дерек берер,  
Жүрдек те, жүйрік болсын қаламыңыз.*





**IV-бөлім**  
*Сыр – сұхбат*



## «ӨТКЕНГЕ ӨКПЕ ЖОҚ, КЕЛЕШЕКТЕН ҮМІТ КӨП»

Абдолла ДАСТАНОВ

*Сәтбаев қалалық ардагерлер Кеңесінің төрағасы, қаланың Құрметті азаматы Шермұханбет БАЙБОСЫНОВ ақсақал ел мен жер, дін мен тіл тақырыбы әңгіме өзегіне айнала қалған жерде әрқашан өзінің көргендері мен көңіліне түйгендерін ортаға салудан тартынып қалған емес. Тоқсанға таянып қалса да, көңілі – сергек, танымы – терең, сөзі – тұщымды ағамен сұхбат құрғанның өзі бір ганибет. Жақында ақсақалға арнайы барып, жолығып, аймақтың тарихына қатысты және ұлтымыздың өткені мен ертеңі хақында үлпәттасып қайтқан едік.*

*– Қазақтың атақты ақыны Әбділда Тәжібаевтың «Кешеден келдім бүгінге» дейтін сөзі бар. Меніңше, сексеннің сегізінің сеңгіріндегі Сіздің де өткеннен көргеніңіз бен көңілге түйгеніңіз бүгінгі Ғәм ертеңгі ұрпақ үшін тамаша тарих екеніне күмәнім жоқ. Қос гасырдың куәсі болдыңыз, бодандағы қазақтың азаттыққа қолы жеткенін көрдіңіз. Ұлтымыздың басынан кешкен ауыртпалықтардың да шет жағасын басыңыздан өткердіңіз. Сондықтан, сөзімізді өзіңіз тумасы болып саналатын Жезқазған - Ұлытау өңірінің бала кезіңіздегі жадыңызда сақталып қалған көріністері туралы бастасақ?*

– Мен 1926 жылдың көктемінде дүниеге келгенмін. Әкем жарықтық кеңес өкіметінің кейбір тәртіптеріне мойынсұнбай өткен жан болды. Айталық, ешқашан суретке түспей кетті. «Мұныңыз қалай?» десек, «ертең ана дүниеде қиын болады» дейтін де қоятын. Әрине, мұның діни нанымның әсері екенін бертінде түсіндік қой. Өз басым әкемнің мұнысын дұрыс дей алмас едім. Егер артында бір суреті қалса, қазір үйіміздің төрінде

ілулі тұрмас па еді? Ол кісі сондай-ақ, 1947 жылы 11 сом зейнетақы тағайындалғанда, оны алудан да бас тартты. Себебін ашып түсіндірген емес.

Балалық шағым қазақ жерінде Кеңес өкіметі орнап, ұжымдастыру аяқталған кезеңде өтті. Қазіргі Жезқазған, Сәтбаев қалалары орналасқан аумақта көптеген шағын-шағын колхоздар бар болатын. Соның бірі «Қызыл әскер» деп аталатын. Бұл колхоз орналасқан Жыландының Ақшиі деп аталатын жердің табиғаты тым керемет еді, жылан дегеніңіз өріп жүретін. Баламыз ғой, қорқатынбыз. Бірақ, «өздерің тиіспесеңдер, олар да сендерді шақпайды» дейтін әкешешелеріміз. Шынында да, жыландар көшкен кезде қызықтап, қарап тұратынбыз. Кезінде «Ақшиді Кенесары бір жылдай мекен етіпті» деген үлкендердің сөзін құлағымыз шалып қалатын. Қазір сол әсем табиғаттың тоз-тозы шықты.

Негізі біздің ата-бабаларымыз Жошыхан мазары тұрған жақтағы Қызылжар деген жерді мекендеген. Үлкендердің айтуынша, бұл жерді Ерден сұлтаннан 100 жылқыға сатып алса керек.

Жә, енді «Қызыл әскерге» оралайық. Оны біздің ағаларымыз болып келетін Баймағанбет Өрбаев деген кісі басқаратын. Біздің үй де сол «Қызыл әскердің» құрамында болды. Колхозда 200-ге тарта сауын сиыр болды. Бәрі қолмен сауылады. Сол кездегі тәртіп бойынша колхоздар өндіріс орындарын сүтпен қамтасыз етуге міндетті. «Қызыл әскер» өз өнімдерін «Покро», Петрохолм», «Петро-2» және 15, 34, 12 шахталарға, ал, «Талап» колхозы 39, 39-бис, 31, 8, 1 шахталарға, «Екпінді» болса қазіргі Жезқазған қаласының құрылысын жүргізіп жатқан құрылысшыларға таситын. Қарсақбай жақтағылар болса Қарсақбайды қамтамасыз ететін. Сөз арасында айта кетейін, «Талап» колхозы қазіргі Талап ауылының орнында орналасқан болатын. Ал, «Екпінді» болса, бүгінгі Жезқазғанға жақын маңайда еді.

– *«Жезқазғанның бұрынғы атауы Наушабай еді» деп айтылады ғой...*

– Бұл рас, ауқатты кісі болған, біздерге құдандалы болып келеді екен, бала кезімде үлкендерге ере барып үйінде болғанмын. Екі ұлы бар еді, екеуі де соғыстан оралмады, сөйтіп, ол кісіден тұқым қалмады. Ал, мынау біреулер Досхан, енді біреулер Досхана деп жүрген қазіргі Сәтбаев қаласы орналасқан жерді жаз жайлаған Досхана деген кісінің ұрпақтары баршылық. Руы – Сарғалдақ – Шәлтеке. Бейіті Жезқазғанның жанындағы пионер лагерінің қасындағы қорымда жатыр. Досхананың құдығы ауызекі тілде «БАМ» аталып кеткен Сәтбаев қаласының маңындағы жасанды көлдің астында қалып қойды. Сол құдықтан талай мәрте су іштік қой кезінде. Айналасында тобылғы мен шайыр мол өсетін еді, қазір соны айтсаң кісі сенер ме? Тек осындайда сол көлдің маңына әлдебір тақта орнатып, ескіні еске түсіретін бір белгі орнатып қойса деп те ойлаймын. Өйткені, өскелең ұрпақ өткенді біле жүргені дұрыс қой.

– *Колхозда тұрғаныңызбен сол кезде енді-енді ғана игеріле бастаған шахталардың атауларын жақсы білетіндігіңізге таң қалып отырмын.*

– Бүгінгі «Рудник» деп аталатын поселке біздің алтын ұямыз іспетті. Осында мектеп табалдырығын аттадық, ержеттік, еңбекке араластық. Сондықтан бәрі көзтаным өмір емес пе?

– *Сол бала кезіңізде Қаныш Сәтбаевты көрдіңіз бе? Ол кісі де сол «Рудникте» тұрған дейді ғой.*

– Әрине, сол кездегі 26-шахтаның түбінде тұрған Қаныш Сәтбаевтың үйін елдің бәрі білетін. 26, 1, 8-шахталар ағылшындардан қалған шахталар болатын. Шахтаға түскендер қолдарына «керосин-лампа» ұстап түсетін. Соғыстан кейін бұл лампаларды «карбид-лампалар» алмастырды. Тек 1957 жылдан бастап қана жағдай түбегейлі өзгере бастады. Сөзіміз

шахталар тарихына ойысып кетті ме? Қанекен туралы айтсақ... ол кісі поселке маңындағы ауылдармен, ондағы адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатып, өзі де қонаққа барып, қонаққа шақырып дегендей араласып тұрған ғой. Атақты Сармолдамен, яғни, Балмағамбет Балқыбайұлымен өте сыйлас болғандығы жөнінде айтылып та жүр. Сармолда шахталарға су таситын еді. Бала кезімде бірде Қаныш ағаға колхоз бастық ағамыз Баймағанбет ағайдың хатын апарып бергенім бар. Ол кезде араб қарпімен жазады. Қаныш аға хатты оқыды да, майдалап тұрып жыртып-жыртып тастағаны есімде. Әрине, мен сол сәтте ұлы қазақтың қолын алып, алдында тұрғанымды білгенім жоқ. Ағайға келіп, «хатты бердім, ол кісі майдалап жыртып тастады» деп едім, «дұрыс қой» деді жаймен ғана күбірлеп. Не жазылғанын қайдан білейін?

*– Кәмпеске мен ашаршылықтың қалай болғанын көзіңізбен көріп, басыңыздан өткере қоймасаңыз да, «халық жауларын» ұстау науқанының қалай жүргізілгенін ептеп болса да білетін шығарсыз.*

– Атақты Бұзау болыс – менің туған нағашым. Кеңес өкіметінің бай-манаптарға, молдаларға қалай қарағаны белгілі. Тіпті, сол өкіметті өз қолымен құрған талай марқасқалар да кеңестік саясаттың құрбандарына айналып кетті емес пе? Бұзау болыстың Ыбырай дейтін баласы Рудникте тұрғын үй-коммунальды шаруашылық мекемесінің бастығы еді. Бір күнде ұстап әкетті, кейін «атылды» деген хабарын естідік. Болыс нағашымыздың тұқымдары тұтқындала бастағанда біздің тұқымға да оңай тимегені рас. Ақиқатты адамнан жасырсаң да, Алладан жасыра аласың ба? Біз сол саясаттың салқынынан көптеген жылдар бойы нағашы жұртымызбен араласпақ түгілі, қатыса да алмай қалдық.

Пазыл Өмірбаев деген ағайым болды, молда кісі еді. Кейін ғой молдалық жолға түскені. Шын аты-жөні Базыл Өрбаев

болатын. «Халық жауы» атанып, ұсталып кете жаздаған кісінің бірі – сол. Ауданның орталығы Қарсақбайға шақырып, партия қатарынан шығарған жиналыстан шыққан бетте мұның арты жақсылыққа апармайтынын сезген ол дереу Жосалыға қарай қашады. Байман ұста деген халыққа сыйлы кісі болған, соған бір жапырақ «мен тірімін» деген хат қалдырып кетіпті. Басқалар шынымен де оның қайда кеткенін білмейді, ал, Байекең біле тұрса да, тергеушілерге айтпаған ғой. Адамшылығының мықтылығын қарасаңыз! Кейін Базылдың туысқандарына оның қашып кеткенін сыбырлап қана отырып айтқан. Сол Базыл оңтүстік жақта жүріп, аты-жөнін өзгертіп, соғысқа барып, елге кейін ғана оралды.

Сәкен Сейфуллиннің «халық жауы» атанып, ұсталғанын естігенде Баймағанбет ағамның «ендеше мен де жаумын» дегенін көзіммен көріп, құлағыммен естідім. 1930 жылы Әліби Жанкелдин мен Сәкен Сейфуллин екеуі Қарсақбайға келген ғой, бәлкім, сол кезде көзтаныс болып, ауызба-ауыз пікірлескен де болар. Өйткені, Әліби мен Сәкеннің негізгі мақсаты колхоздардың жағдайын жақсарту жолдарын іздестіру болған екен. Сол кезде колхоз бастығы болып жүрген Баймағанбет Өрбаевтың көңілінде Сәкен айрықша із тастап кеткен шығар, бұл жағын біле қоймадым. Бірақ, әлгіндей хабарды естігенде, қатты қамығып сала берген еді.

– *Кейінгі кезде «Сәкен Сейфуллин 1938 жылы атылған жоқ, кейін Магаданда өлген» дейтін әңгімелер жиі айтылып жүр. Бұл туралы не ойлайсыз?*

– Халқымыздың қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлы «Мағжан Жұмабаевты соғыстан кейін орыс ормандарында кездестірдім» депті ғой. Егер ресми мәліметтерге сенер болсақ, Мағжан да, Сәкен де 1938 жылы атылып кеткен. Бірақ, Баукеңнің бостекі сөзге бармайтыны күмәнсіз. Демек, терең зерттеуді қажет етеді. Ал, Сәкенді Сібірде көрдік дегендер тіпті көп. Солардың бірі Қожан Шоқтаев деген кісі еді. Руы – Арғын, Қорғалжын жағының тумасы болатын. Ол да «халық жауы»

атанып, он жыл бойы, яғни, 1937-1947 жылдары түрмеде болған. 1962 жылдың шілде айында сол кездегі тубдиспансердің бас дәрігерінің орынбасары болып істейтін Зікірия Қожанов маған «демалыста әкейдің үйіне барып келейік» деді. Әкесі Ақшиде киіз тігіп, жайлауға шығып отыратын. Біз барғасын «қонақтар келіп қалыпты ғой, бір қозының еті осыларға бұйырып тұрған шығар» деген Қожакең өрістен қозы алдырды. «Мен мал бауыздамайтын едім, сен соя аласың ба?» деп қолқаны өзіме салды. Қозының терісін ірей бастағанда, қасыма радиоқабылдағышты қосып қойған болатынмын. Түскі уақыт қой, концерт беріп жатты. «Халық әні – «Аққұм» деп хабарлауы мұң екен, Қожекең «Қайдағы халық әні? Бұл деген Ахаңның әні емес пе?» деп бұрқан-тарқан болды. Сосын «Ахметтің ғана емес, Сәкеннің әндерін де әліге шейін халық әндері» деп жүрміз, әділдік қашан орнайды екен?» деп бір күрсініп алды да, өзі әндете жөнелді. Сағынышқа, мұңға толы ән екен. Ел-жұртынан алыс шалғайда жүрген кісінің шығарғаны байқалып тұр. «Бұл кімнің әні?» деп сұрап едім, «Сәкеннің Магаданда жүріп айтқан әні» демесі бар ма? Содан соң ол өзінің Сәкенмен Магаданда кездескенін әңгімелейді. «Біздің зонаға Сәкенді де алып келіпті» деген хабарды естісімен, онымен кездескенше асық болдық. Бір күні екі адам келді, бірінің Сәкен екенін жазбай таныдық. Қасындағысы тапалтақ келген кісі екен. «Мені Сәкен деп кеткен ғой, әйтпесе мен Сәкен емеспін, Сәдуақаспын ғой» деді Сәкен сөз арасында. Қасындағы кісіні жақтыра қоймайтыны байқалып тұрды, өйткені, оның аты-жөнін айтқан жоқ, тек қана «бұл – менің көлеңкем болады» деді де қойды. Шамасы, ізіне салып қойған біреу ме екен, кім білсін? Сәлден соң жаңағы мен айтқан өлеңді айтты, содан дереу жаттап алдық бәріміз. Қыстың күні еді, маңдайынан тері бұрқырап тұрғаны жадымда сақталып қалыпты. Кейін «Сәкен қашпақшы болған екен, атып тастапты» дегенді естідік. «Есіл азамат-ай» деп қайғырдық, қапа болдық, қайтейік. Тек енді

ақталғаннан кейін де Сәкеннің әндерін «халық әні» деп айтып жататынын естігенде шыдай алмай кетемін, айыпқа бұйырма» деп, Қожакең ашуының мәнін түсіндірген еді. Өттең, білместік кісіге не істетпейді, сол жерде отыра қалып Сәкеннің әлгі әнінің сөзін қағазға түсіріп алсамшы. Бергінде, яғни, 1985 жылы Алматы жағына құдалыққа барғанда дастархан басындағы әңгіме кезінде бір кісінің де «Сәкенді итжеккенде көрген едім» дегенін естігем. Бірақ, нақтылы шындығын біліп бола ма? Дегенмен, маған Сәкен өлімінде әлдебір құпия сыр жатқандай болады да тұрады. Қайсыбір жылы ішінде менің кластасым Аппаз Қаражігітов те бар, бір топ адам Магаданға барып та қайтқаны белгілі. Бірақ, бір барғанға бар құпияның кілті ашыла қояр ма екен? Меніңше, іздеу, іздестіру жалғасу керек.

– *Сіздердің оқушылық кезеңдеріңіз де нақ осы 37-38-жылдарға тура келеді екен. Мектепте Сәкен, Бейімбет, Ілиястарды оқытатын ба еді?*

– Қайдағы?.. Қайта біздерге олардың кітаптарын өртеткен болатын.

– *Қалайша, құдай-ау...*

– Ащы да болса өмірдің ақиқаты сондай. Алдымен кітаптарды сыртқа шығарып, бір жерге үйдік. Тасып жүріп байқап қалдық, аттарын естігенмен, өздерін қолымызға ұстап көрмеген кітаптар да бар екен ішінде. Атабақ Арыстанов дейтін кластасым екеуміз, екі кітапты ышқырымызға жасырып алып қалдық та, поселке маңындағы жартастардың арасына апарып тығып тастадық. Олар Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі» мен Сәбит Мұқановтың «Сұлушаш» деп аталатын кітаптары еді. Шыны керек, «Тар жолдан» гөрі бізге «Сұлушаш» қызықты көрінетін. Өйткені, кітап болып шыққан поэма екен. Махаббат, сүйіспеншілік туралы жазылған. Атабақ екеуміз күн сайын дерлік жасырынып барып, оқып жүрдік. Оқыған сайын оқығымыз келе беретін. «Мұндай кітапты неге өрте» деді екен?» деп бір-бірімізге сауал қойып, жауап таппайтынбыз.

Кейін білсек, Сәбең де сол тұста партия қатарынан шығарылып, қуғындауға түскен екен ғой.

– *Бұл кітаптар латын қарпімен басылған болса керек. Солай ма? Өйткені, кириллица кейін келді ғой. Латыннан кириллицаға көшкен кез есіңізде ме?*

– Әрине, біз сауатымызды латын қарпімен ашып, кейін орыс қарпін игеруге мәжбүр болған ұрпақтың өкіліміз. Тәшібай Әлмұханбетов дейтін мұғаліміз болатын. Бір күні класқа өте көңілсіз кірді. Үн-түнсіз біраз отырып қалды да, «ал, балалар бүгіннен бастап орыстың алфавитіне көшеміз» деді де, тақта алдына барып, 33 әріпті жазып шықты. «Енді осыны жаттап алыңдар» деді де, кластан шығып кетті. Үш-төрт күн солай жүрді. Қазір ойласам, жақтырмағаны екен ғой. Тегі, әліпбиді ауыстыруды орыс отаршылдығының бір белгісі ретінде қабылдаса керек. Былайғы көпшіліктің әрине, бұған мән бере қойғаны шамалы. Тәшекең әрі ақын, әрі жазушы кісі еді. Кейін соғысқа кетіп, содан оралмады. «Жезқазған» дейтін роман жазып жүрмін» деп отыратын сабақ арасында. Сол романын аяқтай алды ма, жоқ па? Бұл жағы беймәлім. Ол кісінің барлық құжаттары Сүтемген Бүкіровтің қолына берілгенін білемін. Бәлкім, соның ішінде қолжазбасы да бар болар?

– *Көп жасаған, көпті көрген кісі ретінде қалай ойлайсыз, адамды заман билей ме, әлде адам заманды билей ме? Мұны сұрап отырғаным, кейде өз қатесін айтпесе кінасын «заман солай болды немесе заман солай болғасын қайтейік» деген тәрізді сөздермен заманға аудара салу да әдетімізде жоқ емес. Осы қаншалықты дұрыс?*

– Заманның талабынан асып түсу оңай емес, бұған ілуде біреу ғана шыдас бере алса керек. Қазақтың «заманың түлкі болса, тазы боп шал» дейтін бір сөзі бар. Мұны кейде қулық, сұмдыққа қатысты түсіндіргісі келетіндер де бар, бірақ, мүлде олай емес қой. «Заманың ауыртпалық салса, соған шыдастық таныта біл» деген мағына жатыр бұл сөзде. «Айта алмағаныңды астарлап жеткіз, қалай болғанда да қасиетіңді

жоғалтпа» дейтін ақыл жатыр деп ойлаймын осы сөздің астарында. Соғыстан соң Алматыда училищеде оқып жүргенімде, кейін генерал болған досым Біләл Омаров екеуіміз оның нағашысы болып табылатын, сол тұста Алматы облысының бірінші хатшысы болып дүркіреп тұрған Жанғозин дейтін кісінің үйіне бардық. Үйде қонақтар бар екен. Әсіресе, ішіндегі аса денелі келген кісі назарымды бірден өзіне аударды. Өйткені, оның сөздері де әдеттегіден өзгешелеу көрінді маған. Ол «Мынау Мұхтардың кітабы тұнып тұрған өтірік, Құнекең кітаптағыдай адам болмаған» деп отырды. Әлімхан Ермеков айдаудан оралғанда Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан сәлем бере барғанда, Әлекең Мұхтардың берген сәлемін алмай «Әй, Мұхтар, сен кітабыңда Құнанбайды не істеп қойғансың? Құнанбай қажы сондай адам ба еді?» деп ренішін білдірген ғой. Сонда Мұхтар «Егер мен Құнанбайды солай жазбасам, Абай да шықпайтын еді» деп жауап қайтарса керек. Міне, осыдан сенің жаңағы сұрағыңның жауабын табуға болады. Егер Мұхтар жолын таппағанда Абайдың өзін сол заманда жарыққа шығару оңай болмас еді. Ал, шындық бәрібір түбі жеңіп шығады. Айталық, қазір кешегі кездері аттарын айтуға тиым салынған қаншама асылдарымыз ортамызға қайта оралды.

Ұлы Жеңістің 30 жылдығына Мәскеуге шақырылғандардың арасында өзіміз «Сапунгора» деп атап кеткен Құрманғалиев есімді ардагеріміз де болған еді. Оны «сапунгора» дейтініміз ол Кавказдағы «Сапун» дейтін тауды азат етуге қатысқан азамат болатын. Онымен бірге Мәскеуде бірге болған Жақсымбек Үншібаев марқұм «салтанатты жиынның үзілісіне шықсақ, «сапунгора» орыстың бір полковнигін «ей, ененді ұрайын, Москваны кім қорғады, а? Москваны кім қорғады, а? Соны неге айтпайсыңдар?» деп алқымнан алып жатыр екен, әзер дегенде қойдырдық» деген әңгіме айтып келген еді. Былай қарасаң, бұзықтық сияқты. Бірақ, ақиқаттың ашық айтылмағанына деген қыжылдың

сыртқа атой салуы емес пе бұл? Заман солай деп үндемей қойса да оған ешкім ештеңе демес еді. Бірақ, намысы шыдатпай тұр ғой.

– *Соғысқа бармай тұрып, шахтаға жұмысқа тұрғаныңызды білемін. Сол кездерден есте жатталып қалған қандай жағдайларды айрықша атап өтер едіңіз?*

– Соғыс басталғанда он бес жасар бала едім, бірақ, уақыт ерте есейтті. «Покро» шахтасына жұмысқа тұрдым, бастығымыз Әлібай Қуанышев дейтін кісі еді. Ол уақытта жұмыстың бәрі дерлік қолмен атқарылады. Соған қарамастан, жезқазғандық кеншілер КСРО Қорғаныс Комитетінің ауыспалы Қызыл Туын 18 рет жеңіп алды. Ақырында, бұл ту комбинатқа мәңгілік сақтауға қалдырылды. Комбинат басшылығы осы Туды тоқсандық көрсеткіш бойынша ең үздік шыққан шахтаға табыс ететін. «Покро» шахтасы өзім соғысқа кеткенше сол Туды екі мәрте иеленді. Әлекеннің тұсында ілулі тұратын, ұстап көргіміз келеді, бірақ, бастығымыз «ұстамандар, кірлетіп тастайсындар» деп жақындатпайтын. Бұл қызғаныш емес, Туға деген құрмет болатын.

Сол «Покрода» жүргенде соғысқа алындым, кейін де сонда оралдым. Социалистік жарысқа, үгіт-насихатқа ерекше мән берілетін. Жоспар бере алмағандарды есек мінгізіп мазақ етіп, ал, озып шыққандарды самолетпен көкке қарай ұшырып қоятын листоктар шығып тұрушы еді. Артта қалып қойсақ, қашан «есектен түскенше» асығатын едік. Бұл кісіні қорлау емес, есесіне намысын қайрау үшін жасалатын шаралар болатын, соған ықпал ететін амалдар еді. «Покроның» бағын жандырған Кәкімбек Салықов болды. Ол адамдармен жақсы тіл табыса білетін, соның арқасында еңбек өнімділігі де артты. Бұл енді соғыстан кейін.

Соғыс уақытында елде жүргенде майдандағы батырлық жасап жатқан жерлестердің ерліктеріне сүйсінетінбіз. «Қызыл кенші» газетіне бірде Әбсамат Тәжбеновтің бес-алты немісті әкеліп, тізерлетіп, отырғызып қойған суреті басылды.

Елдегілерге рух беру үшін жарияланғаны айтпаса да түсінікті. Шынында да, «біздің батыр жігітіміз» деп мақтан тұтып жүрдік. Сонда ұмытпасам, «Ә.Тәжбенев қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылды» деген сөздер жазулы тұратын. Бірақ, Әбекең кейін соғыстан аман-есен елге оралды ғой. Сөйтсек, бір ұрыста қатты жараланған оны өлдіге санаған екен. Меніңше, оның Батыр атағын ала алмай қалғандығына тірі қалғандығы «кесірін» тигізген сияқты. Шамасы, алдымен құжаттарын «посмертно» деп толтырып жіберіп, кейін оның тірі екендігі анықталғанда қайта құжат толтыру керек болған шығар? Әлде де болса, осының анығына жетуге ұмтылсақ, кештік етпес еді. Егер Батыр атағына ұсынылғанын айғақтайтын құжаттар табылса, Тәуелсіз еліміздің марапатына қайта ұсынуға неге болмасқа? Сол газетті жоғалтып алғаным өкінемін, бәлкім, мұрағатта бар болуы да мүмкін.

*– Кешегі күндері партияның солдатты болып жүрген шақтарда «Кеңес Одағы құлайды», «Еліміз Тәуелсіздік алады» деп ойладыңыздар ма?*

– Ешкім де бүкіл әлемді уысында ұстап тұрған Кеңес Одағының көз алдымызда аяғы аспаннан келіп, шаңырағы ортасына түсетінін білген жоқ. Әрине, «аға халықтың» артықшылықтар иеленіп жататынын көргенде, ішімізден әлдебір келіспеушіліктер болып тұратын. Бірақ, «Тәуелсіздікке ұмтылып едік, күресіп едік» деп айта алмаймын. Азаттықты аңсасақ та, тек қана армандаудан әріге бара алмадық. Шындығын айтқанымыз жөн, қазір асыра сөйлейтіндер де, сол кезеңде «батыр» болғандар да табылып жатыр-ақ қой. Ал, Тәуелсіздік таңы атқанда шын жүрегімізбен қуана білдік. Енді кейін қалған жиырма жылды ой сарасына салып көрсек, ұлтымыздың жоғалғаны табылып, жыртқығы бүтінделіп жатқанын көріп, көңіліміз өседі. Қазақтық қалпымызға оралып жатырмыз, бұдан артық не керек? Бірақ, бір сөз айтсақ та, бір іс жасасақ та жөнімен болғанын қалар едім. Әйтпесе, артық қыламыз деп жүріп, тыртық қылып алуымыз да мүмкін.

Мысалы, жақында теледидардағы бір хабарда «Жеті қазына» туралы айтып жатыр екен. Құлағымды түрсем, «жеті қазынаға» сұлу әйел, берен мылтық, жүйрік тазы, т.т. жататын көрінеді. Ал, біздің бала кезімізде аталарымыз «жеті қазынаға» баршаға ортақ нәрселерді ғана жатқызады» деп отыратын. Сонда бір ғана адамға тиесілі болатын сұлу әйелді, берен мылтықты қалайша жеті қазынаға жатқыза аламыз? Немесе, ататекті таратқанда «шөпшектен кейін немене» дейді. Бұл енді тіпті ақылға сыйымсыз ғой.

– *Енді осы келіспеушіліктеріңізді тарқата айтсаңыз?*

– Жеті қазынаға аталарымыз қол өнерін, білімді, наубайхананы, асхананы, дәріхананы, диірменді және сосын итті жатқызатын еді. «Ит» бұл тізімге неге кіреді?» деп сұрағанымызда ескілікті бір аңызды айтатын. Аңыз бойынша нан илеп жатқан анамыз баласы кәк етіп қойғанда оның құйрығын сүрте салып, қолын жумай нан илеуді жалғастыра берген көрінеді. Бұған ашуланған Аллатағала жер бетіндегі бидай атаулыны құртуға әмір берсе керек. Сонда ит Аллатағалаға «Егер олар жейтін нанынан айрылса бәрі аштан қырылып қалады, сосын мен де аштан өлемін ғой. Мен тіпті адамдардың нәжісін жеп-ақ күн көруге пейілмін, тек оларды нанынан айыра көрмеңіз» деп жалбарынған дейді. Аңыз түбі – ақиқат секілді, өйткені, ит адамның нәжісін жейді ғой. Қазақтың «боқ жемесе иттің басы ауырады» дейтіні де сондықтан.

Сол сияқты, ататекті таратқанда да айтарымызды абайлап, ақылға салып айтқанымыз жөн. Жеті ата дегеніміз – әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, жекжат, жұрағат. Сегізінші буынды ғана немене атасақ орынды. Оның қандай туыстығы барын анықтау мүмкін бола қоймайды. Сондықтан, жеті атаның сыртында қалғандықтан, «немене» аталады.

– *Қазақтың Тәуелсіздігін Елбасымыздың есімімен байланыстыра айтамыз. Биыл халқымыз алғаш рет Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнін*

*мереке ретінде атап өтуге әзірленуде. Сіз Елбасының қолын алып, ауызба-ауыз сөйлесу бақытына бөленген жандардың бірісіз...*

– Нұрсұлтан Назарбаев табиғатынан ерекше жаратылған тұлға екендігі талассыз. Тәуелсіздік алған тұстағы қиыншылықтан халықты алып шықты емес пе? Жан-жағымызда етек-жеңін әліге шейін жинай алмай жатқан жұрт та баршылық. Бір үйдің өзіне иелік ету оңай емес. Мен Нұрекеңнің ел үшін сіңірген еңбегін тарих әділ бағалайды деп ойлаймын.

Сәтбаевқа келген кезінде екі рет кездесіп, аз-кем тілдесудің сәті түсті. Кісіні өзіне тартып тұрады екен, ашық, емін-еркін. Қателіктері де болуы мүмкін, қателеспейтін пенде болмайды. Бірақ, елімізді әлемге танытып, Тәуелсіздігімізді баянды ету жолында жасап келе жатқан орасан зор еңбегін ешкім де ешқашанда жоққа шығара алмасы хақ.

*– Сіз көптеген жылдардан бері қалалық ардагерлер ұйымына басшылық жасап келесіз. Қарт майдангерді, еңбек ардагерін не толғандырып, не ойландырып жүргенін де білгіміз келеді.*

– Келер жылы кеңеске төрағалыққа келгеніме 15 жыл толады екен. «Покрода» жүрген кезімде маған партия ұйымының хатшысы Грехов деген кісі бірде, «демалыс күндері базарға барып, сол маңдағы мүгедек жандармен сөйлесіп, кімнің қайда тұратынын біл, жұмыс істей ме, жоқ па, сонысын да анықта» деген партиялық тапсырма жүктеді. Сол кезде көптеген соғыс мүгедектері анықталып, оларға кейін шахтадан азды-көпті, бірақ, тұрақты түрде қамқорлық жасалып тұрған еді. Менің соғыс және еңбек ардагерлерімен байланысым сол жылдардан-ақ басталды десе болғандай.

Кеңес заманында соғыс ардагерлеріне жақсы қарады. Қазірде де жалпы көзқарас дұрыс, дегенмен... Кеңестің атауынан «соғыс және еңбек ардагерлері» деген сөздер алынып тасталып, тек қана «ардагерлер ұйымы» деп аталатын

болдық. Мен осыған қарсы болдым. Саны селдіреп қалған соғыс ардагерлерінің көңілдеріне қарау керек еді. Қазір тоқсанға тақаған мен де ардагермін, қырықтан енді асқан менің баламмен жастылар да – ардагер. Түсінбеймін осыны. Кеңесті қоғамдық бірлестік ретінде тіркеп тастады да, тікелей қаржыландыру тоқтады. Ардагерлердің туған күндеріне сыйсияпат жасамақ түгілі, олар өмірден өткенде көңіл айту бергеніміз болмаса, газеттерге дұрыстап қазанама да бере алмаймыз. Бұрындары кез-келген дүкенге, банкке, т.т.с.с. халыққа қызмет көрсету орындарына бара қалсаңыз «Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне кезектен тыс қызмет көрсетіледі» дейтін жазу ілулі тұратын, қазір мұндайды ілуде бір көресің. Өкінішті-ақ, әрине. Осы жағы қынжылтады. Ал, жекелеген азаматтардың өзімізге деген құрметін сезінгенде көңіліміз өсіп, марқайып-ақ қаламыз. Қанат Сұлтанұлы Балмағамбетов Сәтбаев қаласында әкім болып тұрған кезінде 6 бірдей ардагеріміздің пәтер мәселесін бір жылда шешіп беріп еді. Қалай ұмытарсың соны?! Қалалық аурухананың бас дәрігері Жомарт Аханов деген баламыз соғыс ардагерлеріне барлық жағдайлары жасалған арнайы екі адамдық палата ашып қойған. Мұндай палата облыс көлемінде тек біздің қалада ғана бар. Риза болмағанда қайтесің?! Осындай оң қабақ танытып жататын іні-қарындастарым, балаларым жетерлік.

Баяғыда бір бабамыз «Тоқсан көрем деген жасым ба еді, атала ішем деген асым ба еді?» деп өкінген екен. Құдайға шүкір, тоқсанның тұсына еш өкінішсіз жетіп қалдық. Қызыл жалаулы заманды бастан өткерсек те, өткенімізге өкпеміз жоқ. Көк Байрағы желбіреген еліміздің ертеңіне мол үмітпен қараймыз. Ия, қарағым, осылайша, бақытты қарттықты бастан кешіп жатырмыз.

*– Құдай көрсетер қызығын көпсінбесін, аға!*

*«Мысты өңір», 2012 жыл*



**V-бөлім**  
*Суреттер*  
*сөйлейді*



*Екінші қатарда сол жақтан төртінші –  
Шермұхамбет Байбосынұлы*



*«Жауынгермін, елін жаудан  
қорғаған!» (оң жақта)*



*Соғыстан соң. Алматы.  
Әскери госпитальда*



*«Офицер боламын» деп  
жүрген күндер (сол жақта)*



*«Бейбіт өмір. Әскери киім шешіле қоймаған кез»*



*Өрбайдың Баймағамбетімен (оң жақта) бірге*



*Шаттығы мол «шағын мемлекет»*



*Кеніі болды «Покрода»*



*Ш.Байбосынұлы көптеген жылдар Жезқазған тау-кен комбинатының кадр бөлімінде абыройлы еңбек етті*



*«Даңқ» орденінің толық иегері Жақсымбек Үншібаев (оң жақта)  
жақсы сыйласқан дос еді*



*1998 жыл. Сәтбаев қалалық Ардагерлер Кеңесінің төрағасы  
болып сайланған сәт*



*Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен кездесу*



*Ардагерлер (солдан оңға қарай:) Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, кеніші Трофим Андреевич Соколов, Сәтбаев қалалық ардагерлер Кеңесінің төрағасы Шермұхамбет Байбосынұлы, Қарағанды облыстық ардагерлер Кеңесінің төрағасы Жұман Мұстафин, Жезқазған қалалық ардагерлер Кеңесінің төрағасы Мырқы Ақпанбетов, майдангер, абыз ақсақал Қалкен Мәкенбаев. 2009 жыл.*



*Қара ормандай ардагерлер қайда бүгін?!*



*Кеңес Одагының екі дүркін Батыры, аңызға айналған ұшқыш  
Талгат Бигелдиновпен жүздесудің сәті түсті*



*Социалистік Еңбек Ері Федор Лукинскиймен бірге*



*Екінші қатарда солдан үшіншіден бастап Нұртілеу Жүнісұлы, Сатыбалды Ескенұлы, Сандыбай Битанұлы – Шер-Ағаның отбасылық достары болды. Достар отбастарымен бас қосқанда*



*2017 жылғы 31 мамыр. Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарына дұға бағыштау*



*Жезқазған тарихи-археологиялық мұражайында*



*Мәскеуде. 2015 жыл.*

*Сәтбаев қаласының әкімі  
Қанат Сұлтанұлы  
Балмағамбетовтің Шер-Ағаға  
құрметі шексіз болатын*



*Сәтбаев қаласының әкімі Әнуар Омар Шер-Ағаға Елбасы Нұрсұлтан  
Назарбаевтың Құттықтау хатын табыстап тұр. 2015 жыл.*



*Әңгімесі қандай әсерлі еді!*



*Әзілі қандай әдемі  
еді!*



*Қалалық жиында*



*Сәтбаев қалалық Отбасылық Дәрігерлер Қауымдастығының төрағасы Мағзұм Қожахметов пен қалалық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бастығы Талига Қапарова Шер-Ағаға бірі – інісіндей, бірі – қарындасындай болып кетті*



*«Адам ұрпағымен мың жасайды»*



*Соңғы сәттерден*



*Жеңімпаздар рухына – Мәңгілік тағзым!  
9 мамыр, 2018 жыл.*



*Бейнесі қалды мәңгілік!*

## МАЗМҰНЫ

### I-БӨЛІМ.

<b>КӨЗБЕН КӨРГЕН, КӨҢЛГЕ ТҮЙГЕН</b> .....	3
Атамекен. Атажұрт .....	5
Ширығу. Шыңдалу .....	13
Тылдағы тылсым .....	21
Оттың ортасында .....	25
Треблинка тамұғы .....	29
Бандераның басбұзарлары .....	35
Ортаға оралу .....	39
Басқолбасшының бағасы .....	45
Елімнің Елбасы .....	49
Марқасқаларым менің .....	53
Заңғар замандастар .....	69
Иман иірімдері .....	77
Соңғы сөз .....	83

### II-БӨЛІМ.

<b>АБЫЗ АҚСАҚАЛ, АРДАҚТЫ АРДАГЕР</b> .....	87
Мұхамбет КӨПЕЕВ.	
Әркімнің өз Шер-Ағасы бар! .....	89
Оралды ТӨРЕҒОЖИН.	
Соңғы сәтке шейін саптан табылды .....	93
Тоғай ДАУЫЛБАЕВ.	
Ізімнен ерген інім еді .....	99
Асқар ҰДЫРЫСОВ.	
Парасат иесі .....	103
Тоңболат МҰХАНҰЛЫ.	
Данагөйім .....	105
Мәди ӘЛЖАППАРОВ.	
Шежіре .....	107

Абдолла ДАСТАНОВ.	
Абыз еді.....	109
Еркебұлан ЕРЛАНҰЛЫ.	
Атамның арқасында.....	113

### **III-БӨЛІМ.**

<b>АҚЫНДАРДЫҢ АРНАУЫ</b> .....	115
Мұса ПЛЕУОВ.	
Жүрегінің жарқыратқан жылуын .....	117
Мұхитден УАТАЕВ.	
Қаламыздың бәйтерегі .....	118
Сақыпжамал ИСАБЕКОВА.	
Ерлігі тарих – тағлым болған дастан .....	120

### **IV-БӨЛІМ.**

<b>СЫР – СҰХБАТ</b> .....	123
Абдолла ДАСТАНОВ.	
«Өткенге өкпе жоқ, келешектен үміт көп» .....	125

### **V-БӨЛІМ.**

<b>СУРЕТТЕР СӨЙЛЕЙДІ</b> .....	139
--------------------------------	-----

**Шермұхамбет БАЙБОСЫНҰЛЫ**

**ҒҰМЫР  
ҒИБРАТТАРЫ**

**Редактор:** Абдолла ДАСТАНОВ  
**Көркемдеуші редактор:** Күнімай САПИЯНОВА  
**Корректор:** Бауыржан АБДОЛЛАҰЛЫ

Басуға 02.07.2021ж. қол қойылды.  
Пішімі 1/16. Офсеттік қағаз. Әріп түрі Times New Roman.  
Шартты баспа табағы 10. Көлемі 160 бет.  
Тапсырыс № 5148. Таралымы 65 дана.

«Полиграфия АСАР» ЖК «Битанова С.Д.»  
Жезқазған қаласы, Алашахан даңғылы 16 үйде орналасқан  
баспаханада басылды.